



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі



Қазақстан

Мемлекеттік шығындарды және қаржы есептілігін (МШҚЕ) бағалау 2018

Желтоқсан 2018



	Schweizerische Eidgenossenschaft	Federal Department of Economic Affairs FDEA
	Confédération suisse	State Secretariat for Economic Affairs SECO
	Confederazione Svizzera	
	Confederaziun svizra	
	Swiss Confederation	

Жобаны орындаған AECOM
International Development Europe SL

Осы еңбек AECOM International Development компаниясының, Қазақстан Үкіметінің атынан Қазақстандағы Европалық Одақ және Дүниежүзілік Банк делегациясы тартқан кеңесшілердің өнімі болып табылады. Осы есептемеде жасалған тұжырымдамалар, түсініктемелер және қорытындылар міндетті түрде Европалық Одақтың немесе Дүниежүзілік Банк және сәйкесінше олар өкілдік ететін атқарушы директорлар немесе үкіметтердің көзқарастарын білдірмейді.

Европалық Одақ және Дүниежүзілік Банк осы есептемеге енгізілген деректердің нақты екендігіне кепілдік бермейді.

ҚАЗАҚСТАН

МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП (МШҚЕ/РЕФА)

2016 жылғы РЕФА әдіснамасына негізделген

№2018/395019/1 жоба

7 желтоқсан 2018



Қазақстанның МШҚЕ бағалау

Қазақстанға арналған МШҚЕ бағалау әдіснамасына сәйкес жүргізілген
мемлекеттік қаржыны басқаруды бағалау

МШҚЕ хатшылығы осы есептің МШҚЕ сапасының кепілдігі бойынша талаптарға сәйкес келетіндігін және осыған орай «**МШҚЕ ҚАДАҒАЛАУЫНАН**» өткендігі туралы қорытынды тапсырылғандығын растайды.

PEFA/МШҚЕ Хатшылығы
13 қараша 2018 ж.

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛЫМДАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР	vii
АЛҒЫС БІЛДІРУ	Ошибка! Закладка не определена.
ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ	Ошибка! Закладка не определена.
1 КІРІСПЕ	Ошибка! Закладка не определена.
1.1 НЕГІЗДЕМЕСІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ	Ошибка! Закладка не определена.
1.2 БАҒАЛАУ ҮРДІСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ САПАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	Ошибка! Закладка не определена.
1.3 БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАСЫ	Ошибка! Закладка не определена.
2 ЕЛ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ АҚПАРАТ	Ошибка! Закладка не определена.
2.1 ЕЛДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ	Ошибка! Закладка не определена.
2.2 2015-17 ЖЫЛДАРДЫҢ САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ БЕТАЛЫСТАРЫ	Ошибка! Закладка не определена.
2.3 МҚБ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ	Ошибка! Закладка не определена.
2.4 МҚБ САЛАСЫНА ТАРТЫЛҒАН ҰЙЫМДАР	Ошибка! Закладка не определена.
2.5 МҚБ ӨЗГЕ ӨЗЕКТІ САЛАЛАРЫ: АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС	Ошибка! Закладка не определена.
3 МҚБ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ	Ошибка! Закладка не определена.
I ТАРАУ: БЮДЖЕТТІҢ ҮЙЛЕСТІРІЛІМІ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-1: ШЫҒЫНДАРДЫҢ БІРІКТИРІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕР КӨЛЕМІ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-2 НАҚТЫ ШЫҒЫНДАР КӨЛЕМІ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-3: КІРІС КӨЛЕМІ	Ошибка! Закладка не определена.
II ТАРАУ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-4: БЮДЖЕТТІҢ ЖІКТЕЛУІ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-5 БЮДЖЕТ ҚҰЖАТТАМАСЫ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-6 БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТ ЕСЕПТЕРІНЕН ТЫС ОРТАЛЫҚ ҮКІМЕТ ЖҰМЫСТАРЫ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-7 ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРҒА АУДАРЫМДАР	Ошибка! Закладка не определена.
PI-8 ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-9 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ ҚОҒАМҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ	Ошибка! Закладка не определена.
III ТАРАУ: АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БАСҚАРУ	Ошибка! Закладка не определена.
PI-10 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДІГІ ЖӨНІДЕ ЕСЕПТІЛІК	Ошибка! Закладка не определена.
PI-11 МЕМЛЕКЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУ	Ошибка! Закладка не определена.

- PI-12 МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-13 ҚАРЫЗДАРДЫ БАСҚАРУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- IV ТАРАУ: САЯСАТҚА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАРАЖАТ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-14 МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРАЖАТ БОЛЖАМЫ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-15 ҚАРАЖАТ СТРАТЕГИЯСЫ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-16 ШЫҒЫНДАР БЮДЖЕТІНДЕГІ ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЛЕШЕК **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-17: БЮДЖЕТ ӘЗІРЛЕУ ҮРДІСТЕРІ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-18: БЮДЖЕТТІ ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕТТЕУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- V ТАРАУ: БЮДЖЕТ ОРЫНДАУДАҒЫ БОЛЖАМДЫЛЫҚ ПЕН БАҚЫЛАУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-20 КІРІС ЕСЕПТІЛІГІ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-21: ЖЫЛДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУДІҢ БОЛЖАМДЫҒЫ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-22 БЮДЖЕТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ БЕРЕШЕГІ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-23 ЖАЛАҚЫНЫ БАҚЫЛАУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-24 МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАЛУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-25 ЖАЛАҚЫДАН ТЫС ШЫҒЫНДАРҒА ІШКІ БАҚЫЛАУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-26 ІШКІ АУДИТ **Ошибка! Закладка не определена.**
- VI ТАРАУ: ЕСЕП ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-27 ҚАРЖЫ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ТОЛЫҚТЫЛЫҒЫ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-28 ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТ ЕСЕПТЕРІ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-29 ЖЫЛ САЙЫН БЕРІЛЕТІН ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕРІ.. **Ошибка! Закладка не определена.**
- VII ТАРАУ: СЫРТҚЫ ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-30 СЫРТҚЫ АУДИТ **Ошибка! Закладка не определена.**
- PI-31 АУДИТТІК ЕСЕПТЕРДІ ЗАҢНАМАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ **Ошибка! Закладка не определена.**
- 4 МҚБ ЖҮЙЕЛЕРІН ТАЛДАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫОшибка! Закладка не определена.**
- 4.1 МҚБ ОРЫНДАЛУЫН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- 4.2 ІШКІ ҚАДАҒАЛАУ ДҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ..... **Ошибка! Закладка не определена.**

- 4.3 МҚБ КҮШТІ ЖАҚТАРЫ МЕН ОСАЛ ЖЕРЛЕРІ.. **Ошибка! Закладка не определена.**
- 4.4 2009 ЖЫЛДАН БАСТАП ОРЫНДАЛЫМ ӨЗГЕРІСТЕРІ**Ошибка! Закладка не определена.**
- 5 МҚБ ҮКІМЕТТІК РЕФОРМАЛАР ҮРДІСІ** Ошибка! Закладка не определена.
- 5.1 МҚБ РЕФОРМАЛАРЫНЫҢ ТӘСІЛДЕР **Ошибка! Закладка не определена.**
- 5.2 ЖАҚЫНДА БОЛҒАН ЖӘНЕ АҒЫНДАҒЫ РЕФОРМА ӘРЕКЕТТЕРІ
Ошибка! Закладка не определена.
- 5.3 INSTITUTIONAL CONSIDERATIONS **Ошибка! Закладка не определена.**
- ҚОСЫМШАЛАР** Ошибка! Закладка не определена.
- 1.А ҚОСЫМША – ОРЫНДАЛУ ИНДИКАТОРЛАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
Ошибка! Закладка не определена.
- 1.В ҚОСЫМША - 2009 ЖЫЛДАН БЕРГІ ОРЫНДАЛЫМ ӨЗГЕРІСТЕРІ (2005 ЖЫЛҒЫ сыншарттарға негізделген) **Ошибка! Закладка не определена.**
- 2 ҚОСЫМША – ІШКІ ҚАДАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ БАҚЫЛАУДЫҢ БІРІКТІРІЛГЕН НӘТИЖЕСІ **Ошибка! Закладка не определена.**
- 3А ҚОСЫМША – ҰСЫНЫЛҒАН ТАЛДАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.. **Ошибка! Закладка не определена.**
- 3В ҚОСЫМША – КЕЗДЕСКЕН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ **Ошибка! Закладка не определена.**
- 3С ҚОСЫМША- АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- 3D ҚОСЫМША- ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- 3Е ҚОСЫМША – ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**Ошибка! Закладка не определена.**
- 4 ҚОСЫМША – ШЫҒЫНДАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛДАУЛАРЫ**Ошибка! Закладка не определена.**
- 5 ҚОСЫМША- ШЫҒЫНДАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУЛАРЫ.....**Ошибка! Закладка не определена.**
- 6 ҚОСЫМША – КІРІС ТАЛДАУЛАРЫ **Ошибка! Закладка не определена.**

КЕСТЕЛЕР

- А кестесі Өнімділік индикаторлары мен өлшем көрсеткіштерінің қорытындысы **Ошибка! Закладка не определена.**
- В кестесі 2014-18 жж іріктеліп алынған экономикалық көрсеткіштер **Ошибка! Закладка не определена.**
- С кестесі Біріктірілген фискалды деректер –2014-18жж ҚРҰҚ қосқандағы мемлекеттік бюджет (ЖІӨ пайызы) **Ошибка! Закладка не определена.**
- Д кестесі 2014-17 жж экономикалық жіктелуге сәйкес мемлекеттік бюджеттің шығыны (ЖІӨ пайызы)..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- Е кестесі 2014-17 жж мемлекеттік бюджет шығынын функционалды үйлестіру (ЖІӨ пайызы)..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- Ғ кестесі Шығындар қосындысына арналған бюджеттің орындалу деңгейі (млрд. теңге)..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- Г кестесі Анықталмаған шығындарды қаражаттандыруды қолдану (млн. теңге) **Ошибка! Закладка не определена.**
- Н кестесі Нәтижелер кестесі..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- І кестесі 2018 жылғы бюджеттік құжаттамадағы ақпараттар **Ошибка! Закладка не определена.**
- Ј кестесі Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың кірістері мен шығындары (2017) **Ошибка! Закладка не определена.**
- К кестесі 2015-17 жж ЖАО –ға жоспарланған және нақты аударылған қаражаттар (млрд теңге)..... **Ошибка! Закладка не определена.**
- Л кестесі Қоғамға қолжетімді бюджет туралы ақпарат **Ошибка! Закладка не определена.**
- М кестесі 2016, 2017 және 2018 жж бюджет жобаларында көрсетілген 2018 жылғы шығындар **Ошибка! Закладка не определена.**
- Н кестесі Салық берешектерін жинау **Ошибка! Закладка не определена.**
- О кестесі Жыл аяғындағы төленбеген және төлеу мерзімі өтіп кеткен шығындар **Ошибка! Закладка не определена.**
- Р кестесі 2017 жылғы сатып алу тәсілдері **Ошибка! Закладка не определена.**
- Q кестесі Қоғамға жарияланған Орталық үкімет органдарының сатып алулары **Ошибка! Закладка не определена.**
- В кестесі 2017 жылғы сатып алулар бойынша наразылық нәтижелері **Ошибка! Закладка не определена.**

ВАЛЮТА БІРЛІКТЕРІ және БАЛАМА ВАЛЮТАЛАР
1 АҚШ доллары (USD) = 331 Қазақстан теңге (KZT) (мамыр 2018)
Фискалды жыл = Бір күнтізбелік жыл

ҚЫСҚАРТЫЛЫМДАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР

ЕК	Есеп комитеті
ІМАК	Ішкі мемлекеттік аудит комитеті
БҰҰ МБОФЖ	БҰҰ Мемлекеттік басқару органдарының функцияларын жіктеу
ҚР МҚІ СЖҚІА	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Президент қарамағындағы)
ЕО	Еуропа Одағы
ӘӘДБ	Әлеуметтік – экономикалық даму болжамы
МҚС	(МҚС) Мемлекеттік қаржы статистикасы
ҚРҰ	Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚЕХС	Қаржы есептілігінің халықаралық стандарттары
ҚБАЖ	Қазынаның біріктірілген ақпараттық жүйесі
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ЖҚБОХҰ	Жоғары қаржы бақылау органдарының халықаралық ұйымы
МСХС	Мемлекет саласындағы халықаралық стандарттар
ҚТ	Қазақстан теңгесі (Ұлттық валюта)
МДА	Министрліктер, департаменттер және агенттіктер
ҰЭМ	Ұлтты экономика министрлігі
ҚМ	Қаржы министрлігі
ӘМ	Әділет министрлігі
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
ҚРҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
МШҚЕ	Мемлекеттік шығындар және қаржылық есептілік
МҚБ	Мемлекеттік қаржыны басқару
ӨК	Өнімділік көрсеткіштері
МЖС	Мемлекеттік-жеке серіктестік
РБ	Республикалық бюджет
РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ЖСОН	Жауапкершілік пен сенімділік ортасын нығайту
ЖҚО	Жоғары қаржы органдары
ЖАО	Жергілікті артқарушы орган
ММЖК	Мемлекетті мүлік және жекешелендіру комитеті
МК	Мемлекеттік кәсіпорын
МКК	Мемлекеттік кіріс комитеті
ӘМСҚ	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры
МӘСҚ	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры
БҚШ	Бірыңғай қазынашылық шоты
ДБ	Дүниежүзілік банк

АЛҒЫС БІЛДІРУ

Осы есеп Дүниежүзілік Банк басқаратын Есептілік және фидуциарлы ортаны нығайту жөніндегі Сенімгерлік қор (SAFE) шеңберінде Қазақстанға тартылған Еуропалық Одақ делегациясының кеңесшілерімен AECOM International Development компаниясы арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі үшін дайындалды. SAFE – бұл Дүниежүзілік банк арқылы басқарылатын және Еуропа және Орта Азия аймағындағы мемлекеттік қаржыны басқару әрекеттерін жетілдіру мақсатында Швейцарияның экономикалық мәселелер жөніндегі мемлекеттік хатшылығы (SECO) және Еуропалық комиссия арқылы құрылған Сенімгерлік қорының бағдарламасы болып табылады. Дүниежүзілік банкі бағалау үрдісі барысында жалпы жетекшілікпен және сапамен қамтамасыз етті, сондай-ақ әкімшілік қолдау көрсетті.

Осы есептің авторлары Джон Уиггинс, Дэвид Биггс және Медер Темирбеков болып табылады. Гүлнара Дусупова ЕО делегациясы тарапынан келіп түскен тапсырмаларды басқарды. Дүниежүзілік банк командасын Мозес Уасике, Алма Нуршаикова, Гарик Сергеев, Алия Ким, Арман Ватян, Ахмед Мерзук, Нурбек Курманалиев, Шынар Закир и Гульмира Акшатырова құрады. Джон Отъен Огалло, Йоханнес Стенбек Мадсен и Хоули Тиана Рейм есепке қатысты пікірлерімен бөлісті. Арманай Бектурова и Азиза Акимова Қаржы министрлігі тарапының жұмыстарын үйлестірді.

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

1. Халық саны шамамен 18 миллион адамды құрайтын Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін алғаннан бері өте зор әлеуметтік және экономикалық үдеріс жасады. Мұнай және газ, сондай-ақ өзге минералды қорлардың дамуы жетекші рөл атқарған 2014 жылға дейінгі кезеңде жылдық даму деңгейі 6,6 пайыздық көрсеткішпен экономикасы өсті. 2014 жылға дейінгі кезеңде халықтың жан басына шаққандағы табысы АҚШ долларымен он есе өсті, ал кедейшілік деңгейі халықтың 4 пайызына дейін қысқарған. Елдің жаңа бас қаласы – Астана – миллионнан астам тұрғын санымен елдің тақ ортасына салынды. Президент 2050 жыл дегенде Қазақстан әлемнің дамыған 50 елінің қатарына қосылу керек деген мақсатты алға қойды. Осы мақсатта мұнайгаз және таукен салаларымен қатар өзге салалардың дамуына қажет ішкі инвестициялардың өсуіне әрекеттесетін тұрақты экономикалық оратын қамтамасыз етуге бағытталған айтарлықтай шаралар жүргізілуде. Дегенмен ЖІӨ-нің кем дегенде 20 пайызын және экспорттық түсімнің шамамен 60 пайызын құрайтын көмірсутек саласы ел экономикасының басым бөлігін алады. Әлемдегі мұнай бағасының құбылмалдығы сөзсіз мемлекеттік кірісті болжауды айтарлықтай күрделі етіп зор әсерін тигізуде. Бұрынғысынша ауыл шаруашылығымен халықтың 20 пайызы айналысады, алайда бұл ЖІӨ-нің тек 5 пайызын ғана құрайды.

2. 2014 жылға дейін орын алған мұнай бағасының өсуі кезінде Қазақстанда Республиканың Ұлттық (ҚРҰҚ) қорына салынған, сонымен қатар шетелдік активтерге айтарлықтай деңгейде инвестицияланған елеулі қаражат жасалған. Осының арқасында 2008 жылғы дүниежүзілік қаржы дағдарысының және 2014 жылғы мұнай бағасының күрт төмендеуі салдарына қарсы тұру мақсатында мемлекеттік шығындарды ұлғайтуға арналған қорлар қолжетімді болды. Алайда АҚШ долларына шаққандағы бағамы шамамен 150 теңге деңгейінде сақталып тұрған ел валютасы (теңге-KZT) мұнай өндірісі саласындағы құлдыраудан туындаған капиталдың елден шығып кетуін тоқтату мақсатында еркін құбылуға жіберілуі керек болды; ал 2016 жылдан бері бұл көрсеткіш бір АҚШ долларына қатынасы 330 теңге шамасында тұрақталды, ал оның құнсыздануынан туындаған инфляция қазіргі кезде шамамен 6 пайызға дейін қысқарған. 2015-2017 жылдар арасында Үкімет ҚР ҰҚ-нда жинақталған ресурстарды жартылай қолдану арқылы тұрғын үй және инфрақұрылымға қосымша инвестиция салу және екінші реттік банк жүйелеріне рекапитализация жүргізу арқылы елеулі көмек көрсетті. Ағындағы орта мерзімді бюджеттік жоспарлар болашақ мұнай бағасына қатысты мұқият болжамдарға негізделген: егер мұнай бағасы қазіргі (2018 маусым) деңгейінде қалса, қолданыстағы жоспарларға сәйкес 2021 жылдан бастап Ұлттық қордан алынатын кепілді трансферттің жылдық бекітілген мөлшері жылына 2 триллион теңгемен шектелген жағдайда бұл қосымша бюджет артықшылығының жинақталуына алып келуге тиісті.

3. Осы бағалау 2018 жылдың наурыз айында басталған. Әдіснамаға сәйкес МҚБ деректерінің үшжылдық мерзім, оның ішінде 2017 жылы соңғы қорытындылаушы қаржы жылы болып табылатын кезеңдік статистика бойынша орындаушылық деңгейі есептеліп шығарылатын жағдайда, бағаланушы кезең 2015-2017 жылдарды қамтиды. Әкімшілік рәсімдер мен қолданыстағы тәжірибе 2018 жылдың екінші тоқсанында әрекет етуші рәсімдер мен тәжіриелерге негізделіп бағаланылады. Аталмыш бағалау шығындардың 40 пайызы қамтылатын жергілікті атқарушы органдар және МШҚЕ сыншарттарына сәйкес талап етілетін дәрежеде ғана қарастырылатын мемлекеттік корпорацияларды қамти отырып, Үкіметтің Республикалық бюджетіне (РБ) негізделген. Бағалау жұмыстары, соңғы жылдары

орын алып жатқан жылдам өзгерісті және құбылмалы экономикалық жағдайларды ескере отырып, Үкімет алдына қойылған дамудың өршіл мақсаттарының ізіне түсе мемлекеттік қызметтерді жоспарлаудың үзіліссіз үрдісіне өз үлесін қосады, сонымен бірге Дүниежүзілік Банктің (ДБ) 2017 жылғы «Мемлекеттік қаржыға шолу» есебіне толықтыру болады деп күтілуде. Бағалауды сонымен қатар МШҚЕ бағалауы алдында ғана бастамашылық етілген ЭЫДҰ – ның «ҚР бюджет жүйесіне шолу» бағалау еңбегімен қатар қарастыру қажет болып табылады.

4. МШҚЕ бағалауы экономикалық тұрғыдан күрделі кезеңде үкіметтің қаржы саласына қолдау көрсете алатындығын, сонымен бірге салық жүйесі, қаржылық бақылау, төлемдер және есептілік жүйелердің барлығы тиімді жұмыс істеп жатқандығын көрсетеді. Инвестициялық жоспарлау орталықтандырылған пәрменді басқарылым астында әрекет етеді, бұған 2000 жылдан бастап қол жеткізілген қалалар мен инфрақұрылымдардың дамуы кепіл болады. Алайда, ДБ шолуы көрсеткендей ЖІӨ-дегі мемлекеттік шығындардың үлесі, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы қызметтерді жетілдіруге үлкен мүмкіндіктер қалдыра отырып, ЭЫДҰ орташа көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен болып табылады. Ресурстарды стратегиялық тұрғыдан артығырақ үйлестіруге үлесін қоса отырып, стратегиялық жоспарлау кез-келген деңгейдегі үкіметтік органдарда сәтті жүргізілді, демек алға қойылған міндеттері мен жұмыс нәтижелері толығырақ түсіндірілу арқылы саяси құралдар және стратегиялық мақсаттар арасындағы байланысты көрсетуде терең айқындылық қажет. Орта мерзімді бюджеттік бағдарламалар тек алдағы үш жылды қамтиды, ал аталмыш шектен әрі қарай үкіметтің активтері мен міндеттемелерін ескере отырып бюджет тұрақтылығын қандай жолмен сақтау ерек екендігі көрсетілген бағыттамалар жоқ.

5. Президент бастапқы шаралар ретінде белгілеген мемлекеттік қызметтердің барлық түрін жүзеге асыру барысында ақпараттық технологияларды қолдануды күшейту үшін Қазақстан көп күшін жұмсауда. Сонымен бірге ел мемлекеттік және корпоративтік салаларда жоғарғы қаржы есептілігіне қол жеткізуге тырысады. Экономикалық даму мемлекеттік мұнайгаз кәсіпорындарының қызметтеріне негізделгендіктен экономикалық белсенділіктің ауқымды үлесі мемлекеттік қызметтің, атап айтқанда, бірақ тек қана олармен шектелмей, үш мемлекеттік холдинг жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Өнеркәсіптік экспансияны қаржыландыруды және тұрғын үймен қамтуды саласында үкімет атынан қолдау көрсетуде айрықша маңызды рөл атқарушы «Бәйтерек» Холдингісі болып табылады, оның қаржы қызметі толыққағды дерлік республикалық бюджеттен тыс жүзеге асырылады. Корпоративтік құрылымдарды пайдалану әдетте өзге құзырлыда тікелей министрлер немесе мемлекеттік мекемелер арқылы жүргізілетін немесе толығымен жекеменшік салаға тапсырылатын мемлекеттік қызметтің көптеген салаларында кеңейтілген. Осы Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (РМК) бұқаралық есептілігі жеке компаниялардың үкіметтің ғаламтор парақшасында берген есептері шеңберінен шықпайды.

6. Үкімет шараларының ашықтығын қамтамасыз етудің өзге шектеулері де бар. Парламентке тапсырылатын бюджеттік ұсыныстары бар құжаттамалардың басым бөлігі кең бұқараға қолжетімді емес, тек бюджетті жүзеге асырудың сыртқы аудиті туралы қысқаша есеп ғана жарияланады. Белгілі бір мемлекеттік сатып алулар туралы ақпарат беріледі, алайда онда сатып алулар жөнінде жалпы сипаттамасының біріктірілген түсінігі болмайды. ЭЫДҰ кіретін елдердің көбісінде болатын жағдай, саясатты әзірлеу және оны түсіндіру арқылы парламентармен және кең бұқарамен

серіктестікте болу емес, тек халықаралық стандарттарды ресми сақтауға ерекше көңіл бөлінеді.

7. Жақында болған конституциялық реформа президенттік биліктің көлемін қысқартты. Парламент қазір Үкіметті тағайындауда маңызды рөл атқарады, ал Есеп комитеті (ЕК - елдің жоғары қаржы бақылау органы) енді Парламент алдында, сондай-ақ ел Президентінің алдында есеп береді. Әрбір министрлік саясатты қалыптастыру кезінде қоғаммен кеңес өткізу үшін қоғамдық кеңестер құрды. Алайда, бұл өзгерістердің ықпалы ЕК-нің Үкімет белгілейтін ресурстарының шекараларының тарлығымен және қоғамдық кеңестерде мүшелікті қамтамасыз етуде экономикалық және фискалдық саясаттың ашықтығымен айналысатын ҮЕҰ-дың алдынан шығатын қиындықтармен шектеледі.

8. Мемлекеттік қаржының ашықтығы мен ол бойынша есеп беруді арттыру үшін бұрынғыдай елеулі мүмкіндіктер болса да, бұл салаларда 2009 жылы өткізілген алдыңғы PEFA бағалауымен салыстырғанда айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. Нәтижеге бағдарланған стратегиялық жоспарлау мен бюджет жасау әзірленді және мемлекеттік инвестицияларды жоспарлау жүйелендірілді. Қаржылық есептілік әзірленді, ал ішкі қаржылық бақылау және ішкі және сыртқы аудит бойынша міндеттер қайта бөлінді және енді халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Президенттің 2013 жылы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасы бюджетті теңгерім жасау және оның тиімділігі үшін негіз жасау, ал одан әрі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылға дейінгі саясат бағыттарын айқындады. Тұжырымдамада МҚБ реформалау жөніндегі нақты шаралар қамтылмауына қарамастан, қазіргі уақытта МҚБ жақсартуға ықпал ететін бірқатар бастамалар іске асырылуда. 2018 жылы қолданысқа енгізілген жаңа Салық кодексін қабылдау нәтижесінде, сондай-ақ 2020 жылы резиденттердің кірістері мен активтерін жалпыға бірдей декларациялауды іске қосу жолымен салықтардың жиналу тиімділігін арттыру есебінен кіріс бөлігін ұлғайту жоспарлануда, бұл ресми емес экономика көлемін қысқартуға алып келеді. Қазір орталық және өңірлік деңгейлерде пилоттық жоба жүргізіліп жатқан мемлекеттік қызметке ақы төлеудің жаңа жүйесі сыйақыны нәтижелерге байланысты беру есебінен тиімділікті арттыруы тиіс. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (МҚІСҚА) бұл жүйені министрліктер мен мемлекеттік қызметшілер деңгейінде қолдануды көздейді: қызметкерлерге сыйақы төлеуге арналған министрлік бюджетінің жалпы көлемі тиімділіктің нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуге байланысты болады.

9. Үкіметтің барлық деңгейлерінде басшылыққа көмек ретінде 2017 жылы алғаш рет енгізілген және халықаралық тәжірибеге сәйкес қызметтер көрсету жүйелерін жетілдіруге бағытталған ішкі аудит те министрліктердің функцияларын орындау кезінде жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс. Есептеулер негізінде жүргізіліп жатқан Үкіметтің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне көшу процесі әртүрлі элементтерді, яғни орталық және жергілікті және атқарушы органдарды, РМК мен мемлекеттік кәсіпорындарды (атап айтқанда, "Самұрық-Қазына" және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингтері) шоғырландыру ашық түрде жүзеге асырылған жағдайда мемлекеттік операциялардың ашықтығы мен есептілігін арттыруға мүмкіндік береді.

10. Төмендегі А кестесінде тиімділік көрсеткіштері мен параметрлердің әрқайсысы үшін бағалар келтірілген. "M1" әдісімен бағаланатын көрсеткіштер бойынша кез - келген параметрдің ең төменгі бағасы алынады ("әлсіз буын" әдісі), бұл ретте басқа

параметр (лер) жоғары бағаланса, онда +беріледі. М2 белгісі бар көрсеткіштер үшін РЕФА анықтамалығындағы кестеге сәйкес орташаланған баға есептеледі.

А - кестесі: Тиімділік көрсеткіштерін (PI) және параметрлерді бағалау жиынтығы

Тиімділік көрсеткіштері (бағалау әдісі)	Жалпы бағалау	Параметрлерді бағалау			
		1	2	3	4
I бөлім: Бюджеттің дурыстығы					
1. Бюджеттің шығыс бөлігін атқарудың жиынтық көрсеткіштері	B				
2. Нақты шығыстардың құрылымы (M1)	C+	C	C	A	
3. Бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуы (M2)	C	D	B		
II бөлім: Мемлекеттік қаржының ашықтығы					
4. Бюджеттің сыныптамасы	D				
5. Бюджеттік құжаттама	B				
6. Қаржы есептерінен тыс орталық үкіметтің операциялары (M2)	D+	D	D	B	
7. Жергілікті атқарушы органдарға берілетін трансферттер (M2)	C	C	C		
8. Қызмет көрсетудің тиімділігі туралы ақпарат (M2)	C+	C	C	A	D
9. Жұртшылықтың бюджеттік ақпаратқа қол жеткізуі	D				
III бөлім: Активтер мен міндеттемелерді басқару					
10. Фискалдық тәуекелдер бойынша есептілік (M2)	C+	C	A	D	
11. Мемлекеттік инвестицияларды басқару (M2)	C+	C	A	D	C
12. Мемлекеттік активтерді басқару (M2)	C+	B	D	C	
13. Мемлекеттік борышты басқару (M2)	B	A	A	D	
IV бөлім: Салық-бюджет стратегиясы және саясат негізінде бюджет жасау					
14. Макроэкономикалық және фискалдық болжау (M2)	C	D	B	C	
15. Салықтық-бюджеттік стратегия (M2)	A	A	A	B	
16. Шығыстардың бюджетін жасаудағы орта мерзімді келешек (M2)	B	C	A	A	C
17. Бюджетті дайындау процесі (M2)	B+	C	A	A	
18. Бюджетті заңнамалық органның қарауы (M1)	B+	A	B	A	A
V бөлім: Бюджеттің атқарылуын болжау және бақылау					
19. Кірістерді басқару (M2)	B+	A	A	C	B
20. Кірістерді есепке алу (M1)	A	A	A	A	
21. Бір жыл ішінде ресурстарды бөлудің болжамдылығы (M2)	A	A	A	A	A
22. Шығыстар бойынша берешек (M1)	B+	A	B		
23. Жалақы қорын бақылау (M1)	C+	A	A	A	C
24. Мемлекеттік сатып алулар (M2)	C+	A	D	B	D
25. Еңбекақыға байланысты емес шығыстарды ішкі бақылау (M2)	A	A	A	A	
26. Ішкі аудит (M1)	B+	A	B	A	н/п
VI бөлім: Есеп және есептілік					
27. Қаржылық деректердің тұтастығы мен толықтығы (M2)	B+	D	A	A	A
28. Жыл бойғы бюджеттік есептер (M1)	A	A	A	A	
29. Жылдық қаржылық есептер (M1)	C+	C	A	C	
VII бөлім: Сыртқы бақылау және аудит					
30. Сыртқы аудит (M1)	D+	B	A	A	D
31. Аудиторлық есептерді заң шығарушы органның қарауы (M2)	B+	A	C	A	A

1 КІРІСПЕ

1.1 НЕГІЗДЕМЕ ЖӘНЕ МАҚСАТ

1. Соңғы жиырма жылда Қазақстанның экономикасы мен қоғамы көмірсутегі және басқадай минералдық ресурстардан айтарлықтай пайда түсіре отырып, жылдам қарқынмен дамыды. Ел 2050 жылға қарай әлемдегі ең озық және гүлденген 30 елдің біріне айналуға ұмтылады. Үкімет пайдалы қазбаларды пайдалана отырып, өнеркәсіпті әртараптандыруға қолдау көрсетуге, сондай-ақ бүкіл халықтың тұрғын үйге, денсаулық сақтау мен білім алуға қолжеткізуін қамтамасыз етуді көздейді. Өзінің азаматтармен қарым қатынасында ол цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға ұмтылады. Алдыңғы PEFA бағалауы 2009 жылы жүргізілді және Үкімет 2016 жылы қабылданған әдіснама негізінде жаңа бағалау жүргізудегі Еуропалық Одақ пен Дүниежүзілік Банктің көмегін оң қабылдады. Бағалау Қазақстанның 2009 жылдан бастап мемлекеттік қаржыны басқарудағы прогресін өлшейді және болашақта прогресті одан әрі қадағалау үшін негіз ұсынады. Бұл есеп 2017 жылы Дүниежүзілік Банк өткізген мемлекеттік қаржының жалпы шолуын толықтырады.

1.2 1.2 БАҒАЛАУ ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

2. Бағалау жүргізуге Еуропалық Одақ (ЕО) тапсырыс берді, ал оған басшылықты Дүниежүзілік Банктің (ДБ) Мемлекеттік басқару департаменті Қазақстан Республикасы Үкіметінің (ҚРҰ) келісімімен Есеп берушілік пен фидуциарлық ортаны нығайту жөніндегі траст қоры шеңберінде жүзеге асырады. Қазақстан тарапынан PEFA бағалау жөніндегі жұмысын Қаржы министрлігінің, Ұлттық экономика министрлігінің және Есеп комитетінің лауазымды тұлғаларынан тұратын Бақылау комитеті үйлестірді. AECOM International Development Europe ұсынған бағалау тобына екі британдық халықаралық консультанттар Джон Виггинс (топ жетекшісі) және Дэвид Бигс және Қырғыз Республикасынан келген үшінші кеңесші Медер Темірбеков кіреді. Бұл бағалауда 2017 жылдың ақпан айында PEFA серіктестері жариялаған жаңа PEFA әдіснамасында баяндалған өлшемдер қолданылды. Техникалық тапсырманың (ТТ) жобасын Қазақстандағы ЕО делегациясы дайындап, 2018 жылғы 8 қаңтарда PEFA хатшылығына, Еуропалық комиссияға және Дүниежүзілік банкке (ДБ) қарауға жіберді. Кеңес берген тұлғалардан жауап алғаннан кейін, ТТ түпкілікті нұсқасы 2018 жылдың 23 қаңтарында шығарылды.

3. PEFA бағалау тұжырымдамасына сараптамалық шолу 2018 жылғы 5-12 сәуір аралығында Астана қаласында өткізілді. Консультациялар мына тұлғалармен өткізілді:

- Арман Бектұрова ханым, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудит департаментінің директоры
- Йоханнес Стенбек Мадсен мырза, Департамент басшысы, ЕО делегациясы, Астана
- Хоули Тианой Рэйм ханым, мемлекеттік қаржы жөніндегі аға маман, PEFA хатшылығы
- Джон Огалло мырза, Қаржы басқармасының аға маманы, Дүниежүзілік банк.

4. Бірінші жұмыс сапары 2018 жылғы 26-30 наурызда өтті, оның барысында команда тартылған министрліктердің лауазымды тұлғаларына бағалау процесін және бағалауды растау үшін қажетті құжаттамаға қойылатын талаптарды түсіндірді. Бақылау комитетінің мүшелерімен кездесулер өткізілді, сондай-ақ 2018 жылғы 29 наурызда тұсаукесер өткізілді, оған Қаржы министрлігінің (ҚМ) және Ұлттық экономика министрлігінің (ҰЭМ) 25 жуық қызметкерлер қатысты. Деректерді жинау үшін екінші сапар 2018 жылғы 16 сәуір мен 5 мамыр аралығында өтті. Бақылау комитетінің мүшелері ҚР ҚМ құрамындағы Қазынашылық комитетін, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетін, Мемлекеттік кірістер комитетін және Ішкі мемлекеттік аудит комитетін қоса алғанда, ҰЭМ мен ҚМ түрлі департаменттерінің өкілдерімен кездесулер мен консультациялар ұйымдастырды. Сондай-ақ, команда Есеп комитетінің, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жоғары лауазымды мүшелерімен және денсаулық сақтау, білім, ауыл шаруашылығы, инвестициялар және даму, ақпарат және коммуникациялар министрліктерінің лауазымды тұлғаларымен кездесті. Лауазымды тұлғалар, әдеттегідей, әкімшілік тәжірибені, тиісті заңдар мен нормативтік актілерге сүйеніп түсіндіруге дайын болды, бірақ нақты құжаттаманы, ол министрліктің веб-сайтында орналастырылмаған жағдайда ұсына алмады. Сондай-ақ, "Бәйтерек" ұлттық холдингінің, ҚР ҚМ Қоғамдық кеңесінің және азаматтық қоғам ұйымдарымен кездесулер өткізілді. Инвестиция және салық салу мәселелері бойынша кеңес беретін жеке бухгалтерлік фирмалар кездесу жөніндегі өтінішке жауап бермеді. Екінші сапардың соңында бағалау жөніндегі топ кеңес өткізілген барлық министрліктер мен басқа да ұйымдардың шамамен 50 қызметкеріне сол кездегі қолда бар ақпарат негізінде өзінің алдын ала жасалған бағалауларын ұсынды. Сапардан кейін, Дүниежүзілік банктің қолдауымен қосымша ақпарат жинау жүзеге асырылды.

5. Есептің бірінші жобасы АЕСОМ тарапынан Дүниежүзілік банкке және Еуропалық Одақ делегациясына 2018 жылғы 28 маусымда ұсынылды. Есеп жобасы Қазақстан Үкіметіне 27 шілдеде ДБ мен Еуропалық Одақ делегациясының бастапқы ескертулері мен түсініктемелері, сондай-ақ оның орыс тіліне аудармасы ескерілгеннен кейін ұсынылды. Оны 18 тамызда Дүниежүзілік банк PEFA хатшылығына берді. Есеп жобасына түсініктемелер тамыз және қыркүйек айларында Қазақстанның әр түрлі министрліктері мен ведомстволарынан, ал 6 қыркүйекте PEFA Хатшылығынан алынды. Есептің қайта қаралған жобасы ДБ хатшылығына, ЕО делегациясына және PEFA Хатшылығына 2018 жылғы 3 қарашада ұсынылды. Есеп жобасы мүдделі министрліктер мен ведомстволарға 2018 жылдың желтоқсанында таныстырылады.

1.3 1.3 БАҒАЛАУ ӘДІСНАМАСЫ

6. Бұл есепте негізгі назар республикалық бюджет шеңберіндегі орталық үкіметтің қызметіне аударылады, оны Үкімет әзірлеп, Парламенттің екі палатасы бекітеді және оған Республика Президенті қол қояды. PEFA әдіснамасына сәйкес, сондай-ақ өңірлік (облыстық) және аудандық мемлекеттік органдарды, әлеуметтік сақтандыру қорларын және мемлекеттік университеттерді қоса алғанда, Үкіметтің басқа деңгейлеріне назар аударылады. Ел өнеркәсібінің едәуір бөлігі мемлекеттік меншікте қалып отыр және мемлекеттік кірістерге және үкіметпен жалпы қаржылық қарым-қатынасқа қосып отырған үлесі есепте тиісті түрде атап көрсетілген, Үкімет тарапынан мұқият бақыланатын холдинг компаниялары арқылы басқарылады. Тиімділік көрсеткіші немесе бағалау параметрі соңғы үш жыл негізінде бағаланған жағдайда 2015-2017 – кезең таңдалады. Бағалау соңғы жағдайға негізделген кезде, 2018 жылдың мамырын білдіреді. Тиімділіктің 31 көрсеткішінің әрқайсысы 2016 жылғы әдіснама аясында

бағаланады. Баяндамада сондай-ақ 2005 жылғы сол сәтте қолданылған әдіснаманы пайдалана отырып, 2009 жылғы соңғы бағалау сәтінен бастап МҚБ тиімділігінің өзгерістеріне талдау жасалған. Қазақстан табыс деңгейі жоғары ел ретінде даму бойынша негізгі әріптестерден сыртқы гранттар немесе жеңілдікті несиелер алуға құқығы жоқ. Дегенмен, Дүниежүзілік банк және даму жөніндегі басқадай әріптестер индустриялық даму мен экономикалық өсуге жәрдемдесу үшін техникалық көмекпен бірге коммерциялық шарттарда қарыздар береді. О көрсеткіштері 2009 жылы қолданылмайтын болды және мұнда бұдан әрі қаралмайды. Есепті дайындау кезінде пайдаланылатын ақпарат жарияланған қаржылық есептерден, министрліктер мен ведомстволардың лауазымды тұлғаларымен, заң шығарушы билік өкілдерімен, аудиттің, азаматтық қоғамның жоғары органымен ұсынылған және талқыланған деректерден және ДБ мен ХВҚ дайындаған есептерден алынған.

2 ЕЛ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2.1 ЕЛДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

1. Соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан экономикасы негізінен көмірсутектер мен басқа да пайдалы қазбаларды өндіру есебінен тез өсті. Өнеркәсіп (көмірсутегі шикізаты, тау - кен өнеркәсібі және өндіріс) қазіргі уақытта ЖІӨ-нің шамамен 35 процентін және жұмыспен қамтудың 20 процентін қамтамасыз етеді, ауыл шаруашылығы ЖІӨ-нің 5 процентін, бірақ жұмыспен қамтудың 20 процентін, ал мемлекеттік және жеке қызметтер ЖІӨ-нің және жұмыспен қамтудың 60 процентін қамтамасыз етеді. Көмірсутектерді өндіру 2018 жылдың сәуір айында Дүниежүзілік Банктің ел бойынша қысқаша шолуына сәйкес 2017 жылы ЖІӨ-нің 21 пайызын және экспорттың 62 пайызын қамтамасыз етті. 2017 жылы Дүниежүзілік Банк дайындаған мемлекеттік қаржыға шолудың бірінші параграфында көрсетілгендей, жан басына шаққандағы табыс ағымдағы бағаларда он есеге 13 000 АҚШ долларына дейін өсті. Ал кедейлікте тұратын адамдардың саны (сатып алу қабілеттілігі бойынша 5 АҚШ долларынан кем алушылар ретінде айқындалатын) халықтың 4% - не дейін төмендеді. Осы кезеңнің елеулі бөлігі ішінде алынған бюджеттің ағымдағы профицитінің едәуір үлесі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында (ҚРҰҚ) сақталды, бұл ретте оның басым бөлігі шетелдік активтерге инвестицияланды. Үкімет әртараптандырылған өнеркәсіптік дамуға жәрдемдесуге, ішкі инвестицияларды көтермелеуге және салықтық жеңілдіктер мен жеңілдікті несиелер ұсынуға ұмтылды, алайда бұл үрдіс АҚШ долларына қатысты салыстырмалы түрде жоғары тіркелген айырбас бағамын 2014 жылға дейін ұстап тұруға байланысты біршама тежелген болатын. Осылайша, үкімет 2014 жылы мұнай бағасының кенеттен төмендеуіне 2014-2017 жылдар ішінде Президент жариялаған ішінара ҚРҰҚ активтерін қысқарту есебінен қаржыландырылатын "100 нақты қадам" және "Нұрлы Жол" (инфрақұрылым) және "Нұрлы Жер" (қолжетімді тұрғын үй) ірі бағдарламаларын іске асыру жолымен жасалған мемлекеттік шығыстар арқылы әрекет ете алды.

2. Көмірсутек шикізаты секторының 2014-2016 жылдар аралығында жыл сайын қысқарғанына қарамастан, жалпы оң экономикалық өсім сақталды. Дегенмен, мұнай өнеркәсібінің қысқаруы және валютаның құнсыздануы Дүниежүзілік банктің ел бойынша 2017 жылғы сәуір айына жасаған есебіне сәйкес 2016 жылы кедейшілік деңгейінің 8 пайызға дейін ұлғаюына әкелді. 2017 жылы қарқынды өсу байқалды, көмірсутек шикізатының шығарылуын арттыруға және өнеркәсіптік дамуды тұрақты қолдауға негізделе отырып, жалғасуы ықтимал, бұған әлдеқайда бәсекеге қабілетті және енді 2014-15 жылдардағы девальвация нәтижесінде құбылмалы айырбас бағамы оң әсер етуде. Экономиканың шамамен үштен бір бөлігі, оның ішінде көмірсутегі секторының басым бөлігі мемлекеттік меншікте қалып отыр және Үкімет жекешелендіру бағдарламасын ұстануды көздейді, бұл ретте жекешелендіруден түсетін түсімдер ҚРҰҚ-на жіберілетін болады. Мемлекет кепілдік берген мемлекеттік ішкі және сыртқы борыш пен міндеттемелер төмен деңгейде қалуда, алайда таяудағы экономикалық өсудің басым бөлігі сыртқы қарыз алу есебінен қамтамасыз етілген, олардың едәуір бөлігі кепілдіксіз тікелей қарыз алатын мемлекеттік кәсіпорындарға (МК) жатады. 2.1-кестеде сипатталған жағдайдың кейбір негізгі құрамдастары келтірілген.

В кестесі: 2014-2018 жылдар аралығындағы жекелеген экономикалық индикаторлар

	2014	2015	2016	2017	2018 (жоспар)
Ағымдағы бағалардағы ЖІӨ (млрд. теңге)	39 676	40 884	45 372	52 256	55 906
ЖІӨ (млрд. АҚШ долл.)	221,6	184,2	133,1	157,9	164,4
ЖІӨ нақты өсуі (%)	4,3	1,2	1,1	1,9	3,7
Тұтыну бағаларының индексі (кезең соңына өсу %)	7,4	15,6	8,5	7,1	6,0
КЗТ айырбастау бағамы USD	182	339	342	331	340
Халық (миллион адам))	17,1	17,4	17,7	18,2	18,1
Халықтың жан басына шаққандағы табысы (АҚШ долл.)	12 960	10 586	7 520	8 762	10 137
ҚРҰҚ активтері (млрд. АҚШ)	73,2	63,5	61,2	58,3	60,7
Жиынтық мемлекеттік борыш (ЖІӨ-ден%)	14,5	21,9	19,7	20,8	17,8
Сыртқы мемлекеттік борыш (ЖІӨ-ден%)	3,7	6,6	9,4	8,2	6,6
Фирма ішілік берешекті шегергендегі жиынтық сыртқы борыш (ЖІӨ-ден %)	35,2	30,8	42,95	39,5	36,1

Дерек көздері: ХВҚ № 17/10 және 18/2778 елдік есебі, ҚР 2018-2022 жылдардағы ӨЭДБ 1- қосымша

2.2 2015-2017 жылдарға АРНАЛҒАН САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ҮРДІСТЕР

3. Бұл бағалауда республикалық бюджетке басты назар аударылады. Деректер сондай-ақ республикалық бюджетті жергілікті атқарушы органдардың барлық бюджеттерімен біріктіретін мемлекеттік бюджет үшін шоғырландырылады: ел 14 облысқа және республикалық маңызы бар Астана мен Алматы қалаларына бөлінген, олар өз кезегінде 159 ауданға бөлінеді (Шымкент қаласына бағалау жүргізу кезеңінде Оңтүстік Қазақстан облысына кірді).ХВҚ мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі басшылығында айқындалғандай, мемлекеттік басқару үкімет бақылайтын, кірістері мен шығыстары бюджеттен тыс болатын басқа да органдарды қамтиды - Қазақстан жағдайында — бұл Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры және әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры. 2.2-кестеде ҚРҰҚ қоса алғанда, бірақ мемлекеттік функцияларды орындау үшін министрліктер құрған әлеуметтік сақтандыру қорларын, мемлекеттік университеттер мен акционерлік қоғамдарды қоспағанда, мемлекеттік бюджеттің жалпыланған кірістері мен шығыстары келтірілген.

С кестесі: Жиынтық бюджеттік деректер -2014-2018 жж. ҚРҰҚ қоса алғандағы мемлекеттік бюджет (ЖІӨ проценті)

	2014	2015	2016	2017	2018 (прогнозы)б
Жиынтық кірістер	23,7	16,6	16,1	18,8	20,3
Мұнай секторынан түсетін кірістер	11,3	6,6	4,1	6,2	7,6
Мұнай емес кірістер	10,3	9,3	11,14	10,8	11,1
Салықтық емес түсімдер	2,0	0,6	0,8	1,7	1,5
Жалпы шығыстар және таза несие беру	21,3	22,9	21,5	25,2	18,8
Ағымдағы шығыстар	16,9	19,3	18,0	21,3	15,9
Күрделі шығындар	4,2	3,2	2,8	3,3	2,5
Таза бюджеттік кредиттеу және МК мен банктерді қайта капиталдандыру	0,2	0,4	0,7	0,6	0,4
Бюджеттің жиынтық балансы	2,4	-6,3	-5,4	-6,5	1,5
Бюджеттің мұнайлы емес балансы	-8,9	-12,9	-9,5	-12,7	-6,1

Дерек көздері: 2017 Дүниежүзілік Банктің мемлекеттік қаржыларына шолуы және ХВҚ № 17/10 елдік есебі, ҚР 2018-2022 жылдардағы ӘЭДБ

4. С кестесінен көрініп тұрғандай, Қазақстандағы мемлекеттік бюджет шығыстары ЭЫДҰ елдерінің көпшілігіне қарағанда ЖІӨ-нің едәуір аз үлесін құрайды, онда үлес әдетте шамамен 35-40 пайызды құрайды. Осылайша, неғұрлым жоғары табыс болған кезде мемлекеттік қызметтерді жақсарту үшін, әсіресе денсаулық сақтау және білім беру секторларында айтарлықтай мүмкіндіктер бар. Осы мәселені реттеу үшін, сондай-ақ болашақ ұрпақ үшін сарқылатын көмірсутек ресурстарының едәуір бөлігін үнемдеу үшін Қаржы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары салық түсімдерін 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 9,2 процентіне дейін ұлғайтуды (мұнайға қатысты емес) көздейді. Бұған салық базасын кеңейту, көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту, алымдардың тиімділігін арттыру және негізсіз салық жеңілдіктерін жою жолымен қол жеткізілетін болады. Сонымен қатар, Үкімет бекіткен 2018-2022 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму болжамы 2020 жылға қарай Brent маркалы мұнайдың 1 баррелі үшін 45 доллар бағасын абайлап салыстырмалы болжағанда мемлекеттік бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 1,0 пайызына дейін төмендейтіндігін қарастырады. Мұнай кірістерінің ауытқуын болдырмау үшін көмірсутектерді өндіруден түскен барлық кірістер ҚРҰҚ-ға шоғырландырылады, одан жыл сайын республикалық бюджетке "кепілдендірілген трансфері" жүргізіледі. 2016 жылы қабылданған ҚРҰҚ қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына сәйкес 2021 жылы трансферт сомасы 2000 млрд. теңге деңгейінде немесе ЖІӨ-нің 3 пайызына жуық жоспарланған, бұл ҚРҰҚ-дағы түсімдердің болжамды сомасына тең. Бұл осы жылы ЖІӨ-нің 4 пайызындай мұнай емес бюджет тапшылығын білдіреді. Егер мұнай бағасы оның ағымдағы деңгейінде (2018 жылғы мамыр) немесе 75 АҚШ долл. астам болып қалатын болса, онда 2014 жылға дейін орын алған елеулі бюджеттік профицитке қайтару күтілуде.

5. Үкіметтің елді дамытуға жалпы көзқарасы 2017 жылдың соңында қабылданған Қазақстан Республикасының 2025-ке дейінгі даму стратегиялық жоспарында баяндалған. Бұл жоспар адами капиталды дамытуды, бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін технологиялық прогресті, заңның үстемдігін нығайтуды, өңірлік даму мен урбанизациялауды, қоғамдық сананы жаңғыртуды және мемлекеттік сектордағы тиімділікті арттыруды қамтитын жеті саладағы реформаларды көздейді. Экономикалық өсу қолданыстағы салаларда өнімділіктің өсуімен, экспорттық-бағдарланған өндірісті кеңейтумен және тиімді жаңа салаларды дамытумен күшейтілуі тиіс. Бұл жоспар 2018 жылдың көктемінде қолжетімді тұрғын үй беруді кеңейтуді, табыс деңгейі төмен адамдарға салық жүктемесін төмендетуді, неғұрлым сапалы жоғары білімге қол жетімділікті кеңейтуді, шағын және орта бизнес үшін қаржыландыруға жеңілдетілген қол жетімділікті және Астанаға газ құбырын салуды көздейтін бес әлеуметтік бастамамен толықтырылды.

6. D кестесі мемлекеттік бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын көрсетеді. Мемлекеттік қызметтердің едәуір бөлігін министрліктердің қарамағындағы, бірақ компаниялар болып табылатын республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (РМК) беретіндіктен, жалақы ретінде көрсетілген сомалар төмендетілген ретінде қаралуы мүмкін, ал тауарлар мен қызметтерге арналған шығыстар осындай қызметтерді тікелей мемлекеттік органдар ұсынатын, табыстары мен шығыстары бюджетте толық көрсетілетін жағдайлармен салыстырғанда жоғары.

D кестесі: 2014-2017 жылдарға арналған экономикалық сыныпнамаға сәйкес мемлекеттік бюджет шығыстары (ЖІӨ-ден процентпен)¹

	2014	2015	2016	2017
Ағымдағы және күрделі шығындардың жалпы көлемі	21,3	22,9	21,5	25,2
Жалпы ағымдағы шығыстар	16,9	19,3	18,0	21,3
Еңбекақы	2,8	2,8	2,9	2,7
Тауарлар мен қызметтер	5,9	6,2	6,1	6,2
Пайыздар бойынша төлемдер	0,6	0,7	1,1	0,9
Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер	3,8	4,1	4,2	4,5
Басқа да трансферттер	3,8	5,5	3,7	7,0
Күрделі шығындар және таза несиелеу	4,4	3,6	3,5	3,9

Дерек көздері: Дүниежүзілік банк пен ХВҚ 2017 ж. мемлекеттік қаржы жөніндегі шолуы. № 17/108 және 18/277 елдік есеп

7. Е кестесінде мемлекеттік бюджет шығыстарының бағдарламаларын функционалдық бөлу көрсетілген. Қазақстанда шығындар БҰҰ-ның мемлекеттік басқару органдарының (COFOG) функцияларын сыныптауды ұйғарған 10 функцияға емес, 14 негізгі функцияға бөлінеді. Бұл кесте бюджеттен таза несие беруді және 2017 жылы ЖІӨ-нің шамамен 6 пайызын құрайтын және D кестесінің қорытынды деректеріне енгізілген мемлекеттік кәсіпорындар мен банктерді қайта капиталдандыруға арналған шығындарды болдырмайды.

Е кестесі: 2014-2017 кезеңінде мемлекеттік бюджет шығыстарын функционалдык бөлу (ЖІӨ-нен процентпен)

	2014	2015	2016	2017 прогнозы
1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1,2	1,4	1,3	1,1
2. Қорғаныс	1,1	1,1	0,9	0,8
3. Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	1,5	1,4	1,2	1,3
4. Білім	3,4	3,3	3,6	3,5
5. Денсаулық сақтау	2,2	2,1	2,2	2,2
6. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек	3,9	4,2	4,5	4,5
7. ТКШ	1,4	1,1	1,1	1,2
8. Мәдениет, спорт, туризм, ақпарат	0,8	0,7	0,7	0,7
9. Отын-энергетика кешені	0,3	0,3	0,2	0,2
10. Ауыл шаруашылығы	0,9	0,9	0,9	0,9
11. Өнеркәсіп және құрылыс	0,1	0,2	0,1	0,1
12. Көлік және коммуникациялар	1,5	1,7	1,6	1,7
13. Басқа шығындар	0,7	0,8	0,9	0,6
14. Проценттер бойынша төлемдер	0,6	0,7	1,1	0,9
Мемлекеттік бюджет бағдарламалары бойынша барлығы	19,6	19,8	20,0	19,8

Дерек көздері: Дүниежүзілік банктің 2017 жылғы мемлекеттік қаржыларға шолуы

8. 2.4 кестеден көрініп тұрғандай, әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмектен басқа, ең көп шығыстар денсаулық сақтау және білім беру саласындағы қызметтерге жатады, онда білім беру мемлекеттік бюджет шығыстарының алтыншы бөлігінен астамын, ал денсаулық сақтау - оныншы бөлігінен астамын құрайды, бұл едәуір дәрежеде басқа елдерге сәйкес келеді. Бірақ мемлекеттік шығыстар көптеген өнеркәсіптік дамыған елдерге қарағанда ЖІӨ-нің аз үлесін құрайтындықтан, мемлекеттік білім беру және денсаулық сақтау бағдарламаларының басқасына қарағанда ЖІӨ-гі үлесі аз. Денсаулық сақтау мен білім беруге бөлінетін ресурстардың жалпы сомасы де төмендетілетін болады, өйткені бұл сандар бюджеттің кірістері мен шығыстарында көрсетілмейтін осы қызметтерді жеткізушілерге жасалатын төлемдерді ескермейді. Қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы бойынша мемлекеттік көмектің едәуір бөлігі "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингінің еншілес кәсіпорындары бюджеттен тыс жүзеге асыратын проценттерді төлеуге және тікелей құрылыс жұмыстарына арналған субсидиялар есебінен қамтамасыз етілетіндіктен, тұрғын үйге арналған шығыстардың мемлекеттік үлесі де төмендетілген. Өзінің 11 еншілес компаниясы арқылы тұрғын үй және өнеркәсіптік дамуға қаржылық қолдау көрсететін "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингін, мұнай, тау-кен өндіру, көлік және коммуникация салаларындағы мемлекеттік акциялар пакеттерін басқаратын "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қорын және ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өңдеу өндірісін қолдайтын "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингін Премьер-министрдің төрағалық етуімен кеңестер басқарады және олар негізінен сәйкес министрлерден және

аз ғана тәуелсіз мүшелерден тұрады. Үкімет саясатының жалпы бағыттары Президенттің әр жылдың басында жарияланатын Жолдауларымен айқындалады.

2.3 МҚБ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

9. Қазақстан республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті-мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, Қазақстанды ел ішінде және халықаралық қатынастарда өкілдік ететін оның жоғары лауазымды тұлғасы. Ұлттық банк та, Есеп комитеті де оның бақылауында. 2017 жылы бекітілген конституциялық түзетулер Парламентке және Үкіметке өкілеттіктер беруді көздейді. Енді министрлер Парламент алдында жеке жауап береді және Премьер-министрден басқа Президент тек сыртқы істер мен қорғаныс министрлерін тағайындайды. Парламент партиялық тізімдер бойынша 5 жыл мерзімге сайланатын 105 мүшесі бар төменгі палатадан (Мәжілістен) және 47 мүшесі бар Сенаттан тұрады, олардың екеуі әр 14 өңір мен Республикалық маңызы бар екі қала бойынша және Президент тағайындайтын 15 мүшеден 6 жылға тағайындалады. Президентті қолдайтын партиялар әлі де екі палатаны толығымен бақылайды.

10. МҚБ көптеген аспектілері 2017 жылы қайта қаралған Бюджет кодексімен реттеледі және орталық және жергілікті атқарушы органдарды да қамтиды. Кодексте орталық билік органдарының, сондай-ақ барлық жергілікті атқарушы органдардың бюджеттерінің қалай жоспарланатыны, әзірлеуі және орындалуы, әр түрлі мекемелердің, соның ішінде Парламенттің екі палаталарының әр түрлі кезеңдерін өткізу мерзімдері мен міндеттерімен қоса баяндалған. Орта мерзімді стратегиялық және экономикалық жоспарлауға Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) орталық үкімет деңгейінде жауап береді, ал Қаржы министрлігі (ҚР ҚМ) жылдық бюджетті дайындау мен орындауға жауап береді. Екі министрліктің ұйымдық құрылымы 3D және 3E қосымшаларында көрсетілген. Бюджеттің жалпы жай-күйін және олардың шеңберінде әрбір министрлік жұмыс істеуге міндетті шығыстар лимиттерін Үкіметтің қаулысымен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясы бақылайды, ол тиісті министрлерді де, Парламент пен бизнес қоғамдастықтың өкілдерін де қамтиды.

11. Кодекс сондай-ақ үкіметтің әр түрлі деңгейлері арасында түрлі мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін жауапкершілікті бөлетін ережелерді қамтиды және әрбір салықтан түсетін табыстың мемлекеттік басқарудың қандай деңгейіне есептелетінін айқындайды. Кодекс сондай-ақ мұнай кірістерін ҚРҰҚ-на аударуды және жыл сайын республикалық бюджетке түсетін кепілдік берілген трансферттерді реттейтін ережелерді көздейді. Кодекс сондай-ақ Ұлттық банктегі Бірыңғай қазынашылық шотты қарастырады, ол арқылы үкіметтің барлық деңгейлерінде кірістер мен шығыстардың барлық қаржы ағындары өтеді. Оны Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті бақылайды. ҚРҰҚ-нан берілетін жылдық трансферттердің сомасы 2016-да қабылданған ҚРҰҚ қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына сәйкес белгіленеді, ол жыл сайынғы трансферттердің сомасын оның жиынтық ресурстарын төмендетуге жол бермеу мақсатында прогрессивті төмендетуді көздейді. Бюджет кодексінің басқа да ережелері төлем рәсімдерін, борышты басқаруды (ҚМ жауапкершілігін), салыққа және басқа да есептелген кірістерге қосымша орталық мемлекеттік органдардың өңірлерге беретін жалпы және нысаналы трансферттерін қамтиды және осылайша бүкіл ел бойынша қызметтердің салыстырмалы деңгейін қамтамасыз етеді. Тиімділік мониторингі, қаржылық есептілік және шоттар нысаны да кодексте жазылған.

12. **Салықтар** ҚҚС (12 пайыз) және жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығының (10 пайыз) салыстырмалы төмен ставкаларын көрсете отырып, ЖІӨ-нің

салыстырмалы шағын бөлігін құрайды, алайда корпоративтік табыс салығы (КТС) салыстырмалы түрде жоғары ставкалар бойынша 20 процент көлемінде алынады. Бұдан басқа, жұмыс берушілер өз қызметкерлерінің еңбекақысынан 9,5 процент мөлшерінде әлеуметтік салық және әлеуметтік және медициналық сақтандыру бойынша төлемдерді төлеуге тиіс, олар бірге жалақының 11 пайызын құрайды. ҚРҰҚ-да жинақталатын мұнай кірістерін қоса алғанда, салық алымдарын жүргізу ҚР Қаржы министрлігі **Мемлекеттік кірістер комитетінің** (МКК) міндеті болып табылады. Инвестициялар, орналасқан жері және қызмет түрі негізінде ынталандыру ретінде КТС мен ҚҚС-нан босату кеңінен қолданылады. 2017 жылғы Дүниежүзілік Банктің мемлекеттік қаржыға жасалған шолуға сәйкес, бұл босату салықтардың осы түрлерінің кірістілігін шамамен 20 пайызға немесе 2016 жылғы ЖІӨ-нің 1,3 пайызына қысқартады. 2018 жылдың басында күшіне енген жаңа Салық кодексі салық төлеушінің заңнаманы сақтауын жеңілдетуге бағытталған.

13. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттерінде көзделген барлық кірістер мен шығыстар ҚР ҚМ жанындағы Қазынашылық комитетінің қарамағындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі **Бірыңғай қазынашылық шот** арқылы түседі.

14. Мемлекеттік қызметтегі жұмыс жағдайы үшін ҚР Президентінің жанындағы **Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі** (МҚІСҚА) жауап береді, ал персоналды басқару мен жалақыны есептеу жекелеген министрліктерде және оларға есеп беретін комитеттерге бөлінген. Бұған қатысты тиісті заң мемлекеттік биліктің барлық деңгейін қамтитын 2015 жылғы "Мемлекеттік қызмет туралы" заң болып табылады. Қазіргі уақытта МҚІСҚА басқарудың барлық деңгейлерінде неғұрлым тиімді еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге бағытталған пилоттық жобаға қатысады. Мемлекеттік қызметке ақы төлеуге арналған қаражаттың шамамен 25 пайызы, әдетте, бонустар мен сыйлықтарды төлеу үшін резервтеледі, олар жекелеген жағдайларда базалық жалақының 100 пайызынан аспауы мүмкін. Қызметшілердің жұмысты жақсы орындауы үшін ынталандыруды жетілдіруден басқа, сондай-ақ министрліктер жұмысының тиімділігі олардың стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі тұрғысынан бағаланады. Бұл талдау әрбір министрліктің мақсатына қаншалықты қол жеткізілуіне байланысты бонустар алуы үшін пайдаланылады.

15. **Мемлекеттік сатып алу** туралы заңнама ҚР ҚМ Мемлекеттік сатып алу заңнамасы департаментінің жауапкершілік шеңберіне кіреді. ҚР ҚМ Мемлекеттік сатып алулар комитеті министрліктер мен ведомстволардың (оның ішінде РМК) тауарлар, қызметтер және жұмыстардың стандартты тізіміне сәйкес жүзеге асыратын барлық сатып алулар үшін жауап береді. Басқа сатып алуды жауапты министрліктер орындайды. 2018 жылғы 1 қаңтарда қабылданған "Мемлекеттік сатып алу туралы" заң шеңберінде мемлекеттік мекемелер деңгейінде сатып алудың сәйкестігін бақылау үшін ҚР ҚМ Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (ІМАК) жауап береді. Көптеген шарттарды жасасу электрондық сауданың мемлекеттік веб-сайты арқылы өтеді, алайда соңғысын бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде пайдалану міндетті емес, онда заңнама тарапынан бәсекелестік ортаға қатысудан алып тастаулардың кең спектрі қарастырылған. Мемлекеттік органдардың сатып алу туралы шешімдеріне қатысты шағымдар ІМАК-ның қарауына жатады.

16. **Ішкі бақылау және ішкі аудит** 2015 жылғы қарашада қабылданған "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" заңға сәйкес үйлестіріледі, онда әрбір мемлекеттік органның басшылығы үшін құрал ретінде бірінші рет ішкі аудит

қарастырылған. Осы заң , сондай-ақ сыртқы аудитті реттейді. ІМАК Үкіметтің барлық деңгейлерінде ішкі аудиттің орындалуын қадағалауды, сондай-ақ қаржылық, бақылау және аудиторлық тексерулердің кең тізбесін жүзеге асырады.

17. Заңнамада және тәжірибеде ІМАК қызметі мен ҚР Президенті жанындағы орталық үкімет деңгейінде сыртқы аудитор болып табылатын **Есеп комитетінің** (ЕК) қызметі (оның қызметі 2015 жылғы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" заңмен реттеледі) арасында айтарлықтай сәйкестік бар. ЕК жауапкершілік аймағы тек жергілікті атқарушы органдарға және олар орталық билік органдары ұсынатын қаражатты пайдаланатын мемлекеттік кәсіпорындарға ғана қолданылады; басқа мәселелерге қатысты өңірлер мен аудандар өздерінің тексеру комиссияларына бағынады, ал мемлекеттік кәсіпорындарды қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын (ХҚЕС) қолданатын жеке сектордың аудиторлары тексереді. ЕК сондай-ақ мемлекеттік секторда жұмыс істейтін аудиторлардың біліктілігі бойынша қадағалауға және мемлекеттік аудит саласындағы барлық жұмыстардың, оның ішінде жүргізілетін ІМАК-нің бірыңғай дерекқорын жүргізуге жауап береді. Жақында оған Президент пен Парламентке келесі бюджеттік жыл бойынша Үкіметтің экономикалық және әлеуметтік даму жөніндегі басымдықтарымен бюджеттің әрбір жобасының келісімділігін бағалауды ұсыну жөніндегі міндетті одан әрі атқару жүктелді.

18. Конституцияға сәйкес, **сот жүйесі** үкіметке тәуелсіз әрекет етеді. Жоғарғы сот судьяларын Президент ұсынысы бойынша Сенат тағайындайды; басқа судьялар Жоғары сот кеңесінің ұсынымдарына сәйкес тағайындалады, оның мүшелерін Президент тағайындайды.

19. Соңғы жаңалық (2016 ж.) әр министрлік пен қалың бұқараның арасындағы байланыстырушы буын болуы тиіс 16 қоғамдық кеңес құру болды. Қосымша осындай 213 кеңес өңірлік деңгейде құрылды. Бұл кеңестер саясатты әзірлеу кезінде жұртшылықпен неғұрлым тиімді кеңесуді қамтамасыз етуге арналған. Министрліктердің өкілдерінен басқа, оларға тиісті тәжірибесі бар іскер және басқа да құрылымдардың өкілдері кіреді. Қоғамдық кеңестерге үміткерлерді қалың бұқара тарапынан ұсынылды, бірақ тағайындау әлі де биліктің бақылауында.

2.3 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУҒА ТАРТЫЛҒАН ҰЙЫМДАР

20. Қазақстан Үкіметіне жалпы басшылықты Конституцияға сәйкес ішкі және сыртқы саясатты айқындайтын Президент жүзеге асырады. Үкімет құрамына премьер-министр мен 16 министрлік, сондай-ақ ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі кіреді. Жоғарыда 5-тармақта көрсетілгендей, кейбір мемлекеттік функциялар тиісті министрліктердің кәсіпорындар ретінде құрған коммерциялық емес ұйымдарға қандай да бір бәсекелестік сауда-саттық жүргізбей жасалатын келісім-шарттар арқылы берілген. Мемлекеттік саясаттың басқа бағыттары тұрғын үй және өнеркәсіптік дамуға қаржылық қолдау көрсететін "Бәйтеректің" және ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі секторын дамытуды қолдайтын "Қазагроның" мемлекеттік кәсіпорындары - холдингтері арқылы іске асырылады. Қазақстанның ұлттық жинақ ақшасы Ұлттық банктің валюталық резервтерінен басқа, ҚРҰҚ-да сақталады, олар қандай да бір ішкі активтерге жаңа инвестицияларды жүзеге асырмайды, және Үкіметтің мұнай өндіруге, көлікке, байланысқа, өндіріске және басқа да өнеркәсіп салаларына инвестицияларын басқаратын "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры. Жекешелендірудің қолданыстағы бағдарламасы бар, оған сәйкес жекешелендіруден түсетін түсімдер ҚРҰҚ-на жіберіледі. Мемлекеттік басқару секторына сондай-ақ "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ

(БЖЗҚ) кіреді, оған барлық жұмыс істейтін азаматтар, "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры" АҚ (МӘСҚ) және жақында құрылған "Мемлекеттік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ (ММСҚ) кіреді. Бұл ретте БЖЗҚ-на түскен түсімдер қазіргі уақытта оның құрылғанына салыстырмалы аз уақыт болуына байланысты шығыстардан асып түседі

21. Білім беру және денсаулық сақтау саласындағы негізгі қызметтерге арналған шығыстардың едәуір бөлігі жергілікті билік органдарына жүктеледі: облыстық бюджеттерге - медициналық қызметтердің негізгі бөлігіне арналған шығыстар, ал аудандық бюджеттерге - мектептерге байланысты шығыстар жүктеледі. Тұтастай алғанда, 2016 жылы жергілікті мемлекеттік органдар 9 416,4 млрд. теңгені құраған шоғырландырылған мемлекеттік бюджеттен 4 128,2 млрд. теңге шығыстарға жауапты. Білім беруге жергілікті билік органдары 669,4 млрд. теңгені құраған жалпы шығыстардан 1 312,4 млрд. теңге, жұмсаған, оның 1, ал денсаулық сақтауға - 1 039,6 млрд. теңге жалпы көлемнен 646,6 млрд. теңге жұмсаған. Жергілікті мемлекеттік органдар тұрғын үймен, ауыл шаруашылығымен және көлікпен байланысты жалпы шығыстардың едәуір бөлігі үшін де жауапты болады.

22. РЕФА есебіне енгізілуі тиіс мемлекеттік басқару құрылымы бюджетінің толық көрінісін ұсыну мүмкін болмады. Орталық үкіметтің республикалық бюджеті мен барлық 17 аймақтың (Астана, Алматы және Шымкент қалаларын қоса алғанда) және 159 ауданның бюджеттерін біріктіретін мемлекеттік бюджет туралы жиынтық ақпарат бюджеттің атқарылуы туралы есептерде қолжетімді. Бұл ретте бірге алғанда шоғырландыруды қамтамасыз ету үшін, бюджетті атқару жөніндегі ақпарат орталық билік органдары үшін де, ЖАО үшін де жеткілікті беріледі. Бірақ шоғырландыруды қолдануға ыңғайлы бастапқы бекітілген бюджеттік көрсеткіштер жоқ. 219 республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (РМК) - мемлекеттік функцияларды орындайтын министрліктердің қарамағындағы ұйымдардың қызметі бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептерден алынып тасталған. Осы органдардың кейбіреулері, мысалы, зейнетақы төлеу сияқты таза әкімшілік функцияларды орындайды, бірақ басқылары ішінара немесе толық өзін-өзі қаржыландыратын болуы мүмкін. Осы органдардың түсімдері мен шығыстарының жалпы көлемі 2017 жылы шамамен 600 млрд. теңгені құраған (республикалық бюджеттен (РБ) шамамен 7%), бірақ бұл органдардың РБ арқылы қандай дәрежеде қаржыландырылатыны туралы шоғырландырылған ақпарат жоқ. Мемлекет уәкілеттік берген органдар бақылайтын басқа да қызмет түрлері БЖЗҚ, МӘСҚ және ММСҚ қорлары болған: олардың біріншісі кемелденуден алыс болғандықтан, қазіргі уақытта оның жылына 500 млрд. теңге таза ағыны бар, ал басқа екі қор жалпы баланса жақын болуы мүмкін. Мемлекеттік басқару сондай-ақ жылдық табысы мен шығысы 110 млрд. теңгеден асатын 30 мемлекеттік университетті қамтиды. Бастапқы бекітілген бюджет бойынша ақпарат осы ұйымдардың ешқайсы бойынша нақты орындалуымен салыстыру үшін қол жетімсіз.

2.5 МҚБ БАСҚА ДА МАҢЫЗДЫ АСПЕКТИЛЕРІ: АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

23. 3-тарауда бағаланған тиімділік көрсеткіштерінің бірқатарында түсіндірілгендей, мемлекеттік операциялардың кейбір аспектілері ашық емес. Бюджеттің мазмұны туралы толық ақпараттың көп бөлігі Парламентке қол жетімді, бірақ кең жұртшылыққа қол жетімсіз; бұл ЕК аудитінің толық есептеріне де қатысты. Толық есеп беретін мемлекеттік ұйымдар ретінде емес, акционерлік қоғамдар ретінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар арқылы көптеген мемлекеттік қызметтерді

ұсыну ашықтықты одан әрі шектеуді білдіреді. Тұтастай алғанда, үкіметтік веб-сайттарда мемлекеттік сатып алу және үкімет қызметінің басқа да аспектілері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат бар, бірақ ол жұртшылықтың оны түсінуін қамтамасыз ететіндей шоғырландырылған және ыңғайлы нысанда ұсынылмаған. Қазақстанның 2017 жылғы Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне салыстырмалы түрде төмен (122) рейтингіге ие, алайда ол өткен рейтингпен салыстырғанда 9 позицияға жақсарғандығын көрсетеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес платформасы шеңберінде (GAN Integrity Anti-Corruption Platform) мемлекеттік сатып алу, салық жинау, полиция және сот жүйесі саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты алаңдаушылық туралы (2016 жылғы шілде) хабарланған. ЭЫДҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес желісі шеңберіндегі мониторингтің төртінші кезеңінде (2017 жыл) алдыңғы ұсынымдарды іске асыруда ілгерілеу бар екенін көрсетті, бірақ тек бір ұсыныс қана толық орындалды. Сонымен қатар, билік пен азаматтық қоғам арасындағы ынтымақтастық өте шектеулі болып қалуда, жекелеген мемлекеттік қызметшілерге бонустар мен сыйлықтар төлеу үшін дискрециялық (өз қалауы бойынша әрекет ететін) өкілеттіктерге қатысты шектеулер жоқ, ақпарат еркіндігі туралы ережелер жоқ, үкіметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының ықпал етуінің мониторингі жөніндегі шаралар тиімсіз болған. Азаматтық қоғам ұйымдары нашар дамыған және бюджетке басым бағыттар бойынша шешімдер қабылдауға өз үлесін енгізу үшін мүмкіндіктері шектеулі, мұның өзінде үкіметтің іс-қимылдарын сынау жала жабу немесе қорлау үшін қылмыстық қудалауға алып келеді.

3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Бұл тарауда тиімділік көрсеткіштері А (ең жоғарғы) - дан D (ең төмен) - ге дейінгі шама бойынша бағаланады. Көрсеткіштер бір параметрден артық болған жағдайда, көрсеткіш бойынша жиынтық бағалауды есептеу үшін екі әдіс пайдаланылады. М1 әдісі (әлсіз буын) егер қандай да бір параметрлер жоғары бағаланса, " + " қосу арқылы көрсеткіш бойынша жиынтық бағалау үшін параметрлер бойынша ең төмен бағаны пайдалануды көздейді. М2 әдісі (орташалаңдыру) PEFA анықтамалығындағы тиісті кестеге сәйкес параметрлерді бағалауды орташалайды.

2.3 I БӨЛІМ: БЮДЖЕТТІҢ ДҰРЫСТЫҒЫ

2016 жылғы PEFA әдіснамасы тиімділігінің алғашқы үш көрсеткіші нақты шығыстар мен кірістерді бастапқы бекітілген бюджеттермен салыстыру жолымен мемлекеттік бюджеттердің дұрыстығын бағалайды. Дұрыс бюджет нақты шығыстар мен табыстардың **бастапқыда** болжанып, жоспарланғанға және бекітілгенге жақын дегенді білдіреді. Бұл үш индикатор 2015, 2016 және 2017 қаржы жылдарын ескере отырып, бастапқы ниеттерге сәйкес бюджеттің шынайылық және пайдаланылу деңгейін бағалайды¹.

2.3.1 RI-1: БЮДЖЕТА БЮДЖЕТТІҢ ШЫҒЫС БӨЛІГІН АТҚАРУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бұл көрсеткіш бір параметрден тұрады, ол жиынтық нақты бюджет шығыстарының бюджеттік құжаттама мен қаржылық есептерде көрсетілгендей, бастапқы бекітілген бюджетпен қаншалықты сәйкес келетіндігін салыстырады. Ол күрделі де, ағымды да барлық шығыстарды, сондай-ақ сыртқы қарыздар мен гранттар есебінен қаржыландырылатын бөлігін қамтиды. Көрсеткіш орталық үкіметті және соңғы аяқталған үш қаржы жылын қамтиды.

Нақты жиынтық шығыстарды бастапқы бекітілген бюджетпен салыстыру нақты шығыстар бастапқы бюджеттен 2015 жылы -5,8 пайызға, 2016 жылы - 6,7 пайызға және 2017 жылы 29,0 пайызға ауытқығанын көрсетеді. Айырмашылық үш жылдың екеуінде 10 пайыздан аз болғандықтан, қабылданған баға - В. 2009 жылы қолданыста болған 2005 жылғы әдіснамаға сәйкес - Қазақстандағы PEFA - ның алдыңғы бағалау күнімен сыртқы көздер есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша пайыздық төлемдер мен шығыстар назарға алынбаған. Қазақстанда бұл көрсеткіш өте аз. Салыстыру үшін, егер 2016 жылдың жаңа әдіснамасы жағдайында пайыздық төлемдерді алып тастаса, онда үш жылдағы жоспарланған және нақты шығыстар арасындағы айырмашылық -6,0 пайызды, 6 пайызды және 31,7 пайызды құрайтын еді, бұл да В бағалауына алып келеді. Бағалау - В.

¹2017 жылғы нақты деректер аудитке жатады

F кестесі: Жиынтық шығыстар үшін бюджеттің атқарылу деңгейі (млрд. теңге)

	2015	2016	2017
Бастапқыда бекітілген бюджеттің жалпы шығыстары	7 211	7 407	8 644
Нақты шығыстар	6 791	7 900	11 155
Бюджеттің нақты және бастапқы бекітілген шығыстары арасындағы айырма	-420	493	2 511
Бастапқыда бекітілген бюджет шығыстарынан нақты жиынтық шығыстар, % - бен	94,20%	106,70%	129,05%

Дерек көзі: Бюджет туралы жыл сайынғы заңдар, жыл сайынғы қаржылық есептілік, ҚМ деректері.

Көрсеткіш	2018 жылғы бағалау	2018 жылға бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгерістер және басқа факторлар
PI-1 Бастапқы бекітілген бюджетпен салыстырғандағы жиынтық шығыстар	В	Бастапқы бюджеттен ауытқу 2015-2017 жылдар аралығындағы кезеңде соңғы үш жылдың екеуінде 10 пайыздан аз болған	Өзгеріссіз: егер 2005 жылғы сыншарттар 2015-2017 жылдарға қолданылса, онда қойылатын баға В

2.3.2 PI-2 НАҚТЫ ШЫҒЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бұл көрсеткіш жыл ішінде бюджеттің негізгі санаттары арасындағы қайта бөлу шығыстардың құрылымындағы өзгерістерге қаншалықты әсер еткенін өлшейді. Көрсеткіш үш параметрлерден тұрады; көрсеткіші бойынша жиынтық бағалауды есептеу үшін пайдаланылатын әдіс - M1. Ауытқу бастапқы бюджеттің әрбір жолын бюджеттің жоспарлы және нақты атқарылуы арасындағы жалпы айырмаға түзету жолымен, содан кейін осы түзетілген сомалар мен әрбір жол бойынша нақты шығыстар арасындағы абсолюттік айырмаларды қосу арқылы есептеледі. Содан кейін алынған мән жалпы нақты шығыстардың пайызымен көрсетіледі. Пайыздар бойынша төлемдер 2.1 параметрінен алынып тасталады, бірақ 2.2 параметріне қосылады. Көрсеткіш орталық үкіметті және соңғы аяқталған үш қаржы жылын қамтиды.

2.3.2.1 D-2.1 ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СЫНЫПТАМА БОЙЫНША НАҚТЫ ШЫҒЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Функционалдық сыныптама бойынша нақты шығыстардың ауытқуының бірінші параметрі бойынша 2015 жылы 11,4 пайызды, 2016 жылы 9,5 пайызды және 2017 жылы 39,2 пайызды құрады (функционалдық шығыстарды талдаудың толық кестесі 4-қосымшада келтірілген). Функционалдық шығыстардың ауытқуы үш жылдың екі

жылында 15 пайыздан аз болғандықтан, параметр үшін бағалау (i) С-ге тең. Бұл нәтиже қолда бар бюджеттік ресурстарды нақты бөлу жоспарланған бөлуден айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетеді. Қазақстан СОFOG-дан, әсіресе ҚР Үкіметі төрт кіші топқа бөлетін экономикалық мәселелер тұрғысынан айтарлықтай ерекшеленетін функционалдық сынып таманы пайдаланатынын атап өткен жөн.

Функцияларды талдау "жеңімпаздар" және "ұтылғандар" тұрғысынан ерекше заңдылықтарды айқындамайды, дегенмен, бүгінгі күні "Өзгелер" айқын емес санаты 2017 жылы ең үлкен ауытқуды көрсетеді, бұл банк жүйесін қайта капиталдандыру құнын көрсетеді. 4-қосымшада көрсетілгендей, 2015-2017 жылдар кезеңінде көптеген функцияларды орындауға арналған нақты шығыстар жоспарланған бюджетке өте жақын болған, бірақ салыстырмалы мәнде бұл функциялар бір функционалдық топта ауытқу үлкен болуына байланысты аз рөл атқаруы мүмкін, бұл жиынтық мәнге елеулі әсер ететінді. Бағалау-С.

2.3.2.2 D-2.2 ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЫНЫПТАМАҒА СӘЙКЕС НАҚТЫ ШЫҒЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.3.2.3 2015-2017 жылдар аралығындағы кезеңде экономикалық сыныптама бойынша шығыстардың ауытқуы тиісінше 12,0 пайызды, 12,5 пайызды және 35,7 пайызды құрады. Бұл нәтижелер С бағалауына сәйкес келеді, себебі ауытқу үш жылда кемінде 15 пайызды құрайды. Талдау барысында анықталған ең маңызды ерекшелік 2017 жылы басқа шығыстар санатына жатқызылған өте үлкен сома болып табылады. Толық деректер 5-қосымшада келтірілген. Бағалау-С.

2.3.2.4 D-2.3 КҮТПЕГЕН ШЫҒЫСТАРҒА ЖАТҚЫЗЫЛҒАН НАҚТЫ ШЫҒЫСТАР

Қазақстан күтпеген шығыстарды жабу үшін "Резервке" бюджет қаражатын бөлгеніне карамастан, бұл қаражат сомасы өте аз және есепті кезеңде "Резервтен" қаражат іс жүзінде алынбаған. Осылайша, параметр бағалауы А.

G кестесі: Күтпеген шығыстарды жабу үшін қаражатты пайдалану (млн. теңгемен)

Жыл	Күтпеген шығыстардың бағалау шамасы	Күтпеген шығыстарға қаражатты нақты пайдалану
2015	322	0
2016	240	0
2017	66	0

Дерек көзі: Жылдық бюджет туралы заңдар, жылдық қаржылық есептілік

Көрсеткіш/Параметр	2018 жылғы бағалау	2018 жылғы бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғандағы өзгерістер және басқа факторлар
PI-2 Нақты шығыстардың құрылымы (M1)	C +		
(i) Функционалдық сыныптама бойынша нақты шығыстардың құрылымы	C	Функционалдық шығыстар құрылымындағы ауытқу 3 жылдың 2 жылы ішінде 15% - дан кем болды.	Сырттан қаржыландырылатын жобалар бойынша шығындар бұрын қараудан алып тасталған. Сырттан қаржыландырылатын жобаларды алып тастау талдау мен бағалауға үлкен әсер етпейді.
(ii) Экономикалық сыныптама бойынша нақты шығыстардың құрылымы	C	Ауытқу үш жылдың ішіндегі екі жылда 15% - дан кем болды.	2016 жылдан бастап жаңа параметр
(iii) 2015-2017 жж. үшін күтпеген шығыстар ретінде есептелген нақты шығыстардың орташа сомасы	A	Күтпеген шығыстарға есептелетін нақты шығыстар нөлге тең болды	2011 жылдан бастап жаңа параметр

2.3.3 PI-3: БЮДЖЕТТІҢ КІРІС БӨЛІГІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ

Бұл көрсеткіш екі параметрлерден тұрады және жиынтық кірістердегі (жоспарлы және нақты) айырмашылықты және кірістер құрылымындағы айырмашылықты өлшейді. Ол параметрлерді бағалауды біріктіру үшін M2 есептеу әдісін пайдаланады.

Көрсеткіш кірістерді болжаудың дәлдігін талдай отырып, бюджеттің сенімділігі мен дұрыстығын бағалауға ықпал етеді. Ол жоспарланған және нақты жиынтық мемлекеттік кірістерді салыстыруды да, жоспарланған және нақты кірістер құрылымындағы өзгерістерді талдауды да қамтиды. Қамту: орталық үкімет. Кезең: соңғы үш қаржы жылы.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған үш жылдық кезең үшін толық деректер 6-қосымшада келтірілген. Нәтижелердің жиынтық кестесі төмендегі Н кестесінде келтірілген.

Н кестесі: Нәтижелер матрицасы

Жыл	Жиынтық кірістер бойынша ауытқу	Құрылымдағы ауытқу
2015	90,9%	11,4%
2016	116,3%	5,4 %
2017	122,93%	8,5%

2.3.3.1 Дерек көзі: Жылдық бюджет туралы заңдар, жылдық қаржылық есептілік

2.3.3.2 D-3.1 ЖИЫНТЫҚ КІРІСТЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫ

Кесте бағалаумен қамтылған үш жыл ішінде жиынтық кірістердегі ауытқу тиісінше 9,1 пайызды, 16,3 пайызды және 22,9 пайызды құрағанын көрсетеді. Нақты табыс үш жылдың біреуінде ғана жоспарланған табыстың 91 пайыздан 116 пайызға дейін құрағандықтан, онда 3.1 параметрі үшін D бағасы қойылды. Егер 2009 жылғы бағалауда пайдаланылатын 2005 жылдың шеңбері қолданылса, онда бағалау 2009 жылғы сияқты болар еді. Сол сияқты, егер 2016 жылғы өлшемдер 2009 жылғы жағдайға қолданылса, онда бағалау D болар еді, бұл орындалу тиімділігінде нақты өзгерістердің болмағанын көрсетеді. Бағалау – D.

2.3.3.3 D-3.2 КІРІСТЕР ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ АУЫТҚУЛАР

Соңғы үш жылда кірістердегі айырмашылық тиісінше 11,4 пайызды, 5,4 пайызды және 8,45 пайызды құрады. Бұл бағалауға сәйкес келеді, өйткені барлық үш ауытқу 10 пайыздан аз болды. Деректерді талдау Ұлттық қордан көмірсутек ресурстарына байланысты трансферттерден түсетін кіріс бөлігі 2017 жылы жоспарлы көрсеткіштен едәуір асып түскенін, ал халықаралық саудаға салынатын салықтардан түсетін табыс тұрақсыз болғанын көрсетеді. Бағалау-B.

Көрсеткіш/Параметр	2018 жылғы бағалау	2018 жылғы бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғандағы өзгерістер және басқа факторлар
PI-3 Бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуы (M2)	C		
(i) Кіріс бөлігін орындаудың жиынтық көрсеткіштері	D	Ауытқулар үш жылдың ішінде жоспардан 92-ден 116 пайызға дейін болды.	2005 жылғы әдіснаманы қолдану 2009 жылғы бағалаумен бірдей A бағалауына алып келеді
(II) Кірістер құрылымындағы ауытқулар	B	Кірістер құрылымындағы ауытқулар үш жылдың екі	Жаңа параметр

		жылында 10% - дан кем болды.	
--	--	------------------------------	--

2.4

II БӨЛІМ: МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ

4-9 тиімділік көрсеткіштері бюджетті және МҚБ басқа да аспектілерін ұсынудың ашықтығын, оның ішінде фискалдық есептерден тыс Үкімет қызметінің ауқымын, орталық үкімет трансферттерінің жергілікті мемлекеттік органдарға ашықтығы мен болжамдылығын және мемлекеттік қызметтердің сапасы туралы ақпарат беруді қарастырады.

2.4.1 PI-4: БЮДЖЕТТІҢ СЫНЫПТАУЫ

Бұл көрсеткіш бір параметрге ие және мемлекеттік бюджеттің сәйкестік дәрежесін және шоттарды халықаралық стандарттарға сыныптауды бағалайды. А бағалауға қол жеткізу үшін талап әкімшілік, экономикалық және функционалдық сыныптаудың әрбір деңгейінде бюджетті жасау, орындау және есептіліктің МҚЖ / COFOG стандарттарын немесе олардың баламаларын пайдалануға негізделуі болып табылады. Қамту: орталық үкімет. Кезең: соңғы үш қаржы жылы.

Көптеген жағдайда Қазақстан осы талаптарға жауап береді. Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесі (ҚБАЖ) барлық транзакциялардың экономикалық, әкімшілік, функционалдық және бағдарламалық/кіші сыныптамасын айқындайды, ал бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептілік барлық сыныпнамалар туралы ақпарат береді. Бірақ бюджет жобалары (2017 жыл-соңғы аяқталған қаржы жылы, сондай-ақ 2018 жыл) тек әкімшілік және бағдарламалық/кіші сыныпнамалар бойынша ұсынылған және экономикалық сыныптама жоқ. Осыған байланысты бюджеттік мекемелер бағдарламалар мен кіші бағдарламалар шеңберінде шығыстардың сипатын анықтауда айтарлықтай еркіндікке ие. PEFA сыншарттары бойынша кем дегенде С немесе одан жоғары бағалау үшін экономикалық, сондай - ақ әкімшілік сыныпнамаларды ұсыну талап етіледі; осылайша, Қазақстан үшін бағалау-D.

2009 жылы PEFA бағалауында Парламентке ұсынылған бюджет жобасында экономикалық сыныпнаманың болмауына назар аударылмаған және функциялық сыныптама **cofog**-ға мүлдем сәйкес келмеуіне байланысты В бағасы берілді. Іс жүзінде, 2009 жылдан бері ешқандай өзгерістер болған жоқ.

Көрсеткіш	2018 жылғы бағалау	2018 жылға бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгерістер және басқа факторлар
PI-4 Бюджет сыныптама сы	D	Бюджеттің атқарылуы туралы есептілік әкімшілік, экономикалық және бағдарламалық / кіші сыныпнамалар негізінде ақпарат берсе де, экономикалық сыныптама бюджет жобасына енгізілмеген.	Өзгерістер жоқ

2.4.2 PI-5 БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТТАМА

Бұл көрсеткіштің бір параметрі бар, ол төменде 3.4-кестеде көрсетілген негізгі және қосымша элементтердің арнайы тізіміне сәйкестігіне өлшенетін, жылдық бюджеттік құжаттамада ұсынылған ақпараттың толықтығын бағалайды. Қамту: орталық үкімет. Кезең: Парламентке ұсынылған соңғы бюджет.

I кесте: 2018 жылғы Бюджеттік құжаттағы ақпарат

Талап етілетін элементтер	Орындалуы	Түсініктеме
Негізгі элементтер		
1. Бюджет тапшылығының немесе профицитінің немесе есептелген операциялық нәтиженің болжамы.	Иә	Бюджеттің болжамды теңгерімі мұнайға қатысты емес және салықтық емес жиынтық кіріс пен ҚРҰҚ-нан алдын ала анықталған кепілдендірілген трансферт пен жалпы ағымдағы және күрделі шығыстар мен таза кредит беру арасындағы айырманы білдіреді. Алайда, ұсынылатын ақпарат жалпы табыстар (мұнайдан түскен барлық кірістерді қоса алғанда) мен жалпы шығыстар арасындағы айырмашылықты есептеуге мүмкіндік береді.
2. Өткен жылғы бюджеттің нақты кірістері жоспарлы көрсеткіш сияқты форматта ұсынылды	Иә	Бұл ақпарат Парламентке ұсынылған құжаттамаға енгізілген.
3. Ағымдағы қаржы жылының бюджеті (қайта қаралған бюджет немесе атқарылу болжамы) бюджет жобасымен бірдей форматта.	Иә	Бұл ақпарат Парламент бекіткен ағымдағы қаржы жылына арналған "нақтыланған" бюджет түрінде қол жетімді.
4. Ағымдағы және өткен жылдардағы деректерді қоса алғанда, пайдаланылатын сыныпнамалардың негізгі бөлімдеріне сәйкес кірістер бойынша да, шығыстар бойынша да жиынтық бюджеттік деректер	Жоқ	Әр түрлі сыныпнамалар бойынша бірге барлық үш жыл жылдың ақпаратын қамтитын кестелер бюджеттік құжаттамаға енгізілмейді.
Қосымша элементтер		
5. Күтілетін құрылымын сипаттайтын тапшылықты қаржыландыру.	Иә	Бұл ақпарат Парламентке беріледі.
6. Ең болмағанда ЖІӨ-нің, инфляцияның, пайыздық ставкалардың және айырбас бағамының өсуін бағалауды қоса алғанда, макроэкономикалық болжамдар.	Жоқ	Экономикалық өсу мен инфляция туралы ақпарат келтіріледі, бірақ айырбас бағамы тек жанама түрде беріледі және пайыздық ставкалардың болжамы жоқ.

7. МҚЖ стандартына немесе басқа да салыстырмалы стандарттарға сәйкес ұсынылған ағымдағы қаржы жылының басындағы бөліктерімен қоса, мемлекеттік борыштың сомасы.	Иә	МҚЖ-ға сәйкес келетін мемлекеттік қарыз бойынша деректер ай сайын жарияланады, ал бюджеттік құжаттама қажетті ақпаратты қамтиды.
8. Қаржылық активтер, оның ішінде, ең болмағанда, ағымдағы қаржы жылының басындағы ақпаратпен қоса, МҚЖ немесе басқа да салыстырмалы стандартқа сәйкес ұсынылған.	Иә	Бағалау жүргізген командаға ҚР ҰҚ, Ұлттық Банкке және "Бәйтерек", "Самұрық-Қазына" және "ҚазАгро" үш негізгі мемлекеттік холдинг компанияларына тиесілі қаржы активтері туралы ақпарат бар екенін хабарлады.
9. МЖӘ бойынша келісім - шарттарға байланысты туындайтын кепілдіктер мен шартты міндеттемелер сияқты шартты міндеттемелерді қоса алғанда, фискалдық тәуекелдер туралы қысқаша ақпарат.	Жоқ	Үкімет өзі иелік ететін компаниялардың қарыз алуы нәтижесінде туындайтын қаржылық тәуекелдер туралы шоғырландырылған ақпаратты жарияламады. 2018-2020 жылдарға арналған бюджет туралы заң РБ-МЖӘ жобалары бойынша берешек сомасына 1726 млрд. теңге мөлшерінде лимит белгілеген, бірақ берешектің нақты сомасы туралы деректер жарияланбаған.
10. Кірістер саласындағы саясаттың барлық негізгі өзгерістерін және / немесе шығыстар бағдарламаларындағы елеулі өзгерістерді бағалауды ескере отырып, жаңа саяси бастамалар мен ірі жаңа мемлекеттік инвестициялардың бюджетке әсерін түсіндіру	Иә	Бюджеттік құжаттама негізгі саяси бастамалардың бюджетке әсері туралы түсіндірмелерді қамтиды, олар, әдетте, Президент Жолдауында әрбір жылдың басында көрсетіледі.
11. Орта мерзімді қаржылық болжамдар бойынша құжаттама.	Иә	Бюджет процесінің бірінші кезеңінде дайындалған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бюджет Парламентке әр жылдың қыркүйегінде ұсынылғанға дейін қайта қаралады.
12. Салық шығыстарын сандық бағалау	Ішінара	Кейбір ақпарат Парламентке салықтан босатулар мен жеңілдіктердің сомалары туралы беріледі, бірақ мұндай ақпарат жан-жақты емес.

Дерек көзі: ҚР ҚМ

Төрт негізгі элементтің үші және бес қосымша элемент белгіленген талаптарды қанағаттандыратындықтан, көрсеткіш В ретінде бағаланады.

Көрсеткіш/Параметр	2018 жылғы бағалау	2018 жылғы бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғандағы өзгерістер және басқа факторлар
PI-5 Бюджеттік құжаттамаға енгізілген ақпараттың толықтығы	В	Құжаттама 3 негізгі және 5 қосымша элементтер бойынша талаптарға сәйкес келеді	Құжаттама 9 элементтің 7-іне сәйкес келеді, яғни параметр 2005 жылғы өлшемдерге сәйкес А бағасын алады (В бағасы 2009 жылы қойылды).

2.4.3 PI-6 ОРТАЛЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕРІНЕН ТЫС ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Бұл көрсеткіш мемлекеттік қаржылық есептерден тыс мемлекеттік кірістер мен шығыстарды көрсету дәрежесін бағалайды. Ол үш параметрлерден тұрады және жиынтық бағалауды есептеу үшін М2 әдісін қолданады. Ол министрліктер бақылайтын құрылымдар мен органдардың бюджеттік қаржылық есептерге енгізілмеген шығыстары көлемін, осындай органдардың қаржылық есептерге енгізілмеген кіріс мөлшерін және осы органдардың жетекшілік ететін министрліктерге жылдық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін қарайды. Қамту: орталық үкімет. Кезең: соңғы үш қаржы жылы.

D-6.1 ЕСЕПКЕ АЛЫНБАҒАН ШЫҒЫСТАРДЫҢ КӨЛЕМІ

Республикалық бюджетке (РБ) тікелей енгізілген қызметке қосымша көптеген мемлекеттік қызметтерді министрліктер құрған Ашық акционерлік қоғамдар (АҚ) ұсынады. Бұл АҚ-лар екі санатқа бөлінген: басқару құқығы бар "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (РМК)" және "шаруашылық есеп қызметін және бизнесті жүргізуге құқығы бар" РМК. Бірінші санаттың мысалдары Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы және мемлекеттік инвестициялық жобаларға экономикалық бағалау жүргізетін МЖӘ орталығы болып табылады (төменде Рi-11.1 қараңыз). Екінші санаттағы АҚ-ның мысалдары азаматтық құрылыс және ғимараттар жобалары үшін жобалық және етжей-тегжейлі техникалық қызмет көрсететін мемлекеттік сараптама, сондай-ақ ауа райы болжамы мен ауа, су және топырақ жағдайына мониторинг жүргізетін Қазгидромет болып табылады. Төмендегі кестеде осы органдардың 2017 жылға арналған жиынтық кірістері мен шығыстары келтірілген.

Ж кестесі: Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың кірістері мен шығыстары (2017 жыл, млрд. теңге)

	Саны	Кірістері	Шығыстары
Басқару құқығы бар РМК	92	78,1	74,6
Шаруашылық есеп қызметі бар РМК	127	551,4	527,2

Дерек көзі: ҚР ҰЭМ

Басқару құқығы бар РМК мемлекеттік корпорацияларға емес, мемлекеттік басқарудың МҚЖ анықтамасына анық жатады. Шаруашылық есептегі РМК - ның мемлекеттік корпорациялардың кейбір сипаттамалары болуы мүмкін, бірақ олардың негізгі

мақсаты-мемлекет ұсынатын функцияларды орындау; әрбір РМК-ны оның қай түріне жататынын анықтау үшін жеке зерделеу қажет болады.

Мемлекеттік басқарудың басқа қызметі РБ енгізілмеген, бұл әлеуметтік сақтандыру қорларының және мемлекеттік университеттердің операциялары. Қызметкерлердің еңбекақысының 10 пайызы мөлшеріндегі жарналарды жұмыс берушілер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ), ал тағы 5 пайызын - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСК) және 2 пайызын (2017 жылы) Мемлекеттік медициналық сақтандыру қорына (МФМС) аударады. БЖЗҚ жарияланған есептері 2016 жылы 554 млрд. теңге мөлшерінде жарналардан түскен табысты көрсетеді. Егер БЖЗҚ есептерінің деректері басқа қорларға бөлінген болса, онда 2017 жылы барлық үш қорға жарналардан түскен жалпы табыс шамамен 1000 млрд. теңгені құрайды. БЖЗҚ әлі жетілмеген (дамыған елдердегі ұқсас қорлармен салыстырғанда қордың жұмыс істеу мерзімдері тұрғысынан) қор болып табылмайды, ал жыл сайынғы жарналар төлемдерден едәуір асып түседі, бірақ басқа қорлардың төлемдері олардың жарналардан түсетін кірістеріне тұтастай сәйкес келуі тиіс. Осыған орай, үш қордың шығыстары 2017 жылы 500 млрд. теңгеден асады. 30 мемлекеттік университеттің жиынтық кірістері мен шығыстары қазіргі уақытта жылына шамамен 110 млрд. теңгені құрайды.

Басқару құқығы немесе шаруашылық есептік қызметі бар РМК қызметін қамтитын шоғырландырылған есептер, әр РМК жылдық есептері қаржылық есептілік депозитарийінде (ҚЕД) болса да қалыптастырылмайды. Бұл әр мемлекеттік университетке де қатысты. Осылайша, 2017 жылы қаржылық есептерде ескерілмеген шығыстар 600 млрд. теңгені (РМК) қосу 500 млрд. теңгені (әлеуметтік сақтандыру қорлары) қосу 110 млрд. теңгені (университеттер) немесе 1200 млрд. теңгеден астам теңгені құрайды. Бұл 11,155 млрд. теңге мөлшеріндегі РБ шығыстарының жалпы көлемінің 10,8%-ына сәйкес келеді (жоғары Рі – 1 қараңыз), бұл D бағасына әкелді. 2009 жылы әлеуметтік сақтандыру қорлары айтарлықтай аз дамыған, ал PEFA-ның алдыңғы бағасы РМК немесе университеттердің қызметін ескермеген; сондықтан 2009 жылы A бағалауы қойылды. 2018 жылғы баға – D.

D-6.2. ЕСЕПКЕ АЛЫНБАҒАН КІРІСТЕР КӨЛЕМІ

Жоғарыда келтірілген талдау қаржылық есептерде ескерілмеген 2017 жылғы табыс 1000 млрд. теңгені (әлеуметтік сақтандыру қорлары) қосу 630 млрд. теңгені (РМК) қосу 110 млрд. теңгені (университеттер) немесе 1750 млрд. теңгеге жуық қаражатты құрағанын көрсетеді. Бұл сома 9,692 млрд. теңге мөлшерінде РБ кірістерінің жалпы көлемінің 18,0%-на сәйкес келеді (жоғары Рі-3.1 қараңыз), бұл D бағасына әкелді.

D-6.3 БЮДЖЕТТЕН ТЫС БІРЛІКТЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕРІ

PEFA көрсеткішіне байланысты қаралған барлық органдардың қаржылық есептері жетекшілік ететін министрліктерге келесі жылдың 15 мамырына бағытталған, бұл B бағалауын көрсетеді.

Көрсеткіш/Параметр	2018 жылғы бағалау	2018 жылғы бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғандағы өзгерістер және басқа факторлар
PI-6 – Қаржы есептерінен тыс орталық үкіметтің операциялары (M2)	D+		
6.1 Есепке алынбаған шығыстар көлемі	D	Әлеуметтік сақтандыру қорларының, РМК мен мемлекеттік университеттердің шығыстары 2017 жылы РБ шығыстарының 10 пайызынан астамын құрады	2009 жылы әлеуметтік сақтандыру аз дамыған және алдыңғы бағалауда РМК мен университеттер ескерілмеген.
6.2. Есепке алынбаған кірістер көлемі	D	2017 жылы әлеуметтік сақтандыру қорларының, РМК мен мемлекеттік университеттердің кірістері РБ кірістерінің шамамен 18 пайызын құрады	Жаңа параметр
6.3 Бюджеттен тыс бірліктердің қаржылық есептері	B	Келесі жылдың 15 мамырына дейін жетекшілік ететін министрліктерге есептер келіп түседі	Жаңа параметр

2.4.4

2.4.5 PI-7 ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРҒА БЕРІЛЕТІН ТРАНСФЕРТТЕР

Бұл көрсеткіш тікелей қаржылық қатынастармен байланысты жергілікті атқарушы органдарға (ЖАО) орталық билік органдарынан түсетін трансферттердің ашықтығы мен уақыттылығын бағалайды. Ол орталық мемлекеттік органдардың жергілікті органдарға ақпарат беру жүйесін, трансферттер үшін негіздемені және мерзімдерін қарастырады. Индикатор екі параметрден тұрады, жиынтық бағалау M2 әдісі бойынша есептеледі. Қамту: орталық үкімет және орталық үкіметпен тікелей қаржылық қатынастардағы ЖАО. Кезең: Парламентке ұсынылған соңғы бюджет.

D-7.1. ТРАНСФЕРЛЕРДІ БӨЛУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстанда орталық мемлекеттік органдар 14 облыспен және республикалық мәртебесі бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларымен тікелей қарым-қатынаста. Олар өз кезегінде 159 ауданға бөлінеді. ЖАО жиынтығында Бюджет кодексіне сәйкес белгіленген салықтардан және салықтық емес төлемдерден (кірістерінен) өз кірістерінің шамамен 40 пайызын алады. Бюджеттік кодекстің 43-бабына сәйкес тұрақты және болжамды сипаты бар және тығыз аумақтық байланысы бар салықтардан түсетін кірістерді ЖАО береді, ал фискалдық тәуекелі бар және экономикалық конъюнктураға байланысты өзгеріп отыратын табыстарды орталық атқарушы органдарға береді. Осылайша, ЖАО-дан алынатын негізгі Салықтық түсімдер жеке табыс салығынан және жалақыға әлеуметтік салықтан қалыптастырылады. Жергілікті

жеке меншікке салынатын салықтардан басқа, ЖАО-ға арналған барлық басқа да салықтық түсімдерді ҚМ жанындағы Мемлекеттік кірістер комитеті жинайды.

Салық кірістеріне қосымша ЖАО "жалпы сипаттағы трансферттер" алады, олар ЖАО үшін арналған кірістер бойынша ҚР ҰЭМ болжамдарын ескере отырып, бүкіл ел бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің салыстырмалы деңгейін қамтамасыз ету үшін қажетті сомда аударылады. Жалпы сипаттағы трансферттердің есептерінде халықтың саны, жасы және басқа да факторлар есепке алынады, мысалы, халықтың тығыздығы және сомалар үш жылдық кезеңге (қазіргі уақытта 2017-2019 жылдар кезеңіне) тіркеледі. Екі ірі қала (Алматы және Астана қалалары) және табыстары олардың шығыстарының бағалауынан асатын неғұрлым дамыған екі өңір республикалық бюджетке кері трансферттер жасауы тиіс. Жалпы сипаттағы трансферттерден басқа, жергілікті билік органдары орталық мемлекеттік орган айқындаған нақты шығыстарды (оның ішінде инвестицияларды) жабуға арналған "нысаналы" трансферттер ала алады. Осылайша, неғұрлым бай өңірлер мақсатты трансферттер (мысалы, Алматыда метро салу үшін) республикалық бюджетке кері трансферттер жасауы тиіс болғандықтан бір мезгілде ала алады. 2017 жылы ЖАО-ға түсімдердің жалпы көлемі 4681,3 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 1 962,8 млрд. теңге салықтар есебінен және 1488,2 млрд. теңге жалпы сипаттағы трансферттер есебінен, олар бойынша жоспарлы сомалар ЖАО-ға іс жүзінде төлеген. Ағымдағы шығыстарға нысаналы трансферттер ретінде 469,7 млрд.теңге, ал нысаналы даму трансферттеріне - 581,3 млрд. теңге алынды. К кестесі төменде үш жылда жоспарланған және нақты трансферттер әртүрлі типтерін ұсынады: 2015 - 2017.

К кестесі: 2015-2017 жж. ЖАО-ға жоспарланған және нақты трансферттер (млрд. теңге)

	2015		2016		2017	
	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт
Жалпы сипаттағы трансферттер	904,4	904,4	836,9	836,9	1488,3	1488,3
Берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	764,9	608,4	865,3	1145,3	405,1	469,7
Берілетін нысаналы даму трансферттері	615,3	480,1	234,2	461,9	442,7	581,3
Трансферттердің жиынтық шамасы	2285,1	1992,9	1936,3	2444,1	2336,1	2539,2
Трансферттердің жалпы сомасының % ретіндегі жалпы сипаттағы трансферттер		45,4%		34,2%		58,6%

Дерек көзі: ҚР ҚМ

Бұл параметрді бағалау соңғы аяқталған қаржы жылына негізделген, яғни 2017. Осы жылы салықтық түсімдер мен жалпы сипаттағы трансферттер ЖАО түсімдерінің жалпы көлемінің 73,7 пайызын құрады, ал жалпы сипаттағы трансферттер РБ-дан ЖАО-ға түсетін барлық трансферттердің 58,6 пайызын құрады. Сандардың ешқайсысы В бағалау үшін қажетті 75 пайыздық шегіне жетпейтіндіктен, бұл параметр үшін баға С тең.

D-7.2 ТРАНСФЕРТТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ УАҚТТЫЛЫҒЫ

ЖАО республикалық бюджет жобасы Парламентке әрбір жылдың қыркүйегінде ұсынылуын күтетін жалпы сипаттағы трансферттер туралы хабардар етіледі. Бірақ

ЖАО бюджетті Парламент қабылдағанға дейін, Президент қол қойғанға және Үкіметтің қаулысымен жарияланғанға дейін (Президент қол қойған сәттен бастап жеті күн ішінде) өзінің нысаналы трансферттерінің үлесі туралы ақпаратқа қол жеткізбейді. Бұл процестер жыл сайын желтоқсанның басына дейін іс жүзінде аяқталмайтындықтан (төменде PI-18.3 қараңыз), онда ЖАО бюджеттік жылдың басына дейін кемінде төрт апта бұрын Үкіметтен оларға арналған трансферттердің жалпы сомасы туралы хабарлама алады, бұл С бағалауына әкеледі. Бұл 2017 және 2018 қаржы жылдары үшін әділ.

Көрсеткіш/Параметр	2018 жылғы бағалау	2018 жылғы бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғандағы өзгерістер және басқа факторлар
PI-7 – ЖАО трансферттері (M2)	C		
7.1. Трансферттерді бөлу жүйесі	C	Формула бойынша анықталған жалпы сипаттағы трансферттер 2017 жылы ЖАО-дағы РБ трансферттерінің жалпы көлемінің 58,6% - ын құрады.	Жалпы трансферттер 2007 жылғы трансферттердің жалпы көлемінің 28% - ын құрады. Көрсеткіш жақсарды.
7.2 Трансферттер туралы ақпараттың уақыттылығы	C	ЖАО бюджеттік жылдың басына дейін кемінде 4 апта бұрын трансферттердің болжамды сомасы туралы толық ақпарат алады.	Өзгерістер жоқ

2.4.6

2.4.7 PI-8 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұл көрсеткіш бюджет және бюджеттің атқарылуы туралы есептілік жобалары бойынша бюджеттік құжаттамада ақпарат беру сапасын бағалайды және бюджеттің тиімділігіне аудит және атқарылуына бағалау жүргізілгенін қарайды. Ол сондай-ақ қызмет көрсететін мемлекеттік құрылымдар алатын ресурстар туралы ақпараттың қалай жиналатынын және есепке алынатынын бағалайды. Көрсеткіштің жалпы бағасы M2 сәйкес біріктірілетін төрт параметрдің бағаларына негізделеді. Қамту: орталық үкімет. Үкіметтің басқа деңгейлері ұсынатын және қаржыландыратын қызметтер, егер орталық үкімет тарапынан нысаналы гранттар түрінде осындай қызметтерді қаржыландыру айтарлықтай болса, бағалауға енгізілуге тиіс. Кезең: 8.1 параметрі – тиімділік индикаторлары және келесі қаржы жылына жоспарланған нәтижелер. 8.2 параметрі : соңғы аяқталған қаржы жылының нәтижелері. 8.3 және 8.4 параметрлері: соңғы аяқталған үш қаржы жылы.

D-8.1 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫ

Әрбір министрліктің бес жылдық келешекке дайындайтын және жариялайтын стратегиялық жоспарлар министрліктің стратегиялық мақсаттары мен іс-шараларын айқындайды. Есеп комитетінің (ЕК) 2016 жылғы бюджеттің атқарылуы жөніндегі есебіне сәйкес, бюджеттік бағдарламалар шығыстарының шамамен 60 пайызы тиімділіктің нысаналы көрсеткіштері бойынша стратегиялық жоспарға сәйкес келеді. Жоспарлар тиісті министрліктер жүзеге асыратын мақсаттар мен бюджеттік

бағдарламалар арасындағы байланысты көрсететін кестені қамтиды. Келесі кестеде нақты жоспарланған іс-шараларға қатысты қазіргі уақытта қол жеткізілген нәтижелер туралы кейбір ақпаратты қоса алғанда, тиімділіктің нысаналы көрсеткіштері көрсетілген. Осы мәселе бойынша министрліктер мен ведомстволардың жұмысын үйлестіру ҚР ҰЭМ-ге жүктелген, ал Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (МҚІСЖКА) министрліктердің мемлекеттік қызметтер көрсетуіне баға береді. Алайда жоспарларда тиімділіктің сандық нысаналы көрсеткіштері нашар түсіндіріледі, ол көрсеткіштер осы жоспарда қарастырылатын іс-әрекеттерімен немесе осы іс-әрекеттердің нақты нәтижелерімен тікелей байланысты болмауы мүмкін: мысалы, ҚР ҚМ-нің 2018-2022 жылдарға арналған жоспары (ағылшын тілінде қолжетімді) салық салуға және кәсіпкерлік қызметті реттеуге қатысты бірқатар іс-шаралар көмегімен жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде белгілі бір позицияларға қол жеткізуге бағытталған. Стратегиялық жоспарлар мен тиімділіктің нысаналы көрсеткіштерін қамту бюджет шығыстарының 75 пайызынан аз екенін ескере отырып, бағалау С құрайды.

D-8.2 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Әрбір жыл үшін бюджеттің атқарылуы туралы есепке қоса берілетін жарияланатын түсіндірме жазбаларда тиімділіктің нысаналы көрсеткіштеріне қандай дәрежеде қол жеткізілгені туралы кейбір ақпарат болады (PI-15.3 қараңыз). Стратегиялық жоспарлар қол жеткізілген нәтижелер туралы, сондай-ақ болашақ міндеттер туралы кейбір ақпаратты қамтиды. Осылайша, 2018 жылы дайындалған жоспарлар 2019-2024 жылдардың 5 жылдық кезеңі ішінде 2017 жылдың нақты нәтижелері туралы кейбір ақпаратты қамтитын болады. Тиімділіктің нысаналы көрсеткіштері шығыстардың 75 пайыздан азын қамтитындықтан, бағалау С.

D-8.3. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАР АЛАТЫН РЕСУРСТАР

Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесі (ҚБАЖ - төменде PI-21 қараңыз) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың қатысуымен, орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының бюджеттеріне толығымен интеграцияланған жекелеген мектептер мен емханаларды қоса алғанда, барлық транзакциялар (кірістер мен шығыстар) туралы ақпарат алады. Министрліктер бүкіл ел бойынша барлық бөлімшелер бойынша жағдайды қадағалау үшін Қазынашылық жүйесін пайдалана алады. Бұл көрсеткіш 2005 жылғы өлшемдерге сәйкес PI-23-ке кірді және 2009 жылғы PEFA бағалауында А бағасын алды. Қызмет көрсететін мемлекеттік ұйымдар акционерлік қоғам ретінде құрылған (Ақ - PI-6 қараңыз) жағдайларда олардың транзакциялары Бірыңғай қазынашылық шот арқылы өтпейді және ҚБАЖ-да тіркелмеген. Алайда мұндай ұйымдар жыл сайын жетекшілік ететін министрліктер мен ведомстволарға (жоғарыда PI-6.3 қараңыз) есеп береді, олар мемлекеттен, қызмет алушылардан және басқа да көздерден алынған барлық қаражат туралы ақпаратты қамтиды. Мұндай тәжірибе 2015-2017 жылдары орын алды. Бағалау: А.

D-8.4 ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Есеп комитеті қаражатты жұмсауға байланысты бағдарламалардың орындалуына шектеулі аудиторлық тексеру жүргізеді, бірақ оның ресурстары шектеулі және нәтижелері жарияланбайды. Ақпарат және байланыс министрлігі әртүрлі қызметтер мен құрылымдардың жұмысы туралы қоғамдық пікірге бірнеше сауалнама жүргізді. Бірақ мұндай сауалнамалар 25% қамти алмайды. Бағалау: D

Көрсеткіш/Параметр	2018 жылғы бағалау	2018 жылғы бағалау негіздемесі	2009 жылмен салыстырғандағы өзгерістер және басқа факторлар
PI-8 Қызмет көрсетудің тиімділігі туралы ақпарат (M2)	C+		
8.1 Қызмет көрсету бойынша жұмыс жоспарлары	C	Министрліктердің стратегиялық жоспарлары сандық нысаналы көрсеткіштерді қамтиды, олар бюджеттік бағдарламалардың шамамен 60% - ын бағалайды	Жаңа параметр
8.2 Қызмет көрсетудің тиімділігі	C	Кейбір ақпарат әрбір жыл үшін бюджеттің атқарылуы туралы есептерге жарияланған түсіндірме жазбаларда келтірілген. Сандық мақсатпен қамту-8.1 -де көрсетілгендей.	Жаңа параметр
8.3 Қызмет көрсететін мемлекеттік құрылымдар алатын ресурстар	A	Әрбір мектеп пен клиникада алынған ресурстар туралы ақпарат қазынашылықтың ақпараттық жүйесінен немесе өздері бағынышты министрліктерге АҚ-дың беретін жыл сайынғы есептерінен алынуы мүмкін.	Өзгерістер жоқ
8.4 Қызметтерді ұсыну тиімділігін бағалау	D	Есеп комитеті тиімділікке бірқатар тексерулер жүргізді, ал Ақпарат және байланыс министрлігі қызмет көрсету туралы қоғамдық пікірге қатысты кейбір сауалнамалар жүргізді, алайда қамту өте шектеулі.	Жаңа параметр

2.4.8 PI-9 ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ

Бұл көрсеткіш ақпараттың белгілі бір элементтерінің болуы негізінде кең жұртшылыққа қолжетімді қаржылық ақпараттың толықтығын бағалайтын бір параметрден тұрады. Бағалау төменде 3.7-кестедегі бес негізгі және төрт қосымша элементтердің орындалу дәрежесіне байланысты.

L кестесі: Жұртшылыққа қол жетімді бюджеттік ақпарат

Талап етілетін элемент	Орындалуы	Түсініктеме
Негізгі элементтер		

1. Бюджет жобасы бойынша жыл сайынғы құжаттама	Жоқ	Парламентке ұсынылатын бюджет жобасына егжей-тегжейлі түсіндірме жазба жарияланбайды (және бағалау кезінде PEFA шолуы бойынша команда қол жеткізе алмады).
2. Қабылданған бюджет	Иә	Парламент мақұлдағаннан кейін бірнеше күн ішінде бюджетке ел Президенті қол қояды және жарияланады.
D-24.4 САТЫП АЛУ БОЙЫНША ТАЛАПТАРДЫ БАСҚАРУ

Қолда бар статистикалық деректер сатып алу жөніндегі талаптар бойынша мынадай жағдайды көрсетеді.

R - кестесі: 2017 жылы сатып алу бойынша талаптардың нәтижелері

№	Талаптар мәртебесі	Шағымдар мөлшері	%
1	Тіркелді	289	4,1
2	Қаралуда	660	9,3
3	Шешілді деп саналады	2936	41,6
3.1	Толық	1681	
3.2	Ішінара	1255	
4	Қабылданбаған болып саналады	3181	45,0
Барлығы		7 066	100%

Қайнар көзі: ИМАК

Мемлекеттік органдар арыздар мен шағымдарды қарау үшін ішкі үкіметтік рәсімдерді жұртшылыққа қолжетімді ережелерге сәйкес пайдаланады және шағымдарды қалай өңдеу керек екенін ұйғарады. Алымдар тыйым салынбаған, шешімдер белгіленген уақыт шеңбері ішінде жазылады және сатып алу процесі тоқтатыла тұруы мүмкін. Талаптарды ішкі мемлекеттік аудит комитеті (ИМАК) қарайды, ол сондай-ақ мемлекеттің бүкіл аумағында мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманың сақталуын бақылау үшін жауап береді. Мемлекеттік құрылымдар шеңберінде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің стандартты тізімін барлық сатып алулар үшін жауап беретін ИМАК мен Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті ҚР ҚМ-не қарайды. Талаптарды қарау кезінде ИМАК сатып алушы агенттіктен бөлек тұрады, дегенмен, ол мемлекеттік сатып алуға қандай да бір басқа қатысудан бос емес және бақылауға сондай жауапты әріптестердің іс-әрекеттерін бағалаудағы мүдделер қақтығысына тап болады. Қанағаттанбаған өтініш берушілер экономикалық сотқа өтініш бере алатынына қарамастан, қазіргі уақытта талаптармен жұмыс жасаудың оларды үкіметтік емес сарапшылар қарай алатындай тәуелсіз тетігі жоқ, алайда қазіргі уақытта мұндай тәуелсіз органды құру туралы мәселе белсенді қаралып жатыр. Бағалау - D.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
PI-24 Мемлекеттік сатып алулар (M2)	C+		
(i) - Сатып алулар мониторингі	A	Толық және дәл жазбалар көптеген сатып алулар үшін сақталады	Өлшемдер қайта құрылды
(ii) - Сатып алулардың әдістері	D	Бәсекелестік арқылы сатып алудың пайыздық мәні 65%-дан төмен	Өлшемдер қайта құрылды
(iii) - Сатып алулар туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуі	B	6 тармақтың ішіндегі 5-і goszakur.kz веб-сайтында баршаға қол жетімді	Енді 2005 жылмен салыстырғанда анағұрлым толық ақпарат қол жетімді
(iv) - Сатып алулар бойынша талаптарды басқару	D	Шағымдар мен талаптарды өңдеудің тәуелсіз тетігі жоқ	Өзгерістер жоқ

2.6.7 PI-25 ЕҢБЕКАҚЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ШЫҒЫСТАРДЫ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Бұл көрсеткіш бағалау жүргізу кезінде жүзеге асырылатын еңбекақыға жатпайтын шығыстарды бақылаудың тиімділігін бағалайды. Ол үш параметрді қамтиды, олар үшін ұпайлар M2 бағалау әдісін қолдану арқылы біріктірілген. Қамту: орталық үкімет. Кезең: бағалау сәтіне.

Қазақстанда еңбекақыға жатпайтын шығыстарды ішкі бақылаудың кең және дамып келе жатқан жүйесі бар. Нормативтік база 2016 жылғы Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (ИМАК) туралы ережемен көзделген (өзгерістермен), оған сәйкес ҚР ҚМ ИМАК (бұрын Қаржылық бақылау комитеті) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы бақылау функциялары бар уәкілетті орган болып табылады. Комитеттің мақсаты "қаржылық және басқарушылық ақпараттың дұрыстығын, мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын және мемлекеттік активтердің қауіпсіздігін талдау, бағалау және тексеру" болып табылады. Бұдан басқа, орталық үкімет деңгейінде 22 ішкі аудит бөлімі бар (PI-26 көрсеткіші шеңберінде егжей-тегжейлі талқылауды қараңыз). Комитеттің жұмысы сәйкестікке және қаржылық аудитке негізделген, ал ішкі аудит бөлімдері де тиімділік аспектілерімен айналысады. Ішкі аудит және бақылау әдіснамасын ҚР ҚМ Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті әзірледі. Комитеттің негізгі функцияларының бірі ішкі аудит қызметтерінің қажетті әдіснамалық және консультативтік көмек алуын қамтамасыз ету болып табылады. Ол сондай-ақ ішкі аудит қызметтерінің есептеріне талдау және ішкі аудит қызметтері қызметінің тиімділігін бағалауды жүргізеді. Бұдан басқа, ол

тәуекелдерді басқару жүйесінің мемлекеттік аудит үшін ұсынған объектілер бойынша ішкі аудит бөлімдеріне ақпарат жібереді.

D-25.1. МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ

Орталық атқарушы билік органдарындағы бақылау ортасы транзакцияның әр түрлі кезеңдерінде міндеттерді бөлуге үлкен көңіл бөледі: бастамашылық, бекіту, авторландыру және орындау. Басқарудың бұл құралдары заңнамамен және нормативтік актілермен ұйғарылады және нақты аудиторлық ізді қамтамасыз ете отырып, автоматтандырылған қаржы жүйелеріне кіріктірілген. Қазынашылық жүйесінің тұтастығы нақты мақсаттарға уәкілетті белгілі бір тұлғалардың шектеулі тобына қол жеткізуді ұсыну жолымен қорғалған; жүйе оған кім кіргенін және қандай мақсатта енгенін тіркейді. Тәуекелдерді басқару жүйелері міндеттерді бөлуге ерекше назар аударады. Бағалау-А.

D-25.2 ШЫҒЫСТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын барлық төлемдер e-MINFIN қазынашылық жүйесі арқылы өнделеді. Төлем орындалуы үшін ол бюджеттік қаржы бөлумен және ақшалай қаражаттың болуымен қамтамасыз етілуі тиіс. Міндеттемелер тапсырысты орналастырғанға дейін қаражаттың болуын талап ететін автоматтандырылған жүйе модулінің көмегімен бақыланады. Бағалау-А.

D-25.3 ТӨЛЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН РӘСІМДЕРІН САҚТАУ

Міндеттемелер мен төлемдердің барлық аспектілерін реттейтін ережелер мен рәсімдер егжей-тегжейлі баяндалған және тығыз иерархиялық қадағалауға жатады, сондай-ақ АТ-жүйелеріне біріктірілген. Рәсімдер жүйеге енгізілген және ерекше мән-жайлардан басқа жағдайларда бұзыла алмайды. Бағалау-А.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
PI-25-Еңбекақыға байланысты емес шығыстарды ішкі бақылау (M2)	A		
(i) - Міндеттерді бөлу	A	Міндеттерді толық және нақты бөлу	Жаңа параметр
(ii) - Шығыстар бойынша міндеттемелердің сақталуын бақылаудың тиімділігі	A	Күшті бақылау шаралары міндеттемелерді бюджет қаржысының болуымен және ақша қаражатының болуымен тиімді шектейді	Қазынашылықтың автоматтандырылған жүйесіне байланысты тиімділікті арттыру

iii) - Төлем ережелері мен рәсімдерін сақтау	А	Ережелер мен рәсімдерге сәйкестіктің деңгейі жоғары	Жақсартылған орындау сапасы
--	---	---	-----------------------------

2.6.8

2.6.9 PI-26 ІШКІ АУДИТ

Бұл көрсеткіш ішкі аудитте қолданылатын стандарттар мен рәсімдерді бағалайды. Ол төрт параметрден тұрады, оларды бағалау M1 бағалау әдісін пайдалану арқылы біріктірілген. Қамту: орталық үкімет. Кезең: 26.1 және 26.2 параметрлері – бағалау сәтіне. 26.3 параметрі- соңғы аяқталған қаржы жылы. 26.4 параметрі-бағалау үшін пайдаланылған аудит есептері соңғы үш қаржы жылында шығарылуы тиіс.

D-26.1 ІШКІ АУДИТТИ ҚАМТУ

Бұл параметр бағалау жүргізу кезінде ішкі аудитке қанша мемлекеттік органдар ұшырағанын бағалайды.

Шынайы ішкі аудиттің ішкі қаржылық бақылаудан айырмашылығы, ол Қазақстанда тұжырымдамалық жағдайда қалып отыр, өйткені ол тек 2017 жылдан бастап жұмыс істейді. "Ex-ante" ішкі қаржылық бақылау сипаты (өткен жағдай бойынша) мен жүйе жұмысының тиімділігі және қызметтерді ұсыну тиімділігі бойынша басшылыққа тәуелсіз ұсынымдар бертін шынайы ішкі аудит арасында айқындық болған жоқ. "Ішкі аудиторлар" деп аталатындар іс жүзінде "ex-ante" рөлдерін ойнады, бұл оларды, күтілгендей, өздері бағалуы тиіс жүйенің бір бөлігіне айналдырды. Бұл қарама-қайшылықты 2015 жылы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" жаңа заңда Үкіметтің мойындауы айқын болмады және ішкі аудит қазіргі уақытта барлық мемлекеттік мекемелерде іс жүзінде жұмыс істейді.

Орталық атқарушы билік органдарының барлық дерлік мемлекеттік шығындарын бірге қамтитын барлық министрліктер мен Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің енді 6-дан 16-ға дейін қызметкері бар жұмыс істейтін ішкі аудит бөлімдері бар. Президент әкімшілігін, Премьер-Министрдің кеңсесін және Есеп комитетін (ЕК) қоса алғанда, ішкі аудиті жоқ бірнеше үкіметтік мекемелер бар, бірақ олар мемлекеттік шығыстардың аз ғана үлесі үшін ғана жауапты. Тиісті министрліктердің басшылары құрған ішкі аудит департаменттері ІМАК әзірлеген нұсқаулықтарға сәйкес жұмыс істейді, аудиттің жылдық жоспарларын және одан кейін аудит субъектісі іске асыруға тиіс есептер мен ұсынымдарды дайындайды. Бағалау-А.

D-26.2 АУДИТТИҢ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СТАНДАРТТАРДЫҢ СИПАТЫ

Бұл параметр жүргізілген аудиторлық тексерулер мен бағалау жүргізу кезінде қолданылатын стандарттардың сипатын бағалайды. Ішкі аудиттің табиғаты мен көлемін түсіну үшін PEFA командасы Қаржы министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Білім министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің және Инвестициялар және даму министрлігінің Ішкі аудит бөлімдерінің қызметкерлерімен кездесті.

Осы талқылаулардан ішкі аудит ЕК әзірлеген тәуекелдерді басқарудың мемлекеттік жүйесін пайдаланылған тәуекелдерге негізделген қағидатқа негізделгені анық көрінеді. Аудит жүргізетін жұмыс жалпы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Сәйкестік,

жүйелер мен тиімділікке қатысты аудит бойынша күш салу теңгерімі айтарлықтай өзгеріп отырады. "Бұзушылықтарға" (сәйкес кемшіліктер) көп көңіл бөлінгеніне қарамастан, аудиторлардың есептері де бақылау жүйесінің тиімділігіне қатысты. ҚР ҚМ ІМАК барлық үкіметтік құрылымдар үшін ішкі аудит жөніндегі жұмыстың үйлестірушісі ретінде әрекет етеді. Бағалау-В

D-26.3 ІШКІ АУДИТТЕР МЕН ЕСЕПТІЛІКТІ ІСКЕ АСЫРУ

Бұл параметрде соңғы аяқталған қаржы жылындағы ішкі аудитті жоспарлау, енгізу және есептілік бағаланады (2017 ж.). 2015 жылғы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңға сәйкес ішкі аудит департаменттері өз функцияларын орындау кезінде тәуелсіз болып табылады және министрге/ұйым басшысына есеп береді. Қызметі аудитке жататын жауапты лауазымды адамдардың аяқталған аудиторлық есептерді алуға құқығы бар.

Жылдық жоспарларды барлық ішкі аудит департаменттері дайындады және негізінен жоспарларға сәйкес орындалды. 2017 жылы қаралған 5 департамент 134 аудитті жоспарлаған, оның 122 немесе 91% орындалды. Аяқталған есептер ІМАК үшін де, ЕК үшін де қолжетімді орталық деректер базасында орналастырылады, олар тексерілетін субъектілермен талқыланатын болады және ұйымдардың ескертулері толық ескерілетін болады. Есептерде әдетте ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін жақсарту жолдары туралы ұсыныстар бар. Бағалау-А.

D-26.4 ІШКІ АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛАТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕР

Бұл параметрде министрліктердің басшылығының соңғы үш жылдағы аудит ұсынымдарына жауап ретінде әрекет ету дәрежесі бағаланады (2015 – 2017 жж.)

Ішкі аудит тек 2017 жылдан бастап жұмыс істей бастағанын ескере отырып, министрліктер басшылығының іс-қимылдарын бағалау әлі ерте. Алайда, ішкі аудиторлар тікелей министрлердің алдында есеп береді, ал құрылымдық бөлімшелердің басшыларына әдетте мониторинг және орындалуын кейіннен бақылау арқылы жүргізілетін аудит бойынша ұсынымдарды орындауға бір ай береді деген оптимизмге негіз бар. Бағалау: қолданылмайды.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
PI-26 Ішкі аудит (M1)	B+		
(i) - Ішкі аудитті қамту	A	Ішкі аудит іс жүзінде барлық мемлекеттік мекемелерде қолданылады	2009 жылғы бағалауда ішкі аудитке емес, ішкі бақылауға басты назар аударылды.
(ii) - Аудиттің және қолданылатын стандарттардың сипаты	B	Басқару жүйесінің тиімділігіне назар аударылады	Жоғарыдағы (I) көрсеткішімен бірдей.
(iii) - Ішкі аудиттер мен есептілікті іске асыру	A	Аудит жоспарлары дайындалады, бұл ретте жоспарланған аудиттердің орындалуының жоғары пайызына іс жүзінде қол жеткізіледі	Жоғарыдағы (I) көрсеткішімен бірдей.
(iv) - Ішкі аудиторлардың қорытындылары негізінде қабылданатын іс-әрекеттер	Қолданылмады	Бағалау үшін тым ерте	Жоғарыдағы (I) көрсеткішімен бірдей.

2.7 VI БӨЛІМ: ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

Бұл бөлім үш көрсеткішті қамтиды - PI-27-ден PI-29-ға дейінгі.

PI-27 ҚАРЖЫЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ТҮТАСТЫҒЫ МЕН ТОЛЫҚТЫҒЫ

Бұл, ішінара, жаңа көрсеткіш банк шоттарын, транзиттік және аванстық шоттарды салыстырудың тұрақтылығын және ағымдағы процестер қаржылық деректердің тұтастығын қалай қолдайтынын бағалауға мүмкіндік береді. Ол төрт параметрлерден тұрады, ол бойынша бағалау M2 бағалау әдісін пайдалана отырып орташаланады. Қамту: орталық үкімет. Кезең: алғашқы үш параметр алдыңғы қаржы жылын қоса алғанда, бағалау сәтіне бағаланады, ал төртіншісі бағалау жүргізу сәтіне бағаланады.

D-27.1 БАНК ШОТЫН САЛЫСТЫРУ

Бұл параметр банктік шоттарды салыстырудың тұрақтылығын бағалайды. Бюджет кодексінің ережелеріне сәйкес республикалық (және мемлекеттік) бюджет субъектілерінің шоттарын тек Ұлттық банкте ұстауға құқығы бар. Осы ұйымдардың барлық шоттары бірыңғай қазынашылық шоттың (БҚШ) бөлігі болып табылады. Бұл шоттар үшін банкпен салыстыру күнделікті рәсім болып табылады. PEFA сыншарттары орталық үкіметтің бақылауындағы ұйымдардың барлық банктік шоттары үшін салыстырып тексеру рәсімдері туралы салыстырмалы ақпаратты бағалайды. Министрліктерге тиесілі және мемлекеттік функцияларды орындайтын әлеуметтік сақтандыру қорларының және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың банктік шоттары екінші деңгейдегі банктерде (коммерциялық банктерде) болады, сондықтан БҚШ-ға енгізілмеген. Барлық басқа банктік шоттар үшін салыстыру рәсімдері туралы басқа ақпарат жоқ болғандықтан, бағалау-D.

D-27.2 ТРАНЗИТТІК ШОТТАР

Бұл параметрде транзиттік шоттарды салыстыру және клиринг (нөлдеу) бағаланады. Бюджеттік сыныпнаманы есепке алу кодексіне сәйкес ақша сомалары үш күн ішінде "күту" транзиттік шоттарында қалуы мүмкін, ал қалдық қаржы жылының соңында нөлге тең болуы тиіс. "Күту" транзиттік шотындағы теңгерімнің ұлғаюына әкелетін кез келген жағдайды Мемлекеттік кіріс комитеті мен Ішкі мемлекеттік аудит комитеті хабарлайды және анықтайды, ал қалдықтар белгіленген кезеңде төлденеді. Бағалау-A.

D-27.3 АВАНСТЫҚ ШОТТАР

Бұл параметр салыстыру және аванстарды есептен шығаруды бағалайды. Аванстық шоттар уақтылы және тиімді салыстырылады және есептен шығарылады. ҚР ҚМ Ішкі Әкімшілендіру департаментінің Бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасы ұсынған ақпарат жыл соңындағы аванстық шоттар бойынша өтелмеген келесі қалдықтарды көрсетті:

Қызметкерлердің дебиторлық берешегі-126 млн. теңге

Қысқа мерзімді аванстар-2 836 млн. теңге

Барлығы-2 962 млн. теңге

Осы аванстық шоттардағы жалпы сома РБ шығыстарының 0.001 пайызынан аз болады. Қазынашылық комитеті бюджетті атқару жөніндегі ережеге сәйкес келісім-шарттар бойынша аванстар айлық негізде қадағаланатынын және салыстырылатынын, ал қызметкерлерге аванстар еңбек арқылы реттелетінін және ұсталатынын мәлімдейді. Бағалау-А.

D-27.4 ҚАРЖЫЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ТҰТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРОЦЕСІ

Бұл жаңа параметр дәлдігі мен толықтығы тұрғысынан анықталатын деректердің бүтіндігін бағалайды. Жоғары стандарттар қаржылық есептілікті өзгерту үшін деректерге және өкілеттіктерге қол жеткізу тұрғысынан қолданылады. E-MINFİN жүйесі жүйеге жүгінудің барлық жағдайларын, сондай-ақ оны қандай тұлға жасағанын тіркейді. Жеке есеп беруді қамтамасыз ететін және кез келген жүйеге кіру әрекеттерін анықтайтын деректердің тұтастығын қолдау үшін нақты аудиторлық із бар.

БҚШ басқаратын және барлық жүйе шеңберінде банктік рәсімдер мен тәжірибені қадағалауды жүзеге асыратын ҚРҰБ үш кезеңдік бағалау өткізді, олардың әрқайсысы қанағаттанарлық сапаны көрсетті. Бағалау-А.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
PI-27-Қаржылық деректердің тұтастығы (M2)	B+		
(i) - Банктік шотты салыстыру	D	БҚШ үшін күн сайын жүргізіледі, бірақ ақпарат орталық үкіметтің бақылауындағы ұйымдардың басқа банктік шоттары үшін деректерді салыстыру рәсімдеріне қатысты қол жетімсіз	2009 жылдан бастап өзгеріссіз
(ii) - Транзиттік шоттар	A	Жылдам клиринг (нөлдеу)	2009 жылдан бастап өзгеріссіз
(iii) - Аванстық шоттар	A	РБ шығыстарының аз ғана пайызын қамтиды және тез салыстырылады және есептен шығарылады (нөлге теңестіріледі). Ай сайынғы жүргізілетін салыстыру деректерді растайды.	2009 жылдан бастап өзгеріссіз
(iv) - Қаржылық деректердің тұтастығын қамтамасыз ету	A	Нақты аудиторлық ізі бар тиімді процестер	Жаңа параметр

процесі			
---------	--	--	--

PI-28 ЖЫЛ ІШІНДЕ ҰСЫНЫЛАТЫН БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕР

Бұл көрсеткіш бюджеттің атқарылуы туралы ақпараттың толықтығын, дәлдігін және уақыттылығын бағалайды. Ол үш параметрден тұрады, олар үшін балдар М1 есептеу әдісін пайдалана отырып, көрсеткіш бойынша жалпы бағалау үшін біріктірілген. Барлық параметрлер соңғы аяқталған қаржы жылына (2017 жыл) қатысты бағаланады. Қамту: орталық үкімет. Кезең: соңғы аяқталған қаржы жылы.

D-28.1 ЕСЕПТЕРДІ ҚАМТУ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРУ

Бұл параметр жылдың ішінде бюджеттің атқарылуы туралы мерзімді есептердегі ақпараттың бастапқы бекітілген бюджетпен салыстырмалылығын бағалайды. Параметр есептерді жариялау қажеттілігін қарастырмайды.

ҚР ҚМ -нің ай сайынғы негізде жариялайтын бюджеттің атқарылуы туралы ішкі жылдық есептері кірістер мен шығыстардың бөлінуін әкімшілік, функционалдық және бағдарламалық сыныпнамалар бойынша бастапқы бюджетпен салыстыруда көрсетеді. (Экономикалық сыныптау жылдық есептерде келтірілген, бірақ бастапқы бюджет үшін берілмеген.) ЖАО трансферттерін қоса алғанда, республикалық бюджет ұйымдарының барлық шығыстары есептермен қамтылады. Нақты деректер ағымдағы жылға арналған жоспарлы сандармен, сондай-ақ жылдық бюджеттік көрсеткіштермен салыстырылады, бірақ нақты деректерді бастапқы бекітілген бюджеттік жоспарлармен емес, түзетілген және нақтыланған жоспарлы сандармен салыстыруға басты назар аударылады. Осы параметр бойынша бағалау - А.

D-28.2 ЖЫЛДЫҚ БЮДЖЕТТІК ЕСЕПТІЛІКТІ ЖАСАУ МЕРЗІМДЕРІ

Бұл параметр жыл ішінде есептілікті ұсыну жеделдігін бағалайды. Қазынашылық комитеті ұсынған ақпарат негізінде ҚР ҚМ Есептілік және мемлекеттік қаржы статистикасы департаменті ай сайын бюджеттің атқарылуы туралы есептерді келесі айдың онына дейін жариялайды. Рәсімдер Қаржы министрінің 2-12-2016 № 630 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларының" талаптарына сәйкес келеді. Есептер тиісті қызметкерлерге ұсынылады, ақша сомасын көрсетеді, нақты ақша сомаларының бюджетте жоспарланғаннан айтарлықтай ауытқулары бойынша талдау мен түсініктемелер береді. Бағалау-А.

D-28.3 ЖЫЛ ІШІНДЕГІ БЮДЖЕТ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ ДӘЛДІГІ

Бұл параметр есептік ақпараттың шынайылығы мен көлемін бағалайды. Жыл ішіндегі бюджеттік есептіліктегі сенімді АТ жүйелерімен жасалған деректердің дәлдігіне және тіркейтін міндеттемелерге, сондай-ақ төлемдерге қатысты ешқандай күмән жоқ. Бағалау-А.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
PI-28-Жыл ішінде ұсынылатын бюджеттің атқарылуы туралы есептер (M1)	A		
(i) - Есептерді қамту және салыстыру	A	Әкімшілік, функционалдык, бағдарламалық және экономикалық сыныпнамаға сәйкес ай сайынғы есептер жарияланады	Өзгерістер жоқ
(II) - Жылдық бюджеттік есептілікті жасау мерзімдері	A	Ай аяқталғаннан кейін, екі апта ішінде дайындалатын ай сайынғы есептер	Ешқандай өзгерістер жоқ, бірақ баға алу үшін қатаң стандартқа сәйкес болу қажет (2 апта құрастыру үшін)
(iii) - Жылдық бюджеттік есептіліктің дәлдігі	A	Есептер дәл және міндеттемелерді қамтиды	Өзгерістер жоқ

Қайнар көзі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты

D-29.1 PI-29 ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТЕР

Бұл көрсеткіш жылдық қаржылық есептіліктің толықтығы мен уақыттылығын және оның жалпы қабылданған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді. Онда үш параметр бар, олар бойынша балдар M1 әдісін пайдалана отырып, көрсеткіш бойынша жалпы бағалау үшін біріктірілген. Осыған ұқсас қаржылық есептер осы көрсеткіш үшін, сондай-ақ олар бойынша аудиторлық жұмысты бағалайтын PI-30 және Парламенттің аудиторлық есептер жөніндегі жұмысын қарайтын PI-31 үшін қарастырылады. Қамту: орталық үкімет. Кезең: 29.1 үшін-соңғы аяқталған қаржы жылы; 29.2 үшін – аудитке берілген соңғы жылдық қаржылық есеп; 29.3 үшін – соңғы үш жылдағы қаржылық есептер.

D-29.1 ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ТОЛЫҚТЫҒЫ

Бұл параметрде соңғы аяқталған қаржы жылы үшін жылдық қаржылық есептіліктің толықтығы бағаланады (аудитке жататын 2017 жыл). А бағасын алу үшін бекітілген бюджетпен және кірістер, шығыстар, қаржылық және қаржылық емес активтер, міндеттемелер, кепілдіктер және ұзақ мерзімді міндеттемелер туралы, сондай-ақ ақша қаражатының қозғалысы туралы толық ақпаратпен салыстыруды қамтамасыз ету қажет.

Әр министрлік жариялайтын жылдық қаржылық есептілік ҚР ҚМ 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен реттеледі. Бұл жылдық қаржылық есептер бюджеттің атқарылуы туралы есепті, ұзақ мерзімді міндеттемелерді қоса алғанда балансты, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті және түсіндірме жазбалармен бірге таза активтердегі өзгерістер туралы есепті қамтиды. 2013 жылдан бастап шығыстар

есептерде есептеу әдісі негізінде, ал кірістер 2018 жылға дейін кассалық әдіс негізінде есепке алынды. 2017 жылы РБ үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік дайындалды, бірақ әлі жарияланбаған немесе СК ұсынылмаған. Үкімет 2018 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі шоғырландырылған қаржылық есептілікті жариялауға ниетті, ол Есеп комитеті жүзеге асыратын бюджеттің атқарылуы жөніндегі жылдық аудит үшін негіз болады. ЕК есебінде жыл сайын осы күнге дейін негізгі назар Үкіметтің бюджеттің атқарылуы туралы есебіне аударылды, ол тек кірістер мен шығыстарды қамтиды, сондықтан 2017 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есеп осы параметрді бағалау үшін негіз болып табылады.

ҚР ҚМ 2019 жылы бюджеттің атқарылуы туралы есепті есептеу әдісі бойынша (2018 жылға арналған бюджетке қатысты) және 2020 жылы мемлекеттік сектордың шоғырландырылған қаржылық есептілігін (ГП және ГРП қоса алғанда) (2019 жылға арналған бюджетке қатысты) толығымен дайындауды жоспарлап отыр. Қаржылық емес активтерді бағалауға дайындық бойынша кейбір жұмыстар атқарылды, бірақ бұл жұмыс айтарлықтай уақыт алады. Бағалау-С.

D-29.2 СЫРТҚЫ АУДИТ ҮШІН ЕСЕПТЕРДІ ҰСЫНУ

Бұл параметрде соңғы ұсынылған есеп негізінде сыртқы аудит үшін салыстырылған жылдық қаржылық есептерді уақтылы ұсыну бағаланады. Ең дұрысы, PEFA әдіснамасы тұрғысынан, бұл есепті кезең аяқталғаннан кейін үш ай ішінде болуы тиіс.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бюджеттің атқарылуы туралы соңғы жылдық қаржылық есептілік Есеп комитетіне 2018 жылғы наурыз айының соңына дейін ұсынылды. Бағалау-А.

D-29.3 ЕСЕПКЕ АЛУ СТАНДАРТТАРЫ

Бұл параметрде жылдық қаржылық есептіліктің есепті пайдаланушыларға түсінікті болу дәрежесі бағаланады. Ол соңғы үш қаржы жылын-2015-2017 жж. қарастырады.

Үкімет мемлекеттік сектордағы (IPSAS) есеп пен есептіліктің халықаралық стандарттарын қабылдау және қолдану жөнінде жақсы жұмыс жүргізді. Қаржылық есептілікті жақсарту ҚР ҚМ-нің басымдылығы болды және болып қала береді.

Жоғарыда көрсетілгендей, 2013 жылдан бастап әрбір министрлік қалыптастыратын қаржылық есептілікте шығыстар - есептеу әдісінің негізінде, ал кірістер кассалық әдіс негізінде 2017 жылдың ортасына дейін есепке алынды. 2017 жылдың ортасынан кейін, кірістер де есептеу әдісі негізінде есепке алынды. Бұл тәжірибе 2017 жылдың ортасына дейін қолданылды, сондай-ақ қаржылық есептерге түсіндірме жазбаларды қоса алғанда, барынша міндетті ақпарат берілді. Ал ол аралықты осы уақытқа дейін Үкіметтің ЕК (PI-30) және Парламент (PI-31) қараған бюджеттің атқарылуы туралы есептері жылдан жылға дәйекті бола тұра, бірақ IPSAS талаптарын сақтау үшін қажетті кірістер мен шығыстар бөліктерінен басқа материалдардың едәуір бөлігін қамтымады. Егер қаржылық есептілікті министрліктер деңгейінде қарайтын болсақ, онда А бағасы қойылуы мүмкін. Бірақ сыншарт ЕК аудиті үшін ұсынылатын бюджеттің атқарылуы бойынша жылдық есептерге негізделгендіктен, бағасы қойылады. Үкімет 2018 жылға арналған республикалық бюджет үшін республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша есепті 2019 жылғы есептеу әдісінің негізінде және Үкіметтің 2020 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігін (2019 жылға) дайындаған кезде бағалау автоматты түрде "А" - ға дейін жақсартады.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
PI-29-Жылдық қаржылық есептер (M1)	C+		
(i) - Жылдық қаржылық есептіліктің толықтығы	C	Аудиторлық жұмыстың объектісі болып табылатын Үкімет бюджетінің атқарылуы туралы есеп тек кірістер мен шығыстарды, сондай-ақ мемлекеттік борыштың қозғалысын ғана қамтиды	Өзгерістер жоқ
(ii) - Сыртқы аудит үшін есептерді ұсыну	A	Үкіметтің жылдық қаржылық есептері Есеп комитетіне 25 наурызға дейін (қаржы жылы аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде) ұсынылған	Базалық өзгерістің болмауы: 2005 жылмен салыстырғанда қиындатылған өлшемдер
(iii) - Есепке алу стандарттары	C	Үш жыл ішіндегі бюджеттің атқарылуы туралы шоғырландырылған есептер бір жылдан кейінгі жылға сәйкес келеді және бухгалтерлік есеп бойынша түсіндірмелерді қамтиды, бірақ IPSAS сақтау үшін қажетті ақпараттың көп бөлігі енгізілмеген.	Өзгерістер жоқ

2.8 VII БӨЛІМ: СЫРТҚЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Рi-30 және Рi-31 тиімділік көрсеткіштері сыртқы аудит қызметін және заң шығарушы органның сыртқы аудит нәтижелерін пайдалануын қарастырады.

Рi-30 СЫРТҚЫ АУДИТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Көрсеткіш сыртқы аудиттің сипаттамасын зерттейді. Оның М1 әдісіне сәйкес көрсеткіш бойынша жалпы бағалауға жинақталған төрт параметрі бар. Қамту: орталық үкімет. Кезең: 30.1, 30.2 және 30.3 параметрлері – соңғы үш қаржы жылы; 30.4 параметр – бағалау сәтіне.

Есеп комитеті (ЕК) 2015 жылғы қарашадағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" заңға сәйкес Үкіметтің сыртқы аудиторы ретінде әрекет етеді. 12-бапта барлық республикалық бюджетті қамтитын тиімділік және сәйкестік аудиті міндеттерінің кең спектрі ұсынылған. ЕК-нің өкілеттік саласы ұлттық холдинг компанияларының стратегиялары мен бюджет қаражатын пайдалануының барлық аспектілерін іске асыруына қатысты тиімділігін бағалауға да қолданылады. Аудиторлық функцияға қосымша ЕК (27-бап) Парламентке ұсынғанға дейін бюджет жобасының Үкіметтің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі басымдықтарына сәйкестігін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл талап халықаралық практиканың көп бөлігіне сәйкес келмейді және кейіннен ол шығыстардың тиімділігін бағалауға кіріскен кезде ЕК тәуелсіздігін бұзу тәуекеліне алып келуі мүмкін. ЕК өкілдері өз функцияларының Үкіметтің мақсаттарына қол жеткізу үшін ықтимал тәуекелдерді анықтауға қолданылатынын және олардан нақты балама нұсқаларды немесе ұсыныстарды ұсыну талап етілмейтіндігіне нұсқайды. Сондықтан, оның пікірінше, оқиға жасалғаннан кейін, ол аудитор ретінде әрекет еткен кезде мүдделер қақтығысы болмайды. ЕК ІМАК және әрбір министрліктің ішкі аудит қызметтерінің жұмысын үйлестіру және бағалау, сондай-ақ мемлекеттік аудит жұмысының барлық нәтижелерінің бірыңғай дерекқорын қолдау өкілеттігіне ие бола отырып, елдің ішкі және сыртқы мемлекеттік аудит құрылымында басты орын алады. ЕК, сондай-ақ, орталық және жергілікті билік органдарында қолдану үшін аудит стандарттары мен әдістерін әзірлеуге, сондай-ақ мемлекеттік секторда жұмыс істеу үшін аудиторларды оқыту мен сертификаттауды жүргізуге міндетті.

D-30.1 АУДИТТІҢ ҚАМТУЫ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАРЫ

ЕК өкілдері олардың аудиторлық жұмысы 2015-2017 жылдары республикалық бюджет шығындарының 75 пайызын жапқанын атап өтті. Тиімділік аудитінен және ЕК-нің сәйкестігінен басқа, сондай-ақ әрбір министрлік дайындаған жылдық қаржылық есептіліктің "шынайылығы мен нақтылығын" бағалау қажет. Бірақ ЕК ек жыл сайынғы негізде әрбір министрлік бойынша есеп немесе қорытынды әзірлемейді. Осы уақытқа дейін нақты жылға қатысты ЕК жұмысы Үкіметтің бюджетті атқару жөніндегі есебіне шоғырланған. 2019 жылдан бастап (яғни 2018 жылғы қаржылық есептілікке қатысты) ЕК республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне, сондай-ақ әрбір министрлік дайындаған қаржылық есептерге аудит жүргізетін болады. ЕК қаржылық аудитін жүзеге асыруда едәуір дәрежеде ІМАК жұмысына сүйенеді. 2016 жылға арналған бюджеттің атқарылуы туралы есептің қысқаша түйіндемесінің соңындағы ұсынымдардан халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүйелі проблемалар да есептік ақпараттың дұрыстығы сияқты назарға алынатыны түсінікті

болды. ЕК ақпаратына сәйкес, 2017 жылы олардың аудиторлық жұмысының негізгі көрсеткіштері бойынша 8 737 млрд. теңгенің 17 пайызында қателер мен кемшіліктер анықталған, оның 3,5 пайызы қалпына келтіруге жататын қаржылық бұзушылықтар болған; 307 млрд. теңгенің 198 млн. теңгесі іс жүзінде қалпына келтірілгені. ЕК жұмысы қазіргі уақытта Эстонияның жоғары қаржылық бақылау органының сараптамалық бағалауының тақырыбы болып табылады. Бағалау-В.

D-30.2 АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРГАНҒА ҰСЫНУ

Өткен жылғы ЕК-нің Үкімет бюджетінің атқарылуы туралы есеп бойынша есебі Парламентке 15 мамырға дейін ұсынылады (2015 жылғы заңның 44-бабы). Мұндай мерзімді сақтау үшін ЕК аудиторлық топты ҚР ҚМ-не әрбір жылдың қаңтар айынан бастап Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеп аяқталғанға дейін жібереді (бюджетті атқару жөніндегі есепті дайындау әдетте наурыз айының соңына қарай аяқталады). ЕК есебі бюджеттің атқарылуы туралы есепті алған күннен бастап шамамен алты апта ішінде 2015-2017 жж. кезеңінде әрбір жылдар үшін уақтылы жасалды. ЕК, сондай-ақ, тоқсан сайын Парламентті өзінің қызметі туралы хабардар етеді. ЕК бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп туралы қорытындының қысқаша үзіндісін ғана жариялайды; басқа есептер баспасөз релизінің тақырыбы бола алады және жарияланбайды. Бағалау-А.

D-30.3 АУДИТ ҰСЫНЫМДАРЫНАН КЕЙІНГІ ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Аудиттен өткен мемлекеттік органдар аудиторлардың ұсынымдары мен нұсқаулықтарының орындалуы туралы ақпарат беруге міндетті (2015 жылғы заңның 37-бабы). Бұл талап, сондай-ақ, алдыңғы заңда белгіленген 2015-2017 жылдар ішінде қолданылған. 2017 жылы анықталған қаржылық бұзушылықтардың үштен екісі бойынша тиісті іс-әрекеттер жасалды; бұл аудит нәтижелерінің сақталуы мен пәрменділігін растайды. Бағалау-А.

D-30.4 ЖОҒАРЫ ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУ ОРГАНЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ (ЖҚБО)

ЕК өзінің аудиторлық жұмысын орындау кезінде Үкіметке тәуелді емес, бірақ оның төрағасын қызметке республика Президенті тағайындайды және қызметтен босатады, ол сондай-ақ ЕК қызметкерлерінің санын бақылауды жүзеге асырады. ЕК Президент алдында, сондай-ақ Парламент алдында есеп береді, бірақ ЕК бюджеті мен оның қызметкерлерінің ақысын Парламент емес, Үкімет бақылайды. ЕК ресурстары өте шектеулі: заңға сәйкес Комитетке 2015 жылы аудитті үйлестіру және аудиторларды оқыту, 2019 жылдан бастап Республикалық бюджеттің шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық қорытындыны қамтамасыз ету бойынша елеулі қосымша міндеттер берілгеніне қарамастан, штат кестесі (Комитеттің тоғыз мүшесін қоса алғанда 141 қызметкер) ұлғайған жоқ. Бағалау – D.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
PI-30-Сыртқы аудит (M1)	D+		

30.1-Аудиттің қамту және стандарттары	В	РБ-тің 75% - ға жуығы 2015-2017 жылдары ЕК аудитімен қамтылды. Аудиттер шығыстардың тиімділігіне, сондай-ақ заңдарға сәйкестігіне бағытталған және министрліктердің жылдық қаржылық есептілігін қарауды қамтыды. Аудиттер INTOSAI (ЖҚБО) стандарттарына сәйкес өткізілді	Аудиторлық жұмыс 2009 жылдан бастап айтарлықтай дамыды және 2015 жылғы заң ЕК-не қосымша міндеттерді жүктеді, сондай-ақ әрбір министрлікте ІМАК-мен және ішкі аудит қызметтерімен өзара қарым-қатынасты нақтылады
30.2-Аудиторлық есептерді заңнамалық органға ұсыну	А	Бюджеттің орындалуы туралы есептер Парламентке 2015-2017 жылдардың әрқайсысында жыл соңына қарай 5 ай ішінде ұсынылды	2009 жылдан бастап есеп беру мерзімі өзгеріссіз қалды.
30.3-Аудит ұсынымдарынан кейінгі шараларды қабылдау	А	Аудиттен өткен ұйымдар әдетте аудиттің ұсынымдары мен нұсқаулықтарын басшылыққа алады, бұл туралы іс жүзінде қалпына келтірілген мақсатсыз және тиімсіз шығыстардың едәуір бөлігі куәландырады	Кейбір айқын жақсарулар.
30.4-Жоғары қаржы бақылау органының тәуелсіздігі (ЖҚБО)	Д	Төрағаны Республика Президенті тағайындайды және босатады. Персоналдың санын Президент бақылайды, ал қаржы ресурстарын Парламент емес, Үкімет айқындайды	Жаңа параметр

2.8.1 РІ-31 ЗАҢНАМАЛЫҚ БИЛІК ОРГАНЫНЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ҚАРАУЫ

Бұл көрсеткіш орталық үкіметтің және оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының аудиттелген қаржылық есептерін қараудағы заңнамалық органның рөлін бағалайды. Атап айтқанда, (А) заңнамада заңнамалық органға аудиторлық есептер беру жөніндегі талап бар ма немесе (Б) жетекшілік ететін министрлік сұрақтарға жауап беруге және өзінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының атынан шаралар қабылдауға тиіс пе. Ол төрт параметрден тұрады және бағалауды біріктіру үшін М2 әдісін пайдаланады. Қамту: орталық үкімет. Кезең: соңғы үш қаржы жылы.

Д-31.1 АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕПТІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДЕРІ

Өткен жылғы бюджеттің атқарылу аудиті бойынша ЕК -нің есебі Парламентке 15 мамырға, Үкіметтің бюджеттің атқарылуы туралы есебімен бірге ұсынылады. Екі Палата да осы құжаттарды белсенді зерделейді және ол маусым айының соңына қарай аяқталады. Бағалау-А.

D-31.2 АУДИТ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТЫҢДАУЛАР

Қазіргі уақытта ЕК министрліктердің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық қорытындылар бермейді. Үкіметтің және ЕК Бюджеттің атқарылуы бойынша есептерін талқылау үшін министрліктер және ЕК өкілдерімен тыңдаулар өткізіледі. Тыңдаулар кезінде аудиторлық есептер осы тыңдаулардың міндетті басты назар аудару нысаны болып табылмайтындықтан және олар аудиторлық қорытындыларға байланысты еместігіне орай бағалау - С.

D-31.3 ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ БИЛІК ТАРАПЫНАН АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

Парламент ресми түрде Үкіметке жіберілетін бюджетті атқару жөніндегі өз тұжырымдары мен ұсынымдарында ЕК ұсынымдарына сүйенеді. Парламент келесі жылға арналған бюджет жобасын қарау кезінде берілген ұсынымдар бойынша Үкіметтің жауабы мен іс-әрекеттерін жүйелі түрде қадағалайды. Бағалау-А.

D-31.4 ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАННЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ҚАРАУЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ

Комитеттер өткізетін тыңдаулар мен Парламенттің екі палатасының жалпы отырыстары жұртшылық үшін ашық. Үкіметке жіберілетін есеп парламенттік веб-сайттарда жарияланады. Бағалау-А.

Көрсеткіш/Параметр	2018 ж. бағалауы	2018 ж. бағалаудың негіздемесі	2009 жылмен салыстырғанда өзгеріс және басқа факторлар
РІ-31-Заң шығарушы билік органының аудит қорытындыларын қарауы (М2)	В+		
31.1-Аудиторлық есепті тексеру мерзімдері	А	Бюджеттің атқарылуы туралы жыл сайынғы аудиторлық есепті қарау оны Парламентке ұсынғаннан кейін 6 апта ішінде аяқталады	Өзгерістер жоқ
31.2-Аудит нәтижелері бойынша тыңдаулар	С	Кейбір тыңдаулар шығыстарға жауапты министрліктердің қатысуымен өткізіледі	Өзгерістер жоқ

31.3-Заң шығарушы билік тарапынан аудит бойынша ұсыныстар	А	ЕК есебіндегі ұсынымдар Парламенттің Үкіметке ұсынымдарын әзірлеу үшін негіз ретінде пайдаланылады	2009 жылмен салыстырғанда аудиторлық есепке көп көңіл бөлінеді.
31.4-Заң шығарушы органның аудиторлық есептерді қарауының ашықтығы	А	Барлық тыңдаулар жұртшылық үшін ашық, ал Парламенттің Үкіметке ұсынымдары Парламенттің веб-сайтында жарияланады.	Жаңа параметр

4 MEMЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

2.9 4.1 MEMЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН КЕШЕНДІ БАҒАЛАУ

I - бөлім: бюджеттің дұрыстығы (PI 1-3)

1. PEFA (B, C + және C тиісінше) әдіснамасының алғашқы үш көрсеткіштерін бағалау Қазақстандағы бастапқы бекітілген мемлекеттік бюджеттердің дұрыстығында кемшіліктерін көрсетеді. Нақты жиынтық шығыстарда (PI-1) және шығыстар құрылымында (PI-2) ауытқу есепті кезең ішінде нақты және жоспарланған кірістер арасындағы алшақтық сияқты елеулі болып табылады. Алайда, күтпеген жағдайлар кезінде резервтерді барынша аз пайдалану оң жағдайлардың бірі болып табылады. Үлкен ауытқуларға әсер ететін факторлардың бірі жылдық бюджет жобасын Парламентке, яғни 1 қыркүйектен кешіктірмей (бюджеттік жыл басталғанға дейін төрт ай) ұсыну болып табылады. Бұл дәстүрлі түрде бюджеттік нақтылауға (парламентшілердің мақұлдауын талап ететін түзетулерге) әкеледі, олар ағымдағы бюджеттік жылы жеткілікті ерте (әдетте, бірінші тоқсанның соңына қарай) енгізіледі. Жыл ішінде әдетте нақты көрсеткіштерді бастапқы бекітілген сомамен емес, қайта қаралған бюджеттік деректермен салыстыру жасалып отыратыны атап өту қажет. Осылайша, бұл бюджетті орындау көрсеткіштерінің жылдың соңына 100 процентке өте жақын болатынына ешкім таңданбайды.

2. Кірістерге қатысты (PI-3), нақты кіріс қарастырылып отырған үш жылдың екі жылының бюджетінен асып түсті. РБ кірістерінің жартысына жуығы ҚРҰҚ аударылатын көмірсутегі бойынша алынған кірістерден түседі, олардың кепілдік берілген сомасы 2021 жылдан бастап 2 трлн. теңгеден аспауы тиіс. РБ кірістерінің екінші жартысы-бұл барлық салық түрлері бойынша алынатын салық түсімдері. Мұның өзінде барлық негізгі салықтардан түскен табыстар құбылмалылықты және әлемдік экономика мен нарықтардың жай-күйіне тәуелділікті көрсетті.

II - бөлім: Мемлекеттік қаржының ашықтығы (PI 4-9)

3. PI-4 бойынша, бюджеттік сыныптау орталық үкімет бюджетінің сыныптау жүйесі мен МҚС/COFOG стандарттары арасында кейбір сәйкессіздік бар. Функционалдық сыныптама 15 санаттан тұрады, ал COFOG стандарты 10 санаттан тұрады. Негізгі айырмашылық Қазақстандағы "Экономикалық мәселелер" санаты төрт субфункционалды кіші топқа бөлінеді. Бұдан басқа, Парламентке ұсынылған бюджет жобасы экономикалық сыныпнаманы қамтымайды, алайда шығыстардың экономикалық бөлінуі бір жылғы есептерге енгізіледі. Осыған байланысты D бағасы қойылды.

4. Қаржылық есептерден тыс орталық үкіметтің операцияларына қатысты маңызды мәселелер бар (PI-6). Көптеген мемлекеттік операцияларды қызметі бюджетте толық көрсетілмеген, мемлекет жүз пайыз қатысатын компаниялар жүзеге асырады және одан әрі олар бойынша есептілік Парламентке және қалың жұртшылыққа ұсынылмайды. 2017 жылы РБ шығыстарының 10 процентінен асатын сомадағы әлеуметтік сақтандыру қорларының, РМК мен мемлекеттік университеттердің шығыстары қаржылық есептерге енгізілмеген, бұл D бағалауына алып келді. Алайда, жылдық есептер тиісті министрлікке келесі жылдың мамыр айында ұсынылады.

5. Жергілікті билік органдарына берілетін қаржылық трансферттердің тетіктері (PI-7) кейбір жағдайларда жақсы жұмыс істейді, бірақ басқа жағдайларда қанағаттанарлық емес. Жалпы трансферттер ережеге негізделген және ашық өлшемдерді ескере отырып, үш жыл ішінде тіркеледі, бірақ нысаналы трансферттер әрбір нақты жағдай үшін жеке қаралады және трансферттердің мөлшері бюджетті қабылдағанға дейін ЖАО-ға жеткізілмейді.

6. Қызметтерді ұсынудың тиімділігі туралы ақпаратқа қатысты жағдай (PI-8) бағалау бойынша бір мәнді болып табылмайды. Неғұрлым жоғары бағалар тиімділікті жоспарлау және қызметтерді ұсынатын органдардың нақты алған ресурстары туралы ақпарат бойынша көрсетілген. Бірақ нәтижелерге қол жеткізу туралы есептілік үшін неғұрлым төмен бағалар және қызметтерді ұсынудың тәуелсіз бағасы қойылған. Қазақстан заңнамалық органға (PI-5, B бағасы) бюджеттік ақпаратты ұсынғаны үшін жеткілікті жақсы бағаланады, бірақ кең жұртшылыққа қаржылық ақпаратты ұсынғаны және қол жеткізгені үшін PI-9 бойынша (D бағасы) жақсы емес.

III - бөлім: Активтер мен міндеттемелерді басқару (PI 10-13)

7. Тұтастай алғанда қаржылық тәуекелдер бойынша есептілік (PI-10) мемлекеттік-жеке әріптестік және мемлекеттік кәсіпорындардың қызметі тарапынан туындайтын шартты міндеттемелерді ескермейді. 2018-2020 жылдарға арналған бюджет туралы заң РБ деңгейінде МЖӘ бойынша берешек сомасына лимитті белгіледі және іс жүзінде жасалған келісім-шарттар қазіргі уақытта бірыңғай ақпараттық деректер базасында жарияланды. Алайда, ЖАО мониторингін, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептерді және тексеру комиссиясының есептерін барлық жергілікті атқарушы органдар жыл аяқталғаннан кейін 9 ай ішінде, мемлекеттік бюджет туралы жыл сайынғы шоғырландырылған есеп сияқты (осы параметрді бағалау) жариялайды.

8. Мемлекеттік инвестицияларды басқару саласы PI-11 жаңа көрсеткішінің бағалау тақырыбы болып табылады. Жақсы бағалар экономикалық бағалау және мемлекеттік инвестициялардың басымдықтарын анықтау үшін белгіленеді, бірақ ашықтық неғұрлым төмен бағалаумен бағаланады, оған әрбір жоба бойынша жарияланған жалпы күрделі шығыстардың болмауы және жобаны іске асыру туралы шоғырландырылған есеп әсер етті. Сондықтан көрсеткіш (индикатор) бойынша жалпы баға - C +.

9 Мемлекеттік активтерді басқару PI-12 жаңа индикаторына сәйкес бағалау үшін тағы бір тақырып болып табылады және ол бойынша PI-11 жағдайындағы сияқты ұқсас көрініс байқалады. C+ көрсеткішінің жалпы бағасы қаржы активтерінің қаржылық көрсеткіштері бойынша тұрақты шоғырландырылған есептердің болмауымен, сондай-ақ Қазақстан Үкіметінің мемлекеттік активтерді сатып алушылардың жария болуын қаламауымен және қаржылық емес активтердің толық тіркелімінің болмауымен түсіндіріледі.

10. III - бөлім - Мемлекеттік борыштарды басқару шеңберінде қаралатын соңғы индикаторға (көрсеткішке) қатысты - Қазақстан мемлекеттік борыш пен мемлекеттік кепілдіктер бойынша есепке алу мен есептілік үшін, сондай-ақ оған сәйкес мемлекеттік борыштық міндеттемелер мен кепілдіктер бекітілетін үрдіс үшін жақсы бағаланады. Екі параметр де A бағасын алды. Қалған параметр жарияланған борышты басқару стратегиясына қатысты; бұл салада ҚР Қаржы министрлігінің Стратегиялық жоспары борыштық құралдар немесе өтеу мерзімдері туралы егжей-тегжейлі ақпаратты көрсетпей, мемлекеттік қарызды басқарудың жалпы мақсаттарын ғана көздейді.

IV - бөлім: Салық-бюджет стратегиясы және саясат мақсаттарына сәйкес бюджеттеу (PI 14-18)

11. Жалпы PI-14 (макроэкономикалық және фискалдық болжау) бойынша нәтижелер өте жақсы. Макроэкономикалық және фискалдық болжамдарда пайыздық мөлшерлемелер мен айырбас бағамы (D бағасы) туралы ақпарат жетіспейді, алайда фискалдық болжамдар қолайлы және қанағаттанарлық (B бағасы). Ұлттық экономика министрлігі Әлеуметтік-экономикалық дамудың 5 жылға арналған болжамын дайындайды, оны Үкімет бекітеді және Парламентке бюджет жобасымен бірге ұсынылады. Жоспарлар 3 жыл алға жасалған макроэкономикалық және біріктірілген фискалдық болжамдарды қамтиды және жыл бойы жаңартылады. Алдыңғы болжамдардағы өзгерістердің кейбір түсініктемесі бюджеттің атқарылуы туралы есептерде келтіріледі. Макроэкономикалық сезімталдықты талдау кезіндегі экономикаға әсерін сандық бағалау немесе баламалы макроэкономикалық болжамдар, әсіресе мұнай бағасына қатысты, жоқ.

12. Фискалдық стратегия (PI-15) бойынша жаңа индикаторға келетін болсақ, Қазақстан жақсы бағаланды - барлық үш параметр тиісінше А, А және В бағаларымен. Қазақстан Үкіметі заң шығару органына саясат жөніндегі ұсыныстардың қаржылық салдары, қабылданған фискалдық стратегия және қаржылық нәтижелер туралы есептер туралы ақпарат береді.

13. PI-16 бойынша шығыстардың орта мерзімді сметалары мен шығыстардың лимиттері Қазақстандағы мемлекеттік қаржы басқаруында бар, бірақ тәжірибе бірінші параметр бойынша бағалауды С-қа дейін (бюджет жобалары мен шығыстар сметалары бойынша) төмендетіп, экономикалық сыныптама бойынша шығыстарды бөлудің болмауымен бұзылады. Әрбір министрлік бойынша үш жылға алдын ала жасалған шығыстар лимиттерін министрліктер бюджет бойынша шығыстар жобаларын (16.2 параметр, А бағасы) әзірлей бастағанға дейін Премьер-Министр басқаратын республикалық бюджет комиссиясы бекітеді. Бюджеттік органдар елдің жалпы стратегиялық мақсаттарына сәйкес орта мерзімді стратегиялық жоспарларды дайындайды (16.3 параметр, А бағалау), бірақ қаржылық жоспарлаудың орта мерзімді циклі шеңберінде жоспарланатын шығыстардағы өзгерістер туралы түсініктемелер толық келтірілмейді (16.4 параметр, С бағалау).

14. Жылдық бюджетті жасау процесі (PI-17) бұрын республикалық бюджет комиссиясы мақұлдаған ең жоғары шекті лимиттерді бюджет айналымына енгізу және бюджет жобасын заң шығарушы органға уақтылы ұсыну тұрғысынан жақсы (екі параметр А бағалау). Дегенмен, бюджеттік циркуляр мен лимиттерді алғаннан кейін, өзінің егжей-тегжейлі бюджеттік өтінімдерін дайындау үшін МДА-ға көп уақыт берілуі тиіс (17.1 параметр, С бағалау).

15. Қазақстандағы бюджеттерді заңнамалық бақылау жақсы қамтамасыз етілген және тиімді (Pi-18 – В+ көрсеткішінің жалпы бағасы). Парламенттің шолуы орта мерзімді бюджеттік болжамдар мен басымдықтарды, сондай-ақ алдағы жылға арналған табыстар мен шығыстар жөніндегі болжамдарды қамтиды. Жұртшылықпен консультациялар өткізу жөніндегі шаралар мемлекеттік бюджет шеңберінде тыңдауларды қамтылмайтынымен, бюджеттің жобаларын қарау үшін Парламенттің екі палатасы үшін белгіленген рәсімдер бар. Парламент бюджетті бағалаумен қамтылған барлық үш жыл басталғанға дейін бекітті. Парламент мақұлдамай, Үкімет бюджетке енгізе алатын барлық түзетулердің ауқымы мен сипатын шектейтін нақты ережелер бар және сақталады.

V - бөлім: Бюджеттің атқарылуын болжау және бақылау (PI 19-26)

16. Жалпы, кірістерді басқару бойынша PI-19 көрсеткіші B+ бағасына ие болды. Мемлекеттік кірістер комитеті салық төлеушілерге Салық кодексіне және барлық қолданылатын заңнамалық және нормативтік актілерге өздерінің веб-сайты арқылы жеңіл және жан-жақты қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Нормативтік база салыстырмалы түрде күрделі болса да, тұтастай алғанда анық, ал апелляция механизмдері қанағаттанарлық болып көрінеді. Тәуекелдерді басқару рәсімдері салықтық тексеруді жоспарлау үшін негіз ретінде жоғары тәуекел облыстарын айқындау үшін пайдаланылады. Жоспарланған тексерулердің көпшілігі уақтылы жүргізіледі. Алайда, салықтар бойынша берешек жиынтық табыстың аз бөлігін ғана құраса да, берешектің 40% - дан астамының мерзімі 12 айдан асады.

17. Кіріс көрсеткіштерінің есебі (PI-20) барлық қарастырылған үш параметрде жақсы баға алды (әр жағдайда). Кіріс жинау туралы ақпарат толық болды, әртүрлі есептерге жедел берілді және топтастырылған. Жиналған барлық кіріс жинақталады және күн сайын Бірыңғай қазынашылық шотқа (TSA) аударылады. Кіріс шоттарын салыстыру автоматтандырылған интеграцияланған жүйелер арқылы жекелеген салық төлеушілердің позицияларын тұрақты жаңартуымен тиімді.

18. PI-21 бойынша жыл ішінде ресурстарды берудің болжамдылығы, РБ-тің барлық ақшалай қалдықтары күн сайын TSA-ға шоғырландырылады. Қолма-қол ақшаны болжау және мониторинг жүйесі жақсы жұмыс істейді. Ақша қаражатын жұмсау жоспары жыл басында әр министрлік пен агенттік үшін ай сайынғы қаражатты белгілей отырып дайындалады, содан кейін ай сайын жаңартылады. Министрліктер, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қаражаттың Қазынашылық комитеті бекіткен жылдық қаржылық болжамға сәйкес ұсынылатынына сенімді. Олар сондай-ақ олар туындаған сәтте міндеттемелерді уақтылы орындау үшін ақшалай қаражаттың болатындығына толық сенімді. Бюджеттік нақтылаулар жыл ішінде Бюджет кодексіне сәйкес жылына екі ретпен шектеледі. Шығыстар бойынша мерзімі өткен берешек (PI-22) елеулі қиындықтар тудырмайды, өйткені әрбір үш жылдың соңында жалпы кредиторлық берешек жалпы шығыстардың 1 процентінен айтарлықтай төмен болды.

19. Жалақы төлемін бақылау (PI-23) Қазақстанда жақсы жұмыс істейді, ол төрт параметрдің үшеуінде А бағасымен көрсетілген. Еңбекақыны есептеу персонал және еңбекақыны есептеу бойынша автоматтандырылған жүйемен жұмыс істейтін МДА-да орталықсыздандырылады. Төлем ведомосіндегі өзгерістер авторландырудың қатаң рәсімдерінің арқасында жақсы басқарылады және жедел енгізіледі. Әрбір мемлекеттік органның ішінде ішкі бақылау тиісті түрде жүзеге асырылады және тиімді болып табылады. Төртінші параметр өйткені кейбір жалақыға аудиторлық тексерулерді түрлі бақылаушы органдар арнайы тексеруге арналмаған кең ауқымды тексерулердің бір бөлігі ретінде жүргізгені үшін ғана "С" ретінде бағаланған. Осыған байланысты PI-23 көрсеткіші бойынша жалпы баға С+ құрады.

20. Қазақстанда мемлекеттік сатып алулар (PI-24) С+ көрсеткіші бойынша жалпы бағалауға әкелген әр түрлі баға алды. Сатып алу мониторингі тиімді болып табылады және Үкімет пен Президентке жыл сайын есеп беру арқылы аяқталады. Сонымен қатар, сатып алу порталы goszakur.kz жұртшылықтың сатып алу туралы кез келген негізгі ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бірақ, заңнамаға сәйкес, сатып алуды ашық бәсекелестік әдіспен жүргізу әдісі сатып алудың әдепкі әдісі болып табылмайды және іс жүзінде, әсіресе бір көзден сатып алу әдісі кеңінен қолданылады, оларды іске асыру үшін заң көптеген негіздемелерді көздейді. Сатып алудың басқа әлсіз аспектісі сатып

алуға шағымдар мен апелляцияларды берудің тәуелсіз тетігінің болмауы болып табылады.

21. PI-25 үшін еңбекақы емес шығыстарға ішкі бақылау, нормативтік база еңбекақы емес шығыстарға елеулі ішкі бақылау белгілеген. Міндеттемелерді бақылау бюджеттік қаржы бөлу мен ақша қаражатсыз төлемдердің жүзеге асырылмауына кепілдік бере отырып, Қазынашылықтың автоматтандырылған жүйесі E-MINFIN арқылы жүзеге асырылады. Міндеттерді айқын бөлу байқалады. Төлем тәртібі мен рәсімдерін сақтау қатаң және тиісті түрде. Осы параметрлер бойынша жоғары тиімділік осы көрсеткіш бойынша жалпы А бағалауына алып келді.

22. Ішкі аудит (PI-26) Қазақстанда ерте даму сатысында тұр, өйткені 2017 жылы құрылған (қаржылық бақылау мен инспекцияға қарама-қайшы), бірақ ол Үкіметтің барлық деңгейінде жұмыс істейді. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген және сәйкестік, жүйелер мен тиімділік аудитін жүзеге асырады. Аудит жоспарлары негізінен сақталады және тұрақты есептер басшылыққа ұсынылады, бірақ аудиторлық тексеруге жауаптардың сапасы туралы айтуға әлі ерте. Жалпы көрсеткіш бойынша бағалау – B+.

VI - бөлім: Есеп және есептілік (PI 27-29)

23. Деректердің қаржылық тұтастығына (PI-27) келетін болсақ, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдар үшін банктік шоттарды салыстыру және транзиттік және аванстық шоттардың клирингі (тазалау) әдетте жедел және уақтылы жүзеге асырылады. Алайда, бағалау сыншарттары сондай-ақ орталық үкімет (республикалық министрліктер мен ведомстволар) бақылайтын басқа банк шоттары бойынша салыстыру рәсімдерін қарауды талап етеді. Бюджеттен тыс мекемелердің банктік шоттарын салыстыру рәсімдері бойынша ақпараттың болмауына байланысты осы параметр бойынша D бағасы қойылды. Жоғары стандарттар аудиторлық іздерді есепке ала отырып, қаржылық есептілікті жүргізуге қолданылады; ҚРҰБ тәуелсіз бағалаулары қаржылық жүйелер мен жазбалардың тұтастығы бойынша қанағаттанарлық нәтижелер көрсетті. Жалпы осы параметр бойынша бағалау-B+.

24. Бюджеттің атқарылуы туралы есептер (PI-28) жыл ішінде бюджеттік өтінімде экономикалық талдаудың болмауына байланысты кейбір проблемалар болса да, экономикалық, әкімшілік және функционалдық/бағдарламалық сыныпнамаға сәйкес бөле отырып, бюджеттік өтінімдер сияқты егжей-тегжейлі көрсету арқылы төрт апта ішінде ай сайынғы негізде қалыптастырылады және жарияланады. Бюджеттік бақылау мен есептілік бюджеттің атқарылуын бастапқыда бекітілген көрсеткіштермен емес, қайта қаралған ("нақтыланған") бюджеттермен салыстырады. Есептер нақты және сенімді болып саналады және міндеттемелерді, сондай-ақ төлемдерді тіркейді. Осы параметрлер бойынша жоғары тиімділік жалпы көрсеткіш бойынша жалпы А бағалауына әкелді.

25. Әрбір министрлік дайындайтын жылдық қаржылық есептілік (PI-29) кірістер, шығыстар, қаржы активтері және қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелер және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептер бойынша ақпаратты қамтиды. Бюджеттің атқарылуы туралы есеп жыл аяқталғаннан кейінгі кемінде үш ай ішінде аудит үшін ЕК-ге ұсынылды. Министрліктің қаржылық есебі ірса талаптарына сәйкес түрлендірілген есептеу әдісі негізінде дайындалды, алайда республикалық бюджет бойынша шоғырландырылған есептілік әзірге жарияланбаған. IPSAS негізінде бухгалтерлік есеп стандарттарын енгізу процесі жалғасуда және 2020 жылы қаржылық

позиция туралы толық шоғырландырылған мемлекеттік есепті дайындау жоспарлануда (2019 жылға қатысты).

VII - бөлім: Сыртқы бақылау және аудит

26. Сыртқы аудит (PI-30) ЕК міндетіне кіреді және атқарушы биліктен (D бағасы) тәуелсіздік туралы мәселеден басқа жақсы бағаланған (үш параметрлер B, A және A үшін тиісінше). Республикалық бюджет шығыстарының 75% - ға жуығы 2015-2017 жылдар бойы ЕК-н34 аудитімен қамтылды. Аудиттер шығыстардың тиімділігін бағалауға, сондай-ақ заңнамаға сәйкестігін сақтауға бағытталды және олар бойынша аудиторлық тексеру кезеңінде министрліктердің жылдық қаржылық есептілігін қарауды қамтыды. Аудиттер INTOSAI стандарттарына сәйкес жүргізілді. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі аудиторлық есептер Парламентке жыл аяқталғаннан кейін 5 ай ішінде ұсынылады, ал ұсынымдар назарға алынады. Аудиторлық тәуелсіздік ЕК төрағасын республика Президентінің тағайындауы және босатуы мүмкін деген фактімен сенімсіздікке ұшырайды. Сонымен қатар, қызметкерлердің санын Президент бақылайды, ал қаржы ресурстарын Парламент емес, Үкімет анықтайды.

27. Сыртқы аудит есептерін заң шығарушы органның (PI-31) қарауы мұқият және уақтылы жүргізіледі. Қарау ашық болып табылады, ал ЕК ұсыныстары Парламент сайтында жарияланатын Парламенттің Үкіметке берген ұсынымдарының негізін құрайды. Министрліктер кейде қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жалпы көрсеткіш бойынша бағалау – B+.

2.10 4.2 ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

28. Қазақстандағы ішкі бақылау жүйесі заңдарға, ережелерге, бұйрықтарға және өкімдерге сәйкес жақсы реттеледі. 2015 жылы қабылданған "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" заң Есеп комитетінің, Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің және министрліктердің ішкі аудит департаменттерінің тиісті міндеттерін нақтылады. Бірақ әлі де функциялардың қайталануы бар, себебі қаржылық аудитті жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың көп бөлігін Есеп комитеті емес, Ішкі мемлекеттік аудит комитеті жүргізеді.

29. Дәстүрлі түрде қаржылық бақылауға және басқарудың тиімділігі үшін шынайы ішкі аудитті қамтамасыз ете алатындай қосымша құндылығы жоқ тексеруге үлкен назар аударылды. Шынайы ішкі аудит әлі де ерте даму сатысында тұр, бірақ ол көптеген мемлекеттік мекемелерде, әсіресе үлкен мемлекеттік шығыстарды жүзеге асыратын ұйымдарда жүзеге асырылатыны сенім ұялатады. Ішкі мемлекеттік аудит комитеті бақылау стандарттарын белгілеуді және ішкі аудит қызметтерінің тиімділігін бағалауды қоса алғанда, ішкі бақылауда маңызды рөл атқарады.

30. Әрбір мемлекеттік мекеме бақылаудың дәйекті кезеңдері - бекітуді, авторландыруды және орындауды әрбір транзакция үшін қамтуы тиіс өзінің ішкі қаржылық бақылау жүйесі үшін жауапты болады. Бақылау ортасы туралы ережелер әртүрлі тұлғалардан келісім-шарттарды мақұлдауды, міндеттемелерді авторландыруды және төлемдерді орындауды талап етеді. Мемлекеттік қазынашылықтың қаржылық ақпараттық жүйесіне қол жеткізу бақыланады және жүйе аудиторлық ізді қамтамасыз ете отырып, осылайша оларға жекелеген тұлғалар жүгінген кездегі барлық жағдайларды тіркейді.

31. PEFA орнатқан ішкі бақылау құрылымын талдау тұрғысынан, бақыланатын орта-бұл күшті иерархиялық қадағалау бөлінетін сала. Тәуекелді бағалау жүйесі шығыстарға, сондай-ақ кірістерге, әсіресе салық түсімдеріне қатысты аудитті жоспарлау үшін негіз ретінде пайдаланылады. Мемлекеттік қарызды басқару жалпы сыртқы үлесті қатаң бақылауға бағытталған. Ішкі бақылау жүйесі жеткілікті тиімді және ішкі аудит тәжірибесінің дамуына қарай нығайтылуы тиіс.

2.11 4.3 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУДЫҢ КҮШТІ ЖӘНЕ ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

32. Жиынтық қаржылық тәртіпке келетін болсақ, Қазақстандағы МҚБ жүйесі - кем дегенде бірнеше жыл ішінде - Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан (ҚРҰҚ) республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ететін мұнайдың жоғары бағасына негізделген жеткілікті ресурстардың молшылығымен анықталды. Алайда, Қазақстан Үкіметі ақылға қонымды қаржы менеджменті мұндай трансферттердің тұрақты деңгеймен шектелуін талап ететіні мойындайды және 2020 жылдан бастап трансферттің ең жоғары көлемін жылына 2 трлн теңгеге дейін қысқарту үшін жұмыс істеуде. Осы тұрғыда МҚБ жүйесі кірістерді нақты болжау және шығыстарды тиімді бақылау есебінен қолда бар ресурстар шеңберінде шығыстарды жоспарлауға және сақтауға өзінің қабілеттілігін көрсетуі тиіс.

33. Қызметтерді стратегиялық жоспарлау және орта мерзімді қаржылық жоспарлау арқылы ресурстарды тиімді бөлудің қажетті негіздері қазірдің өзінде макро деңгейде және жекелеген мемлекеттік мекемелер деңгейінде бар. Бюджетті жасаудың орта мерзімді және жыл сайынғы тәжірибесі, әдетте, сенімді әрі тиімді іске асырылады. Алайда, сапаны жақсарту үшін мүмкіндіктер бар, кейбір жағдайларда бұл мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін белгіленген тиімділік көрсеткіштері мен нысаналы көрсеткіштердің сәйкестігі болады.

34. Жүзеге асырылатын бірнеше бастамалар мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға ықпал етуі мүмкін. Қазақстан Үкіметі мемлекеттік қызметтердің кең спектрін ұсыну сапасына ерекше назар аударатынын ерекше атап өткен жөн, бұл туралы тиімділік көрсеткіштеріне негізделген мемлекеттік қызметшілерді бюджеттеу және сыйақы беру жүйелерінің ағымдағы реформалары куәландырады. Ол сондай-ақ ішкі аудиттің қазіргі заманғы әдістерін қолдану есебінен қаржылық және жедел тиімділікті арттыру мақсатын ұстанады. Есеп комитеті сондай-ақ тиімділік аудитін жүзеге асыру арқылы мемлекеттік қызметтерді жетілдіруге өз үлесін қосады. Алайда, ол тек сыртқы аудит өткізу туралы толық есептерді жариялау арқылы үлкен ашықтықты қамтамасыз етуден ғана жеңеді.

35. МБҚ-ның аз қанағаттандыратын аспектілеріне кең жұртшылық үшін есептер ашықтығы шектеулілігі (PI 6, 9 және d 10.3), көптеген мемлекеттік сатып алулар бойынша бәсекелестіктің болмауы және есеп комитетінің салыстырмалы түрде шектеулі тәуелсіздігі кіреді.

2.12 4.4 2009 ЖЫЛДАН БАСТАП ИНДИКАТОРЛАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

36. 1В қосымшасында Қазақстанның қазіргі уақытта алынған бағаларын 2009 жылы алынған бағаларымен, екі жағдайда да 2005 жылғы PEFA сыншарттарын қолдана отырып салыстыру келтіріледі. Қазақстанға мұнайға байланысты кірістердің құбылмалылығына байланысты кірістерді болжау бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізу әрқашан қиын болады, бірақ 2015-2017 жылдардың тәжірибесі қаржылық

тәртіптің көптеген функциялар бойынша (функционалдық сыныптау бойынша) ақша шығыстарын жоспарлау және тұтастай алғанда шынайы болып табылатынын көрсетеді. Мемлекеттік инвестицияларды жоспарлауды жүйелеу ресурстарды стратегиялық бөлуді одан әрі жақсартуды куәландырады. АТ-жүйелерін қамтуды кеңейтуге баса назар аудару қызметтер көрсетудің тиімділігін арттырады. Қазақстан PEFA-ның соңғы бағалауынан бері МҚБ-ның көптеген аспектілерінде өз жұмысын жақсартты. Ашықтыққа келетін болсақ, бюджеттік және салық ақпараттары заң шығарушы билік пен жұртшылыққа да неғұрлым көбірек беріледі, алайда бюджеттік құжаттама мен сыртқы аудит өткізу туралы есептер сияқты кейбір аспектілерде толық ашықтық қажеттілігі әлі де бар. Бюджеттерді уақтылы Парламентке ұсынылады және бекітіледі, орта мерзімді және нәтижелерге бағдарланған ақпаратты қамтиды. Жергілікті билік органдарына қосымша транс ерттер нақты ережелермен реттеледі, ал ЖАО қаржылық жағдайын бақылау жақсарды. Қазіргі уақытта әлеуметтік-экономикалық дамуға кешенді көзқарас шеңберіндегі шығыстарды көрсете отырып, секторлық стратегиялар неғұрлым кең қолданысқа ие болды. Мемлекеттік мекемелердің бюджеттік қаражаттардың жоспарланғанға сәйкес бөлінетініне сенімі мол. Ішкі аудит дамып келеді және аудит ұсынымдарын одан әрі орындауды жақсартуды куәландыратын жағдайлар бар. Тұтастай алғанда, барлық бар белгілер үміттендіреді, себебі МҚБ Қазақстанның дамуында маңызды ынталандырушы рөл атқарады.

4 ҮКІМЕТТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ РЕФОРМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПРОЦЕСІ

2.13 5.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ РЕФОРМАСЫНА КӨЗҚАРАС

1. Қазақстан өзінің стратегиялық мақсаты шеңберінде 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің біріне айналуға ұмтылады. Көптеген жылдар бойы оң сальдолы қаржылық және ағымдағы төлем балансына ие болған елеулі көмірсутегі және басқа да минералдық ресурстары бар ел бола отырып, ол өзінің меншігіне сәйкес келетін МҚБ жүйесін әзірлеу жағдайында шетелдік көмекке аса зәру болмады. ХВҚ, ЕО, ДБ немесе басқа да сыртқы көздерден көмек алу шарты ретінде МБҚ реформасы бағдарламасын әзірлеу туралы мәселе туындаған жоқ. Қазақстан жаһандық корпоративтік сектор тәжірибесін жаңғыртуға негізделген меншікті құрылымдар мен МҚБ басқару жүйесін әзірледі.

2.14 5.2 СОҢҒЫ ЖӘНЕ АҒЫМДАҒЫ РЕФОРМАЛАР

2. Бюджет кодексіне өзгерістерге қосымша "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" жаңа заң (2015 жылғы қараша) және 2017 жылғы желтоқсанда жаңа Салық кодексі қабылданды. Үкіметтің барлық аумағында қаржылық бақылауды қадағалау ҚР ҚМ жанындағы Мемлекеттік ішкі аудит комитетіне жүктеледі, ол сондай-ақ әрбір министрліктегі ішкі аудит бөлімдерінің жұмысын үйлестіреді және қаржылық аудит бойынша үлкен жұмыс жүргізеді. Ішкі аудит әрбір министрлікте басшылық ету үшін қызмет ретінде қазіргі уақытта мемлекеттің барлық аумағында 2017 жылғы қаңтардан бастап әрекет етеді және әрбір министрліктің өз міндеттерін орындауын біртіндеп жақсартуы тиіс. Ішкі және сыртқы аудиттің жұмысын қадағалау мен үйлестіру Есеп комитетіне (ЕК) жүктеледі, ол Қазақстанның жоғары қаржы бақылау органы (ЖҚБО) бола отырып, орталық билік органдарының сыртқы аудиторы болып табылады және аудиторлар орталық және жергілікті билік органдарына дайындаған барлық аудиторлық қорытындылардың дерекқорын басқарады. ЕК сондай-ақ

мемлекеттік секторда жұмыс істейтін аудиторларды оқытуға және олардың біліктілігіне жауап береді. Жаңа заң қабылданғанға дейін 2009 жылы PEFA бағалауында белгіленген әр түрлі мекемелердің тиісті міндеттеріне қатысты белгісіздік болған, ал қазіргі уақытта ЭЫДҰ елдерінде түсінілетіндей ішкі аудит болған жоқ.

3. Қазіргі уақытта салық салу және мемлекеттік қызметті басқару саласында басқа да ағымдағы реформалар жүргізілуде. 2018 жылдың басында енгізілген жаңа Салық кодексі салық заңнамасына сәйкес келетін тәуекелді салаларда салықтарды неғұрлым тиімді жинау бойынша күш-жігерді шоғырландырады. Сонымен қатар, 2020 жылы барлық резиденттер үшін жыл сайын өз табыстары мен активтері туралы декларация жасау үшін әмбебап талаптар енгізуге дайындалуда. ҚР ҚМ-нің оның стратегиялық жоспарында баяндалған мақсаты салықтардан түсетін кірістерді 2025 жылға қарай ЖІӨ-нің 25 пайызына дейін, бейресми экономика үшін төлем төлеуден жалтару мүмкіндіктерін шектеу және төлемдерді жинау жөніндегі операциялардың тиімділігін арттыру арқылы ұлғайту болып табылады. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (МҚІСҚА) әрбір министрлікке бонустар бойынша жалпы соманы беру және әрбір мемлекеттік қызметшіге нәтижелеріне қарай төлеу арқылы нәтижелерге қол жеткізуде мемлекеттік қызметшілер мен министрліктер үшін ынталандыруды күшейтуге ұмтылады.

4. Қазіргі уақытта 2018 жылға арналған РБ үшін есептеулер негізінде бюджеттің атқарылуы туралы есепті және 2019 жылға арналған үкіметтің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепті дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл тұтастай алғанда мемлекеттік сектор үшін тиісті ХБМС (IPSAS) қаржылық есептерді біртіндеп қалыптастыруға жол салуы тиіс амбициялық жоба. Осы жұмыстың әрбір кезеңінде шоғырландыру әдістеріне және олармен байланысты артықшылықтарға, ең алдымен, ішкі инвестицияларды тартуда, мемлекеттің барлық активтері мен міндеттемелерінің толық есебін қамтамасыз етуде нақты түсініктеме беру маңызды болады.

2.15 5.3 ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕР

5. МҚБ жетілдірудегі ілгерілеу Үкіметтің табандылығына байланысты. Осы сұрақтарға немесе олардың түсінуіне жұртшылық тарапынан қысым әлі де аз. Парламент те, саяси партиялар да МҚБ-дағы өзгерістерді талап етуге әзірше мүдделі емес, ал ҮЕҰ немесе азаматтық қоғамның іс-қимылы үшін мүмкіндіктер аз. Бірақ өзгерістер Үкіметтің өршіл мақсаттарына қол жеткізу үшін маңызды болады, оған сәйкес Қазақстан 2050 жылға қарай ЭЫДҰ елдерінің экономикалық, әлеуметтік және саяси стандарттарына қол жеткізуге тиіс.

ҚОСЫМШАЛАР

1-ҚОСЫМША. А-ОРЫНДАУ. ИНДИКАТОР. ТҮЙІНДЕМЕ.

Көрсеткіш / Параметр	Бағалау	Орындалған талаптардың сипаттамасы
PI - 1- Бюджеттің шығыс бөлігін атқарудың жиынтық көрсеткіштері	B	Бастапқы бюджеттен ауытқу соңғы үш жылда (2015-2017 жж.) 15% - дан асты
PI - 2- Нақты шығыстардың құрылымы (M1)	C+	
2.1 Функционалдық сыныптама бойынша нақты шығыстардың құрылымы	C	Соңғы үш 2015-2017 жылдың екеуінде айырмашылық 15% - дан кем болды
2.2 Экономикалық сыныпнамаға сәйкес нақты шығыстардың құрылымы	C	Соңғы үш 2015-2017 жылдың екеуінде айырмашылық 15% - дан асты
2.3 Соңғы үш жылдағы күтпеген шығыстарға нақты жатқызылған шығыстардың орташа шамасы	A	2015-2017 жылдарға арналған бюджеттің атқарылуы туралы есептерде күтпеген шығыстарға ешқандай сома жатқызылмаған.
PI - 3- Бастапқы бекітілген бюджетпен салыстырғанда бюджеттің кіріс бөлігін атқарудың жиынтық көрсеткіштері	C	
3.1 Кіріс бөлігін орындаудың жиынтық көрсеткіштері	D	Кірістер 2015-2017 жж. кезеңіндегі соңғы үш жылдың бірінде ғана бастапқы бюджеттен 92% - дан 116% - ға дейін болған.
3.2 Кірістер құрылымындағы алшақтық	B	Құрылымдағы ауытқулар барлық 2015-17 үш жыл ішінде 15% - дан кем болған
PI - 4- Бюджеттің сыныптама	D	Бюджеттік ұсыныстардың экономикалық сыныптама бойынша бөлінуі жоқ
PI - 5- Бюджеттік құжаттама	B	Құжаттама 3 негізгі және 5 қосымша элементке сәйкес
PI-6- Есепке алынбаған мемлекеттік операциялардың көлемі (M2)	D+	
6.1 Есепке алынбаған шығыстар көлемі	D	Қаржылық есептермен ескерілмеген шығыстар 2017 жылы республикалық бюджеттің жиынтық шығыстарының 10% - нан асты
6.2 Есепке алынбаған кірістер көлемі	D	Қаржылық есептермен ескерілмеген кірістер 2017 жылы РБ кірістерінің 10% - нан асты
6.3 Бюджеттен тыс бірліктердің қаржылық есептері	B	Бюджеттен тыс бірліктердің көпшілігінің қаржылық есептері жыл аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде жасалады
PI - 7- Жергілікті атқарушы органдарға берілетін трансферттер (M2)	C	
7.1 Трансферттерді бөлу жүйесі	C	Трансферттердің 60% - дан кемі 3 жылға тіркелген сомаларға сәйкес формула бойынша жүзеге асырылады
7.2 Трансферттер туралы ақпараттың уақыттылығы	C	Нысаналы трансферттер туралы ақпарат келесі қаржы жылының басталуына дейін кемінде 4 апта бұрын беріледі
PI - 8 - Қызмет көрсетудің тиімділігі туралы ақпарат	C+	

(M2)		
8.1 Қызмет көрсету бойынша жұмыс жоспарлары	C	Бағдарлама бойынша шығыстардың 60% - ға жуығы мақсатты көрсеткіштермен қамтылған
8.2 Қызмет көрсетудің тиімділігі	C	Бағдарламалар бойынша шығыстардың 60% - ға жуығы олардың тиімділігі туралы есептермен қамтылған және нысаналы көрсеткіштермен салыстырылады
8.3 Қызмет көрсететін бөлімшелер алатын ресурстар	A	Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі жекелеген мектептер мен медициналық клиникалар алған ресурстарды қадағалайды
8.4 Қызметтерді ұсыну тиімділігін бағалау	D	Есеп комитеті тиімділікке бірқатар тексерулер жүргізді, ал Ақпарат және коммуникациялар министрлігі бірқатар қоғамдық пікірге сауалнама жүргізді
PI-9 - Бұқараның қаржы жөніндегі ақпаратқа қол жеткізуі	D	Бес негізгі элементтің үшеуі ғана жарияланады. C жоғары кез - келген бағалау кем дегенде 4 элементті жариялауды талап етеді.
PI – 10 - Фискалдық тәуекелдер бойынша есептілік	C+	
10.1 Мемлекеттік корпорациялар мониторингі	C	Мемлекеттік кәсіпорындардың көпшілігі аудиттелген қаржылық есептілікті келесі тамыз айының соңына қарай жариялайды, бірақ МК секторының қаржылық көрсеткіштері туралы шоғырландырылған есептер жарияланбайды.
10.2 Жергілікті билік органдарының мониторингі	A	Барлық ЖАО жыл басынан бастап 9 ай ішінде бюджеттің атқарылуы туралы аудиттелген есептерді жариялайды және олар республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есеппен мемлекеттік бюджет есебінде шоғырландырылған. ЖАО қарыз алу сомасы өте аз және ҚР ҚМ толығымен бақылайды
10.3 Шартты міндеттемелер және басқа да фискалдық тәуекелдер	D	ЖАО-ның кепілдік берілмеген қарыз алуы және МЖӘ-дан қаржыландырылатын жобалар нәтижесінде туындайтын қаржылық тәуекелдер туралы есептер жарияланбайды
PI-11 - Мемлекеттік инвестицияларды басқару (M2)	C+	
11.1 Инвестициялық жобаларды экономикалық талдау	C	Барлық ірі инвестициялық жобаларға экономикалық талдауды мемлекеттік МЖӘ орталығы жарияланған өлшемдерге сәйкес жүргізеді, бірақ жобалардың нәтижелерін жүйелі түрде жариялануы жоқ
11.2 Инвестициялық жобаларды таңдау	A	Жобалар Үкіметтің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарына сәйкес сараланады, ол әр жылдың басында Президенттің жыл сайынғы жолдауымен белгіленетін басымдықтарды ескере отырып, жыл сайын жаңартылады
11.3 Инвестициялық жобаның құнын есептеу	D	Бюджеттік құжаттар келесі үш жылдың әрқайсысындағы әрбір жобаға арналған күрделі және ағымдағы шығыстар сомаларын қамтиды, бірақ әрбір жобаны іске асырудың бүкіл мерзімі

		бойынша жалпы күрделі шығыстар кірмейді
11.4 Инвестициялық жобалардың мониторингі	C	Жобаның орындалуы туралы шоғырландырылған есеп Президентке ұсыну үшін жыл сайын дайындалады, бірақ ол жарияланбайды
PI-12 - Мемлекеттік активтерді басқару (M2)	C	
12.1 Қаржылық активтер мониторингі	B	Толық тексерілген қаржылық есептерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Үкіметтің қаржылық активтерінің көп бөлігін жабатын үш ірі холдинг компаниясы жыл сайын жариялайды.
12.2 Қаржылық емес активтер мониторингі	D	Мемлекеттік қаржылық емес активтер тізілімі ҚР ҰЭМ "Ақпараттық-есептеу орталығы" АҚ-да сақталады, ақпараттың жекелеген элементтеріне веб-портал арқылы қол жеткізіледі. Алайда, мемлекеттік меншіктің барлық элементтері туралы ақпарат әдетте қол жетімді емес және консультациялық зерттеу барысында тізілім толық емес болатыны анықталды
12.3 Активтерді иеліктен шығарудың (жекешелендірудің) транспаренттілігі	C	Мемлекеттік активтерді сату басқармасы Мемлекеттік меншік туралы заңға сәйкес ҚР ҚМ жанындағы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады. Бағалар жарияланады, бірақ сатып алушылар туралы деректер жарияланбайды.
PI-13 - Мемлекеттік борышты басқару (M2)	B	
13.1 Мемлекеттік борыштар мен кепілдіктер бойынша есепке алу және есептілік	A	Мемлекеттік борыштың шамасын есепке алу дәл, толық және жүйелі түрде келісіледі. Есептер тоқсан сайын жарияланады
13.2 Мемлекеттік борышты және кепілдіктерді бекіту	A	Борышты басқаруды ҚР ҚМ Үкіметтің қарыз алу туралы шешімдеріне сәйкес және жыл сайын бюджетте белгіленетін қарыз алу лимиттері шегінде жүзеге асырады
13.3 Мемлекеттік борышты басқару стратегиясы	D	ҚР ҚМ стратегиялық жоспарына борышты басқарудың кейбір жалпы мақсаттары кіреді, бірақ пайыздық мөлшерлемелер және оларды қайта қаржыландыру, сондай-ақ валюталық тәуекелдер сияқты тәуекел факторларының болжамды дамуының жариялануы жоқ
PI - 14 - Макроэкономикалық және фискалдық болжау (M2)	C	
14.1 Макроэкономикалық болжау	D	Үш жылға алға жасалатын макроэкономикалық болжамдар бюджеттік құжаттамаға енгізілген, бірақ олар тәуелсіз шолуға жатпайды және пайыздық мөлшерлемелер мен айырбас бағамы бойынша ақпаратты қамтымайды.
14.2 Бюджет болжамы	B	3 жылға алға жасалатын негізгі бюджеттік индикаторлардың болжамдары бюджеттік құжаттамаға енгізілген, бірақ өткен болжаммен салыстырғандағы өзгерістер бойынша ешқандай түсінік жоқ
14.3 Макроэкономикалық	C	Баламалы экономикалық болжамдардың

сезімталдықты талдау		Әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, бірақ олардың сандық бағалауынсыз әсер етуінің кейбір түсіндірмесі бар.
PI-15- Салық-бюджет стратегиясы (M2)	A	
15.1 Саясат саласындағы ұсыныстардың фискалдық әсері	A	Парламентке ұсынылған бюджеттік құжаттама кірістер мен шығыстар бойынша негізгі шешімдердің қаржылық әсерін түсіндіруді қамтиды
15.2 Фискалдық стратегияны қабылдау	A	Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы үш жылға алға сандық біріктірілген бюджеттік мақсаттарды белгілейді
15.3 Фискалдық нәтижелер бойынша есептілік	B	Үкіметтің өткен жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есебінде қойылған мақсаттардан ауытқулардың түсініктемесі бар, бірақ ешқандай түзетуші әрекеттер ескерілмейді
PI-16 - Мемлекеттік шығыстарға қатысты қаржылық жоспарлаудың орта мерзімді келешегі (M2)	B	
16.1 Шығыстардың орта мерзімді жобалары	C	Шығыстарды бағалау функционалдық және әкімшілік сыныпнамалар бойынша бөле отырып ұсынылған, бірақ экономикалық сыныптама бойынша емес.
16.2 Шығыстар бойынша орта мерзімді шекті лимиттер	A	Жиынтық және министрліктер бөлінісінде деңгейлер бойынша шығыстардың ең жоғары лимиттерін ҚР ҚМ жариялағанға дейін Республикалық бюджет комиссиясы бекітеді
16.3 Стратегиялық жоспарлар мен орта мерзімді бюджеттердің келісілуі	A	Министрліктердің стратегиялық жоспарлары әрбір жылға арналған бюджет жобаларындағы шығыстар көрсеткіштерін ескере отырып түзетілген
16.4 Бюджеттердің өткен жылдың болжамдарымен сәйкестігі	C	2018 жылға арналған бюджет жобаларында Парламентке ұсынылған түсіндірме материалдарда 2017 және 2018 жылдардағы бюджеттермен салыстырғанда 2018 жылы орын алған өзгерістердің кейбір түсіндірмесі бар.
PI-17 Бюджетті дайындау процесі (M2)	B+	
17.1 Бюджеттік күнтізбе	C	Министрліктің бюджеттік күнтізбесіне сәйкес лимиттерді алғаннан кейін, сәуір айының соңында оларда өздерінің бюджеттік өтінімдерін дайындауға тек екі апта ғана болады.
17.2 Бюджетті дайындау жөніндегі нұсқау	A	Шығыстардың ең жоғары лимиттерін министрліктерге хабарламас бұрын Премьер-министрдің төрағалық етуімен Республикалық бюджет комиссиясы бекітеді
17.3 Бюджет жобасын заңнамалық органға беру	A	Бюджет жобалары Парламентке жылдың соңына дейін 4 ай ішінде ұсынылды
PI-18 - Биліктің заң шығарушы органының бюджеттерді қарауы (M1)	B+	
18.1 Бюджеттік бақылауды қамту	A	Парламенттің қарауы орта мерзімді басымдықтар мен шығыстарды, сондай-ақ келесі жылға

		арналған бюджет жөніндегі деректерді қамтиды
18.2 Бюджетті қарастыру үшін заңнамалық рәсімдер	B	Бюджет жобаларын мамандандырылған комитеттер мұқият талдайды, бірақ қоғамдық кеңес берулер жоқ
18.3 Бюджетті бекіту мерзімдері	A	Соңғы үш бюджет қараша айының соңына дейін бекітілді
18.4 Атқарушы биліктің бюджетті түзету ережелері	A	Нақты ережелер Үкімет үшін Парламент мақұлдамай бюджет қаражатын қайта бөлу мүмкіндігін шектейді.
PI-19 - Салықтарды басқару тиімділігі (M2)	B+	
19.1 Кірістерді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруға байланысты құқықтар мен міндеттер	A	Өтеу рәсімдерін қоса алғанда, салық төлеушілердің өздерінің құқықтары мен міндеттеріне еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі
19.2 Бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз ету барысында туындайтын тәуекелдерді басқару	A	Салық аудитін жоспарлауға тәуекелді бағалауға негізделген тәсіл пайдаланылады
19.3 Кірістер аудиті және тексерулер	C	Жоспарланған салықтық тексерулердің көпшілігі аяқталған
19.4 Берешек мониторингі	B	2016 жылдың соңындағы жағдай бойынша берешектің 40%-дан астамы 2017 жылдың соңына дейін өтелмеген
PI-20 – Кірістерді есепке алу (M1)	A	
20.1 Кірістер жинау бойынша ақпарат	A	Үкімет пен жергілікті билік органдарының барлық кірістері күн сайын TSA-ға аударылады, оның қаражаты күн сайын министрліктерге, ЖАО мен ҚРҰҚ қайта бөлінеді
20.2 Жиналған кірістерді беру	A	Барлық табыс күн сайын TSA-ға аударылады.
20.3 Кірістерді келісу	A	ҚРҰБ, Мемлекеттік кірістер комитеті мен Қазынашылық жүйелері толық интеграцияланған және күн сайын салыстырылып отырады. Күн сайын салық төлеушілердің жеке шоттары жаңартылады
PI-21 - Жыл бойы ресурстарды бөлудің болжамдылығы (M2)	A	
21.1 Кассалық қалдықтарды шоғырландыру	A	РБ (және ЖАО) барлық тенгерімдері күн сайын шоғырландырылады
21.2 Ақша қаражатын болжау және мониторингілеу	A	Ақша қаражаты қозғалысының болжамы жылдың басында дайындалады және ай сайын фактіні ескере отырып жаңартылады.
21.3 Міндеттемелер үшін шекті лимиттер туралы ақпарат	A	Министрліктер қолма-қол ақшаның қабылданған міндеттемелерді орындау үшін жыл ішінде қол жетімді болатынына сенімді болуына болады
21.4 Жыл ішіндегі бюджетті түзетудің маңыздылығы	A	2017 жылғы бюджетке екі негізгі түзету ("Нақтылау") енгізілген
PI-22 - Бюджеттің шығыс бөлігі бойынша берешек (M1)	B+	
22.1 Бюджет шығыстары бойынша берешектің шамасы	A	Кредиторлық берешек 2015-2017 жылдардың аяғындағы бюджеттік шығыстардың 1% - нан азын құрады.

22.2 Шығыстар бойынша берешек мониторингі	B	Мерзімі өткен берешек туралы ақпарат әр тоқсанның соңында болады, бірақ жыл мен жарты жылдықтың соңындағы есептер кезең аяқталғаннан кейін 7 апта ішінде қалыптастырылмайды
PI-23 - Жалақы қорын бақылау шараларының тиімділігі (M1)	C+	
23.1 Еңбекақы есептілігін және қызметкерлердің жеке деректерін интеграциялау	A	Еңбекақы төлемдерін аудару жүйесі және қызметкерлерді есепке алу жүйелері арасындағы байланыстар төлемдердің дұрыс мөлшерін қамтамасыз етеді.
23.2 Еңбекақыны төлеудегі өзгерістерді басқару	A	Еңбекақы мөлшерін өзгерту қызметкерлерді басқару үшін жауапты бөлім жетекшілерінің ғана емес, сондай-ақ бухгалтериялық есеп функцияларды орындау үшін жауапты жетекшілердің келісімін талап етеді.
23.3 Еңбекақының ішкі бақылауы	A	Ішкі қаржы бақылауын жүзеге асыру рәсімдері мықты және қашан да нақты және толыққанды аудиторлық із көрінеді.
23.4 Еңбекақының аудиті	C	2015-2017 жылдар аралығында еңбекақылар жөніндегі төлем ведомосына шектеулі назар аударылған.
PI-24 – Мемлекеттік сатып алулар (M2)	C+	
24.1 Мемлекеттік сатып алу мониторингі	A	Тексеру барысында сатып алуда елеулі қателер анықталғанның өзінде, деректер толық
24.2 Сатып алу әдістері	D	2017 жылы келісім-шарттардың 60% - дан кемі бәсекелестік әдістерді қолдану барысында берілген.
24.3 Жұртшылықтың сатып алу туралы ақпаратқа қол жеткізуі	B	Алты ақпарат элементінің бесеуі көпшілікке қолжетімді. Шоғырландырылған жылдық статистика туралы деректер жоқ
24.4 Сатып алу жөніндегі шағымдарды басқару	D	Шағымдарды қарайтын орган келісім-шарттарды беруге алып келетін процестен толық бөлінбеген
PI-25- Еңбекақыға байланысты емес шығыстарды ішкі бақылаудың тиімділігі (M2)	A	
25.1 Міндеттерді бөлу	A	Автоматтандырылған қаржы жүйелері бастамашылық ету, бекіту, авторландыру және орындау кезеңдері арасында транзакция бойынша міндеттерді бөлуді қамтамасыз етеді
25.2 Шығыстар бойынша міндеттемелердің сақталуын бақылаудың тиімділігі	A	АТ-жүйесі, егер бюджеттік қамтамасыз ету анықталмаса және қаржыландыру резервке қойылмаса, тапсырыс орналастыру мүмкін еместігіне кепілдік береді
25.3 Төлем ережелері мен рәсімдерін сақтау	A	Ішкі аудиторлар сақтамау жағдайлары өте сирек екенін растайды.
PI-26 - Ішкі аудит тиімділігі (M1)	B+	
26.1 Ішкі аудиттің қамтуы	A	Ішкі аудит басқару процесіне көмекші ретінде 2017 жылдың басынан бастап барлық орталық билік органдарында жұмыс істейді

26.2 Қолданылатын аудит пен стандарттардың сипаты	B	Күш бұрынғыдай сәйкестікті тексеруге бағытталғанына қарамастан, аудиторлық тексерулер сонда да тиімділікті бағалайды
26.3 Ішкі аудиторлық тексерулер мен есептілікті іске асыру	A	Аудиттер 2017 жылғы жоспарға сәйкес толығымен аяқталған, сондай-ақ Есеп комитеті (ЕК) мен Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне (ИМАК) ҚР ҚМ шеңберінде ұсынылған есептер аяқталған
26.4 Ішкі аудиторлардың қорытындылары негізінде жасалатын іс-әрекеттер	Қатыссыз	Ішкі аудит бойынша жұмысқа жауап беру тәжірибесі әлі де жеткіліксіз (PEFA өлшемдеріне сәйкес болуы үшін соңғы үш жылдың растауы қажет)
PI-27 - Қаржылық деректердің тұтастығы (M2)	B+	
27.1 Банк шотын салыстыру	D	TSA күнделікті банктік салыстырып тексеруі жүргізіледі, бірақ орталық үкіметтің басқа шоттарына қатысты рәсімдер туралы ақпарат қол жетімді емес.
27.2 Транзиттік шоттар	A	Аралық шоттар үнемі тазартылады және қысқа мерзімде салыстырылады
27.3 Аванстық шоттар	A	Аванстар өте шектеулі, ал шоттар тез салыстырылады және тазартылады. Салыстыру кем дегенде ай сайын жүргізіледі.
27.4 Қаржылық деректердің тұтастығын қамтамасыз ету процестері	A	Процестер нақты аудиторлық іздермен тиімді, толымдылығы мен тұтастығын ҚР Ұлттық Банкі растады
PI-28 - Жыл ішінде ұсынылатын бюджеттің атқарылуы туралы есептердің сапасы мен уақыттылығы (M1)	A	
28.1 Есептерді қамту және салыстыру	A	Есептердің бастапқы бекітілген бюджет сияқты құрылымы (әкімшілік, функционалдық және бағдарламалық) бар
28.2 Жылдық бюджеттік есептілікті жасау мерзімдері	A	Ай сайынғы есептерді ҚР ҚМ кезең аяқталғаннан кейін екі аптадан кейін жариялайды
28.3 Жылдық бюджеттік есептіліктің дәлдігі	A	Есептер қазынашылықтың АТ-жүйесінен жасалады және міндеттемелерді, сондай-ақ төлемдерді қамтиды
PI-29 - Жылдық қаржылық есептердің сапасы мен уақыттылығы (m1)	C+	
29.1 Жылдық қаржылық есептіліктің толықтығы	C	Аудиторлық жұмыс пен Парламенттің басты назарында тұрған бюджеттің атқарылуы туралы есептер табыстарды, шығыстарды және мемлекеттік қарыздағы өзгерістерді ғана қамтиды.
29.2 Сыртқы аудит үшін есептерді ұсыну	A	Соңғы есеп аудит үшін есепті жыл аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде ұсынылған
29.3 Есеп стандарттары	C	Жыл сайын бюджеттің орындалуы туралы есептер талаптарға сәйкес келеді, бірақ IPSAS-ты сақтау үшін қажетті ақпарат ұсынылмайды.
PI-30 - Сыртқы аудиттің тиімділігі (M1)	D+	

30.1 Аудиттің қамтуы және стандарттары	В	Орталық билік органдарының көптеген шығыстары халықаралық стандарттарға сәйкес 2015-2017 жылдар ішінде тексерілді және бақылаудың жүйелі тәуекелдері мен бақылау тәуекелдері анықталды.
30.2 Аудиторлық есептерді заңнамалық органға ұсыну	А	Аудиторлық есептер мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есептерді алған сәттен бастап 2 ай ішінде ұсынылды.
30.3 Аудит ұсынымдары бойынша кейінгі шаралар қабылдау	А	Аудиттелетін ұйымдар ЕК ұсынымдары мен нұсқаулықтарына жауап беруі тиіс. 2017 жылы анықталған қаржылық қателер мен кемшіліктер сомасының үштен екісі қалпына келтірілді
30.4 Жоғары қаржы бақылау органдарының тәуелсіздігі (ЖҚБО)	Д	ЕК басшысын Президент қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. ЕК ресурстары өте шектеулі және Парламент емес, Үкіметпен анықталады.
PI-31- Заң шығарушы билік органының аудиторлардың қорытындыларын қарауы (M2)	В+	
31.1 Аудиторлық есепті тексеру мерзімдері	А	Жұмыс ЕК-нен есепті алған сәттен бастап 6 апта ішінде аяқталады.
31.2 Аудит нәтижелері бойынша тыңдаулар	С	ЕК министрліктердің қаржылық есептілігі бойынша қорытынды бермейді. Тыңдау Үкіметтің бюджеттің атқарылуы туралы, сондай-ақ Есеп комитетінің есептерін қамтиды.
31.3 Аудит бойынша заң билігінің ұсыныстары	А	ЕК есебі Парламенттің Үкіметке бюджеттің атқарылуы туралы есепке жауап - ұсынымдарын әзірлеу үшін негіз ретінде пайдаланылады
31.4 Аудиторлық есептерді заңнамалық бақылаудың ашықтығы	А	Бюджеттің атқарылуы жөніндегі парламенттік талқылаулар мен аудиторлық есептер жұртшылық үшін ашық, ал Үкімет үшін ұсынымдар Парламент сайтында жарияланады

1.В ҚОСЫМШАСЫ - 2009 ЖЫЛДАН БЕРІ ОРЫН АЛҒАН ОРЫНДАЛУДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (2005 ж. сыншарттар негізінде)

Бұрынғы PEFA бағалауы PEFA-ның 2005 жылдың маусымында іке қосылған түпнұсқалық PEFA бағалау әдіснамасы 2009 жылы жүргізілді. Сол кезден бастап, осы негізде қайта қараудың екі жиынтығы жасалды. 2011 жылы 28 донорлық емес орындалу көрсеткіштердің 3-іне (әсіресе, 2, 3 және 19-ға арналған) өзгерістер енгізілді. 2016 жылы Мемлекеттік қаржыны басқарудағы заманауи халықаралық тәжірибедегі өзгерістерді көрсету үшін құрылымды анағұрлым жан-жақты қайта қарау жасалған. Бұл PEFA бағалауын жүзеге асыру үшін пайдаланылған соңғы құрылым болып табылады.

PEFA бағалаудың негізгі мақсаттарының бірі – уақыт тұрғысынан қарағандағы орындалу барысын қадағалау. Осы себептен PEFA құрылымы алдыңғы бағалаудан бастап орын алған орындалудағы өзгерістер кестелерін келтіретін қосымшаларды жасауды талап етеді. Қазақстанға қатысты мұны жүзеге асыру үшін келесі сұрақты қою қажет: егер 2005 жылғы бағалау әдіснамасы әлі күнге дейін қолданылып келген болса, солар негізінде жасалған орындаушылық көрсеткіштердің бағаларымен салыстырғанда 2018 жылы орындаушылық көрсеткіштері қалай бағаланады. Бұл сұраққа жауаптар осы есептің 1.В қосымшасында 2018 жағдайларға 2005 жылғы көрсеткіштерді қолдану арқылы келтірген.

Орындаушылық көрсеткішінің нөмірі	Орындаушылық көрсеткішінің атауы	2005 жылғы әдіснама қолданылған жағдайдағы 2018 жылғы баға	2009 жылдың бағалауы	Түсіндіру
PI-1	Шығындар жиынтығының нәтижесі	B	B	Өзгертусіз. Нақты шығындар 3 жылдың 2 жылында бюджеттің 90% және 110% құрады.
PI-2	Шығындардың нақты нәтижесі	C	A	Шығындар құрылымында 2009 жылғы бағалаумен қамтылған кезеңге қарағанда айырмашылықтар едәуір көп
PI-3	Кірістер жиынтығының нәтижесі	A	A	Бюджет бойынша кіріс артықшылығының түрлі тәсілдеріне алып келген 2011 жылғы әдіснаманың едәуір толықтыруларындай айтарлықтай өзгерістер жоқ
PI-4	Шығындарды төлеу бойынша берешектер қоры және оларды бақылау	A	B+	Орындаушылықты жақсаруы

PI-4.1	Берешектер қоры	A	A	Орындаушылық өзгермеді
PI-4.2	Мерзімі өткен берешек сомасының мониторингі үшін деректердің қол жетімділігі	A	B	Орындаушылық өзгермеген. Берешектерді тоқсан сайын баяндап тұрудың уақыттық шектемесін қойғандықтан 2005 жылғы әдіснамадағы стандарттарға қарағанда 2009 жылғы әдіснама бұрыннан көп нақты стандарттар қойған.
PI-5	Бюджеттік сыныптама	D	B	2009 жылғы бағалау экономикалық сыныптау мәселесінің жоқ екендігін есепке алмағандықтан айтарлықтай өзгерістер жоқ. D бағасынан жоғары кез-келген баға Парламентке ұсынылған бюджетте экономикалық сыныптаудың болуын талап етеді.
PI-6	Бюджеттік құжаттамада қамтылған ақпараттың толықтығы	A	C	Орындаушылық айтарлықтай артқан, бұл бюджеттік құжаттамада қамтылған едәуір үлкен ақпаратпен расталған
PI-7	Есепке алынбаған мемлекеттік операциялардың көлемі	D+	A	2009 ж. талдаудың толық болмауы нәтижесінде өзгерістер елеусіз. 2009 әлеуметтік сақтандыру аз дамыған еді, сондай-ақ алдыңғы бағалау РМК және университеттерді есепке алмаған.
PI-7.1	Қаржылық есептілікте ескерілмеген шығыстар	D	A	Айтарлықтай өзгеріссіз, өйткені 2009 жылғы бағалау Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар, Қорлар, әлеуметтік сақтандыру және университеттерді қамтымаған. 2009 жылы бұлар ескерілген жағдайда баға сол қалпында D болуға тиіс.
PI-7.2	Қаржылық есептерге енгізілген донорлар қаржыландыратын	A	A	Өзгерістер жоқ

	жобалар бойынша кірістер / шығыстар туралы ақпарат			
PI-8	Үкіметаралық фискалдык қатынастардың ашықтығы	B	B	Жалпы өзгерістер жоқ
PI-8.1	Трансферттерді бөлу жүйесі	B	C	2009 жылмен салыстырғанда жалпы трансферттер үлесінің ұлғаюына қарай тиімділіктің артуы
PI-8.2	Трансферттер туралы ақпараттың уақыттылығы	C	C	Өзгерістер жоқ
PI-8.3	Шоғырландырылған қаржылық ақпаратты жинау көлемі	A	A	Өзгерістер жоқ (PI-10.2 (2016) қатысты мәтінді қараңыз)
PI-9	Басқа қоғамдық сектор субъектілерінен жиынтық салықтық тәуекелін қадағалау	C+	C	Орындаушылықтың жақсаруы
PI-9.1	Дербес мемлекеттік агенттіктер мен мемлекеттік кәсіпорындардың мониторингі	C	C	Өзгерістер жоқ
PI-9.2	ЖА органдар бюджеттік позициясының мониторингі	A	C	Бір жылғы және жыл сайын есеп берудің арқасында жетілуі арқасында орындаушылық артқан
PI-10	Қоғамның негізгі қаржылық ақпаратқа қол жетімділігі	B	C	Орындаушылықтың арттыру (6 элементтің 4-і 2018 жылы орындалды)
PI-11	Бір жылға арналған бюджетті дайындау үрдісін реттеу және оған қатысушылар шеңбері	B+	C+	Орындаушылықтың жақсаруы

PI-11.1	Белгіленген бюджеттік күнтізбенің болуы және сақталуы	C	B	2009 жылы бағалау C болуы керек болғандықтан нақты өзгерістер жоқ (толық бағалауды аяқтау үшін МДА үшін 4 аптадан аз)
PI-11.2	Бюджетті дайындау шараларына басшылық болуға саяси қатысу және ашықтық	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-11.3	Бюджетті заңнамалық биліктің уақтылы мақұлдауы	A	D	Бюджет ағындағы жылдың аяғына дейін тұрақты жақсарып отырғандықтан орындаушылық артқан.
PI-12	Қаржылық жоспарлаудағы, шығыстар саясатындағы және бюджеттік қызметтегі көпжылдық келешек	B+	C	Орындаушылықтың жақсаруы
PI-12.1	Көпжылдық фискалдық болжамдар мен функционалдық бөліністерді ұсыну	D	C	Экономикалық сыныптаудың болмауы 2009 жылы да орын алғандықтан, нақты өзгеріс жоқ. Сондықтан баға D болған.
PI-12.2	Борыш тұрақтылығын талдау көлемі мен жиілігі	A	A	Өзгеріссіз. Қарыз секторының тұрақтылығын талдау (DSA) ХВҚ IV бабына сәйкес кеңес беру үшін персоналдың баяндамасына сәйкес жыл сайын жүргізілген
PI-12.3	Бағаланатын секторлық стратегиялардың болуы	A	D	Орындаушылықтың жақсаруы. Бағаланатын секторлар стратегиясын кеңнен қамтуға қатысты.
PI-12.4	Инвестициялық бюджеттер мен болжамды шығындар арасындағы байланыс	A	D	Орындаушылықтың жақсаруы. Даму және қайталанба болжамдар арасындағы байланыстың артуына байланысты.

PI-13	Салық төлеушінің жалпы және қаржылық міндеттемелерінің ашықтығы	B+	B+	Өзгерістер жоқ
PI-13.1	Салық міндеттемелерінің айқындығы мен кешенділігі	B	B	Өзгерістер жоқ
PI-13.2	Салық төлеушінің ақпаратқа қол жетімділігі	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-13.3	Салық апелляцияларының механизмі	B	B	Өзгерістер жоқ
PI-14	Салық төлеушіні тіркеу және бағалау жөніндегі өлшемдердің тиімділігі	A	B+	Орындаушылықтың жақсаруы.
PI-14.1	Салық төлеушіні тіркеу жүйесінде бақылау	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-14.2	Сәйкессіздігі үшін айыппұлдардың тиімділігі	B	B	Өзгерістер жоқ
PI-14.3	Салық аудиті және алаяқтықты тергеу бағдарламаларын жоспарлау және мониторингілеу	A	B	Аудитті жоспарлау орындаушылығы артқан
PI-15	Салық төлемдерін жинаудағы тиімділік	B+	A	Жалпы алғанда өзгерістер жоқ
PI-15.1	Мерзімі өткен салықтар үшін алым коэффициенті	B	A	2009 жылғы бағалау берешектерді алу дәрежесін қамтымағандықтан нақты өзгерістер болған болмағаны анық емес. Сондықтан баға дәрежесі зерттелмеген деп жазылу керек.
PI-15.2	Салық алымдарын Қазынашылыққа аудару тиімділігі	A	A	Өзгерістер жоқ

PI-15.3	Шоттарды толық сәйкестілік жиілігі	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-16	Шығындар бойынша міндеттемелерді қабылдау үшін қаражаттың болуын болжау	A	C+	Орындаушылықтың жақсаруы
PI-16.1	Ақша ағындары қаншалықты жақсы болжанады және бақыланады	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-16.2	Министрліктер, департаменттер мен агенттіктер үшін жыл ішіндегі шығыстар бойынша "ең жоғарғы шектер" бойынша мерзімді ақпараттың сенімділігі мен шегі	A	C	Көрсеткіштің жақсаруы, себебі министрліктер, департаменттер мен агенттіктер бюджеттік қаржының қол жетімділігі мен уақыттылығына көбірек сүйенуі мүмкін
PI-16.3	Бюджет қаражатын түзетудің жиілігі мен ашықтығы	A	B	Сақталатын нақты ережелерге сәйкес түзетулерді реттеу есебінен көрсеткішті жақсарту.
PI-17	Қолма-қол ақшалар, берешекті және кепілдіктерді есепке алу және оларды баяндау	A	B+	Орындаушылықтың жақсаруы
PI-17.1	Борыштар туралы деректерді тіркеу және есептілік сапасы	A	C	Орындаушылықтың жақсаруы (бірақ 2009 жылғы көрсеткіш мұнда қарастырылмайтын жеке сектордың сыртқы қарыздарына қатысты күмән келтірді)
PI-17.2	Мемлекеттік қолма-қол ақша баланстарды шоғырландыру дәрежесі	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-17.3	Қарыз беру шарттар жасасу және кепілдіктер беру жүйелері	A	A	Өзгерістер жоқ

PI-18	Жалақы қорын бақылаудың тиімділігі	C+	B+	Орындалу сапасының төмендеуі, бұл жалақының мақсаты аудитінің болмауын көрсетеді
PI-18.1	Қызметкерлердің жеке жазбалары мен жалақы туралы деректер арасындағы интеграция және сәйкестік дәрежесі	A	B	Автоматтандырылған жүйелер арқылы орындаушылықтың жақсарту
PI-18.2	Қызметкерлердің жеке жазбаларындағы және төлем ведомостарындағы өзгерістердің уақыттылығы	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-18.3	Қызметкерлердің жеке жазбаларындағы және төлем ведомостарындағы өзгерістерді ішкі бақылау	A	B	Орындаушылықтың жақсаруы
PI-18.4	Жалақы аудитінің болуы	C	B	Орындау сапасының нашарлауы, өйткені аудиттер жалақының ерекшелігіне аз көңіл бөлген
PI-19	Конкурстар, ақшаның құндылығы және сатып алудағы бақылау	C+	C	Атап айтатындай өзгерістер жоқ
PI-19.1	Сатып алудың бәсекеге қабілетті әдістерін қолдану	D	C	2009 жылы өлшемдер бағаланбау керек деген нақты ақпараттар болмағандықтан анық өзгерістер жоқ
PI-19.2	Бәсекеге қабілеті әлсіздеу сатып алу әдістерін пайдаланудың негізі	B	B	Өзгерістер жоқ
PI-19.3	Сатып алуды жүзеге асыруға шағымдар механизмі	B	D	Нақты өзгерістер жоқ, себебі үрдісте әлі де шынайы тәуелсіздік жеткіліксіз
PI-20	Ішкі бақылаудың тиімділігі	A	C+	Орындаушылықтың жақсаруы

PI-20.1	Шығыстардың сақталуын бақылаудың тиімділігі	A	B	Қазынашылықтың автоматтандырылған жүйесінде сапалы бақылау есебінен көрсеткішті жақсарту
PI-20.2	Басқа ішкі рәсімдердің кешенділігі, қатыстылығы және ұғымдылығы	A	C	Орындаушылық жақсарды, өйткені жүйелік сапа және ұғымдылық деңгейлер өскен.
PI-20.3	Ережелерге сәйкестік дәрежесі	A	C	Қатаң жүйелік басқару құралдарының арқасында көрсеткішті жақсарту
PI-21	Ішкі аудиттің тиімділігі	B+	C	Көрсеткіштің жақсаруы
PI-21.1	Ішкі аудит функциясының қамтылуы және сапасы	B	C	Көрсеткіштің жақсаруы, өйткені ішкі аудит қазір кеңінен қолданылады
PI-21.2	Есептердің жиілігі және таратылуы	A	C	Көрсеткіштің жақсаруы, өйткені есептер үнемі жарияланады және қол жетімді
PI-21.3	Басшылықтың ішкі аудит нәтижелеріне жауаптарының толықтығы	Мәлімет жоқ	C	Шынайы ішкі аудиттің әсері туралы айту әзірше ерте.
PI-22	Шоттарды сәйкестендіру	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-22.1	Банктік сәйкестендіру	A	A	Өзгерістер жоқ
PI-22.2	аралық шоттар және қарыздарды сәйкестендірушілік және клиринг	A	A	Өзгерістер жоқ
